



ГҮЛБАҒИЗА МҰСАЕВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ

Базалық деңгей

1-кітап





УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз
М 85

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылды*

Пікір жазғандар:

Ж.Ә. Нұршайықова – филология ғылымдарының докторы, профессор

О.С. Жұбаева – филология ғылымдарының докторы

М 85 Мұсаева Г.

Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап.– Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015 – 242 бет.

ISBN: 978-601-7504-17-5

Оқу құралы тіл үйренушінің тілдік қарым-қатынас құзыретін қалыптастыруға арналған. Мұнда сөйлеу тілінің бүкіл аспектісі тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бір-бірімен байланыста өрбіп, тіл үйренушінің коммуникативтік талаптарына сай құрастырылған.

Оқу құралы қазақ тілінде еркін сөйлеп үйренемін деуші барлық азаматтардың базалық білімін қалыптастыра алады.

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз

ISBN: 978-601-7504-17-5

© Мұсаева Г., 2015
© Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015



АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқулық қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде меңгерудің базалық – А1, А2 деңгейіне және В1 деңгейінің бастапқы кезеңіне арналып жазылған. Оқулықтың мақсаты – тіл меңгерушінің қазақ тілінде тілдік қарым-қатынас құзыретін қалыптастыру.

Аталмыш еңбек күнделікті тілдік қарым-қатынастың практикалық мақсатын жүзеге асыруға қажетті сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрін дамытуға бағытталып, аталған деңгейлердің негізгі лексика-грамматикалық тақырыптарын қамтиды.

Тіл үйренушінің қарым-қатынастық қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында оқулық арнайы лексикалық блоктарға, әлеуметтік тақырыптарға, коммуникативтік ниеттерге (интенцияларға) бөлініп берілген. Әр сабақ белгілі-бір коммуникативтік міндетті шешуге бағытталып, оны жүзеге асыруға қажетті грамматикалық, лексикалық материал барынша жеңілдетіліп, қарапайымнан күрделіге ұстанымы бойынша ұсынылады. Берілген лексика мен грамматикалық материал сол сабақтың коммуникативтік міндетін, сөйлесу жағдаяттарын орындауға арналып, сұрыпталып берілген. Бұл тіл үйренушінің материалдарды жеңіл түсінуіне, оның тіл оқуға деген қызығушылығын арттыруға оң ықпал етеді. Бұл оқулықта грамматикалық материалдардың берілуі ықшамдалып, арнайы алгоритмделген формамен ұсынылады. Бұл әдіс тіл үйренушілердің жалғамалы қазақ тілінің аффикстерінің жүйесіне, сөйлем құрылысына жеңіл, әрі тезірек жаттығуына жағдай жасайды.

Оқулық екі кітаптан тұрады. Бірінші кітап 17 сабаққа топтастырылған. Әр сабақта негізгі лексикалық тақырыптың аясында бірнеше коммуникативтік міндеттер шешіледі. Тіл үйренуші әр қарым-қатынастық ниетті орындауға жүйелі түрде ұсынылған түрлі жаттығулармен жаттыға алады. Бұл жаттығулар тіл меңгерушінің тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

Алғашқы сабақтан бастап берілген тілдік материалдар арқылы тыңдалымға қарқынды түрде машықтандыру жүзеге асырылады. Ал оқылым мен жазылым дағдысын тіл меңгеруші сабақтың өн бойында берілген түрлі жаттығулардың көмегімен қалыптастыра алады.

Сөйлесімді жетілдіру үшін тіл үйренушілерге жаңа сабақты бекіткеннен кейін, өз ойын еркін айтқызуға бағытталған жағдаяттық тапсырмалар берілген. Сондай-ақ оқылым дағдысын толық меңгерту үшін әр сабақтың соңында «Оқыңыз, қызық! Қазақ елі қандай ел?» атты айдармен сөздіктің көмегімен өз бетімен оқу үшін мәтіндер берілген. Бұл мәтіндердің мақсаты – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен танысу және тақырып аясында сөздік қорын көбейту.

Әр сабақта жаңа сөздер тізімі беріліп, кітап соңында жалпы сөздік жинақталған. Базалық білімнің сөздік қоры 1200-1300 сөз бен сөз тіркесін құрайды.

Ұсынылып отырған оқу құралы қазақ тілінде қарым-қатынас жасауды үйренемін деуші барлық азаматтарға арналып жазылған.

Іске сәт!

Автор.

Оқу құралында қолданылған қысқартулар:

N – сөйлемнің субъектісі.

n – зат есім.

V – сөйлемнің предикаты. Етістік.

A – сөйлемнің анықтауышы.

Adv. – сөйлемнің пысықтауышы. Үстеу.

Adj. – сын есім.

poss.end. – тәуелдік жалғау.

pers.end. – жіктік жалғау.

pl.end. – көптік жалғау.

A₂ (O₂) – ілік септік.

O₃ – барыс септік.

O₄ – табыс септік.

O₅ – жатыс септік.

O₆ – шығыс септік.

O₇ – көмектес септік.

ОҚУЛЫҚТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК КАРТАСЫ

№	БЛОК	САБАҚ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫП	ИНТЕНЦИЯ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫ	ГРАММАТИКА	ЕЛТАНУ (өз бетімен оқу)
1	ТАНЫСУ	1-САБАҚ АМАНДАСУ. ТАНЫСУ.	- Амандасу. - Қоштасу. - Аты-жөні туралы айту/сұрау? - Ризашылық білдіру. - Ризашылыққа жауап қайтара білу.	- Алфавит. Дыбыстар және оның жүйеленуі. - Тәуелдік форма I, II жақ – тек диалог ішінде. - Зат есім жалпы/жалқы есімдер.	
		2-САБАҚ БҰЛ КІМ/НЕ?	- Зат немесе нәрсе туралы мәлімет сұрау/айту? (Бұл кім/не?). - Зат немесе нәрсенің сын-сипатын, сапасын айту/сұрау. (Кім/не қандай?). - Алғыс айту. - Алғысқа жауап беру. - Кешірім сұрау, оған жауап беру	- Зат есімнің көптік жалғауы. - Сұраулық шылау: ма/ме/ба/бе/па/пе. - Сын есім: сапалық/қатыстық. - Күшейтпелі шырай: өте. - Жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік есімдіктері.	
		3-САБАҚ ОТБАСЫМЕН ТАНЫСУ.	- Меншік иесін, нәрсенің, заттың кімге/неге тәуелді екенін сұрап білу/айту. - Бірін-бірі таныстыру. - Отбасы мүшелері. - Отбасы туралы мәлімет айту/сұрау. (Үлкен/кішкентай, Кім қандай адам?).	- Тәуелдік жалғау: оңаша, ортақ тәуелдеу. - Ілік септік формасы. - Меншік формасы: -нікі/-дікі/-тікі.	Алматы қаласы. Суреттермен берілген.
		4-САБАҚ ОТБАСЫ.	1-10-ға дейінгі сандарды қолдана алу. - Кімде не бар/жоқ/аз/көп екенін айту/сұрау. - Зат немесе нәрсенің мөлшерін, санын айту. - Қайда не/кім бар/жоқ екенін сұрау және айту.	- Сан есім: есептік 1-10 - Жатыс септік формасы: <i>кімде/қайда не/кім бар/жоқ.</i> - Бар/жоқ/аз/көп сөздерінің қолданылуы. - Көмекші есімдер: алд/арт/іш/сырт/т.б.	Алматы қаласы. Мәтін.
		5-САБАҚ КІМ НЕШЕДЕ?	10-100-ге дейінгі сандарды қолдана алу. - Адамның жас мөлшерін сұрау/айту. - Телефон, үй, пәтер нөмірін сұрау/айту.	- Жатыс септік: <i>кім нешеде?</i> - Жіктік жалғау. жеке-ше/көпше түрі. - Есептік сан есім 10-1000	Медеу мұз айдыны.

		6-САБАҚ КІМ ҚАЙ- ДАН?	• Кім қайдан, қай қаладан екенін сұрау/айту? • Өз елін, қаласын сипаттай алу. • Қай ұлт өкілі екенін сұрау/айту	• Шығыс септік: <i>қайдан? қай жерден?</i> • Жіктік жалғау: (толық). • Сапалық және қатыстық сын есімдер.	Астана қаласы.
		7-САБАҚ МАМАН- ДЫҚ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТ.	• Мамандық атауларын білу. • Қай мамандық иесі екенін сұрау/айту. • Оқу, тұру, жұмыс істеу орындарын сұрау/айту. • Мекенжайды сұрау/айту. • Ненің қайда орналасқанын сұрау/айту.	• Сөз тудырушы -шы/-ші, -гер/-кер жұрнақтары. • Етістік: қимыл атау • Жатыс септік: <i>кім қайда не істейді? Кім қайда кім болып істейді?</i> • Ауыспалы осы шақ: болымды/болымсыз түрі. • Реттік сан есім.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
2	БІЗДІҢ ӨМІ- РІМІЗ	8-САБАҚ ҚАЖЕТ- ТІЛІК ПЕН ІС-ӘРЕ- КЕТТІҢ БАҒЫТЫ.	• Азық-түлік, киім-кешек атауларын білу. • Заттың және нәрсенің қажеттілігін сұрап білу/айту. <i>Кімге не/кім керек? Не үшін керек?</i> • Іс-әрекеттің бағытын/мақсатын сұрау/айту. <i>Кім қайда бара жатыр? Кім қайда не үшін бара жатыр?</i> • Кеңседе кіммен қалай кездесеміз/сөйлесеміз. • Деканатта қалай сөйлесеміз. • Сауданы қалай жасаймыз: азық-түлік дүкенінде, киім дүкенінде. - о заттың бағасын сұрай білу және айту; - о заттың қай жердікі екенін сұрау/айту; - о азық-түлік, киім-кешек атауларын білу.	• Барыс септік формасы: <i>кімге/неге кім /не керек? Кім қайда неге/не үшін бара жатыр? Неге/не үшін бара жатыр?</i> • Модаль сөздер: керек, қажет. • Етістіктің осы шағы: бара/келе/жатыр: болымды/болымсыз түрі.	Көк базар.

		9-САБАҚ УАҚЫТ ПЕН ІС-ӘРЕКЕТ.	• Уақытқа қатысты мезгіл, ай, апта, дәл уақыт атауларын білу. • Жыл мезгілдері, ай, күн атауларын сұрау/айту. • Айдың нешесі, қай жыл екенін сұрау/айту. • Дәл уақытты (сағатты) сұрау/айту. • Туған жыл, ай күні туралы сұрау/айту. • Сабақ кестесін сұрау/айту. • Іс-әрекеттің дәл қашан болғанын, болатынын сұрау/айту. • Күн тәртібі, бір күнгі әрекет туралы сұрау/айту.	• Реттік сан есім. • Жатыс септік: <i>қашан? қай айда? қай күні?</i> • Шығыс, барыс септік формасы: <i>нешеден неше минут кетті, нешеге неше минут қалды?</i> • Дейін/кейін септеулік шылаулары. • Көмектес септік: <i>немен жүру/бару.</i>	Қазақша жыл санау.
		10-САБАҚ ДЕНСАУ- ЛЫҚ, АУА РАЙЫ.	• Болып жатқан/ болатын іс-әрекет туралы сұрау/айту. • Денсаулығы жөнінде сұрау/айту. • Адамның дене мүшелері мен ағза атауларын білу. • Денсаулық туралы мәлімет сұрау/айту. <i>Кімнің қай жері ауырады/ ауырмайды;</i> • Дәрігерді/жедел жәрдемді үйге шақыра алу. • Дәрігермен сөйлесе алу. • Дәріханада дәрі сатып алу. • Қал-жағдай сұрау/айту. • Қайда кіммен, немен бару туралы сұрау/айту. • Көлік атауларын білу. • Ауа райын сипаттау. • Ауа райы туралы сұрау/айту.	• Етістіктің нақ осы шағы: болымды/болымсыз түрі. • Үстеу: мезгіл, қимыл-сын үстеу. • Көмектес септік формасы: <i>кіммен қайда бару/келу? немен бару/келу?</i>	Қазақстанның әсем табиғаты.

		11-САБАҚ КЕШЕ КІМ НЕ ІСТЕДІ? ЕРТЕҢ НЕ ІСТЕЙДІ?	• Болған/болатын іс-әрекет туралы сұрау/айту. • Өткен және болашақ уақыт атауларын білу. • Кімнің кеше не істегенін сұрау/айту. • Кімнің ертең не істейтінін сұрау/айту.	• Етістіктің өткен шақ -ды/-ді формасы. Болымды/болымсыз түрі. • Етістіктің келер шақ -а/-е/-й формасы. Болымды/болымсыз түрі. • Мезгіл үстеулер. • Дейін, кейін шылаулары. • Жатыс септігі: <i>ет. + -ған/-ген + -да/-де.</i>	Алтын адам.
		12-САБАҚ ПОРТРЕТ ПЕН МІ- НЕЗ.	• Іс-әрекеттің объектісі (кімді/ нені) туралы сұрау/айту. • Адамның портреті мен мінезі туралы әңгімелесу. • Адамның түр-әлпетін сипаттау. • Мінез-құлықты сипаттау. • Өзінің немесе басқа адамның өмірі туралы толық мәлімет сұрау/беру.	• Табыс септік формасы. • Сапалық және қатыстық сын есімдер. • Сын есім шырайлары: <i>салыстырмалы, күшейтпелі шырай.</i> • Үстеу: қимыл-сын үстеу.	Қазақ театры.
		13-САБАҚ КҮНДЕЛІК- ТІ ТҰР- МЫС.	• Рұқсат сұрау/рұқсат беру. • Не істеуге болады/болмайды сұрау/айту. • Бір нәрсе істеуге келісім беру/бас тарту. • Әлеуметтік жағдаяттар: ✓ деканатта; ✓ телефонмен сөйлесу; ✓ дүкенде; ✓ көшеде; ✓ таксиде; ✓ банкте. • Кеңседе хатшымен, бастықпен сөйлесу; • Дүкенде сауда жасау: өлшемі, бағасы, түсі, түрі, сапасы т.б. туралы сұрау/айту. • Қалада қалай жүреміз (көшедегі бағыт-бағдар)? • Қайда қалай /немен барамыз? • Қала көлігінде қалай жүреміз? • Таксиді тоқтату, дұрыс мекенжай айту, сұрау. • Банкте: ақшаны қалай аударамыз/аламыз? • Ақшаны қалай айыр-бастаймыз?	• Бұйрық рай формасы: жекеше, көпше түрі. • Болу етістігі: <i>рұқсат сұрау мағынасында. Кіруге бола ма?</i> • Мекен үстеулер. • <i>Қарай, таман, дейін, шейін</i> шылаулары. • Барыс септік: <i>ет. + у + -ға/-ге бола ма?</i> • Шартты рай формасы.	Ұлттық кітапхана.


		14-САБАҚ САЯХАТ ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ.	• Өзінің қалауы туралы айту/білу. • Кімнің не істегісі келетіні туралы сұрау/айту. • Қайда саяхат жасағысы келетіні, оның себебін түсіндіру. • Саяхатқа қатысты мәлімет анықтай білу. • Жасалған саяхаттары туралы баяндай білу.	• Етістіктің қалау райы. • Жалғаулықты шылаулар: <i>себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті.</i> • Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем. • Есімше -ған/-ген/-қан/-кен.	Түркістан: Ахмет Иасауи.
		15-САБАҚ БОС УАҚЫТ.	• Кімнің не істей алатыны/алмайтыны туралы әңгімелесу. • Кім қай тілде сөйлей алатыны туралы сұрау/айту. • Демалыс орындары туралы әңгімелесу. • Бос уақыты туралы әңгімелесу. • Сүйікті ісі туралы әңгімелесу. • Берілген мәліметті басқа адамға айта алу.	• Ет+-а/-е/-й алу. • Етістіктің шартты рай формасы. • Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.	Бурабай.
		16-САБАҚ АСЫҢЫЗ ДӘМДІ БОЛСЫН!	• Ас үйге қажетті заттарды атай және сұрай білу. • Ыдыс-аяқ атауларын білу және айту. • Тағам, сусын атауларын атай білу/сұрау. • Қазақтың ұлттық тағамдарын білу. • Тамақ жасауға қажетті заттарды айта білу және сұрау. • Дәмді тамақ қалай дайындаймыз. • Қазақша ет асуды үйрену. • Кафеде, мейрамханада тамаққа тапсырыс беру. • Кафе/мейрамхананы қалай таңдаймыз; (ол қайда орналасқан, қалай бару керек)	• Қимыл-сын үстеу: <i>нені қалай істеу? Нені қалай турау/кесу/жасау?</i> • Етістіктен үстеу тұдыратын жұрнақтар. • Бұйрық рай формасы. • Шығыс септік формасы: <i>нені неден жасау? не неден жасалады?</i>	Қымыз туралы.

		17-САБАҚ МЕРЕКЕ- ЛЕР. НАУ- РЫЗ.	• Хабарды үшінші адамға жеткізе алу. • Болашақтағы іс-әрекеттің мақсаты туралы айту/сұрау. • Мерекелер туралы әңгімелесу. • Ұлттық мейрамдар: Наурыз. • Ұлттық ойын атауларын білу. • Мерекемен құттықтай білу. • Түрлі қуанышты жағдаяттарға байланысты – мерекеге, туған күнге, мерейтойға, үйленуге арналған тілектерді айта білу. • Қуанышты білдіру. • Жабырқауды білдіру.	• Өткен шақтың көсемше формасы -ып/-іп/-п + жік.ж. • Мақсатты келер шақ -мақ/-мек. • Ырықсыз етіс формасы.	Наурыз мерекесі. Бата - тілектер.
--	--	--	---	--	--

ФОНЕТИКА

1. ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ

	БАСПА ӘРІП	ЖАЗЫЛУЫ	МЫСАЛЫ
1.	А а	<i>А а</i>	алма, жас
2.	Ә ә	<i>Ә ә</i>	ән, және
3.	Б б	<i>Б б</i>	бас, сәби
4.	В в	<i>В в</i>	виза, автор
5.	Г г	<i>Г г</i>	гүл, дәрігер
6.	Ғ ғ	<i>Ғ ғ</i>	ғылым, аға
7.	Д д	<i>Д д</i>	дос, еден
8.	Е е	<i>Е е</i>	екі, береке
9.	Ё ё	<i>Ё ё</i>	актер, шахтер
10.	Ж ж	<i>Ж ж</i>	әже, ажар
11.	З з	<i>З з</i>	зат, сезім
12.	И и	<i>И и</i>	ми, иық, ки, иіс
13.	Й й	<i>Й й</i>	ай, қаймақ
14.	К к	<i>К к</i>	кітап, керек, үкі
15.	Қ қ	<i>Қ қ</i>	қар, бакыт
16.	Л л	<i>Л л</i>	лақ, ел, бала
17.	М м	<i>М м</i>	мен, тамыз, сенім
18.	Н н	<i>Н н</i>	нан, отан, өнім
19.	Ң ң	<i>Ң ң</i>	оң, жаңа, тең
20.	О о	<i>О о</i>	ой, бос,
21.	Ө ө	<i>Ө ө</i>	өз, көз, өмір
22.	П п	<i>П п</i>	әпке, пәтер, жауап
23.	Р р	<i>Р р</i>	ракмет, терезе
24.	С с	<i>С с</i>	сәлем, тас
25.	Т т	<i>Т т</i>	тау, үтік, хат
26.	У у	<i>У у</i>	тау болу, басу, өсу, ету
27.	Ұ ұ	<i>Ұ ұ</i>	ұлт, бұлт
28.	Ү ү	<i>Ү ү</i>	үміт, жүз,
29.	Ф ф	<i>Ф ф</i>	фабрика
30.	Х х	<i>Х х</i>	хабар, рахат
31.	Һ һ	<i>Һ һ</i>	ғауһар
32.	Ц ц	<i>Ц ц</i>	цемент
33.	Ч ч	<i>Ч ч</i>	Чад, чек
34.	Ш ш	<i>Ш ш</i>	шаш, шешім
35.	Щ щ	<i>Щ щ</i>	ащы
36.	ь	<i>ь</i>	
37.	Ы ы	<i>Ы ы</i>	ыстық, қозы
38.	І і	<i>І і</i>	іні, бесік
39.	ъ	<i>ъ</i>	
40.	Э э	<i>Э э</i>	экономика
41.	Ю ю	<i>Ю ю</i>	аю, кию
42.	Я я	<i>Я я</i>	яғни, ұят



1. Оқыңыз.

• Дауысты дыбыстар

1) А – Ә О – Ө Ұ – Ү Ы – І

2)

А-Ә
ал – әл
сат – сәт
ар – әр

О-Ө
от – өт
қол – көл
бол – бөл

Ұ-Ү
ұр – үр
тұр – түр
құт – күт

Ы-І
ыс – іс
қыр – кір
тыс – тіс

О [o]

– от, ол, отан, орман, бор, бос, тос, қос, осы

Е [ie]

– ел, ес, ет, ер, ем, еш, ек, еп, емен

Е [e]

– кел, кет, бек, бел, бер, сел

– кері, сері, тері
– сөре, төре, бөле, әже, әке, терек, керек

И [ий] – ми, қи, жи, жина, жиын, сақина, Нағима, қиын

[ій] – би, ки, ти, ине, тиме, биле, тие, бие, кие, киін, тиін

У [ұу] – ту, ку, су, жу, бу, шу, ну, оқу, тоқу, соғу, табу, айту, жазу, жабу

[үу] – өру, көру, беру, келу, егу, есу, бөлу, іру, кіру, ілу

• Дауыссыз дыбыстар

Қ [q] және Ғ [gh]

– қақ, қас, қон, қонақ, құт, құн, құм, қыр, қырық, қызық, қиын, ақын, бақыт
– ғалым, ғылым, ғарыш, аға, баға, жаға, ұғым, ғұмыр, тағы

К [k] және Г [g]

– көл, көп, көр, көмек, көрме, күн, күт, керек, әке, екі, күлкі, түлкі, ешкі, екі
– гүл, гауһар, газ, газет, күлгін, егін, шегін, тегін, сегіз, егу, егемен

Ң [ng] және Һ [h]

– жаңа, аңыз, қантар, жеңге, теңге, шаң, аң, тең, ең
– жиһаз, қаһар, гауһар, аһа, еһ, уһ

2. Жазыңыз.

Аа - Әә, Оо - Өө, Ұұ - Үү, Ыы - Іі;

Мм, Нн, ң, Лл, Рр, Йй, Уу;


Бб, Вв, Гг, Ғғ, Дд, Жж, Зз;

Пп, Фф, Кк, Ққ, Тт, Шш, Сс, Чч, Щщ, Цц, Хх, Һ

3. Жіңішке дауысты дыбыстарды жазыңыз.



4. Сөздерді жуан, жіңішке дыбыстарға орай жұптастырыңыз.



5. Сөздерді жазыңыз.

сәлем	көп	қыз	бұл	үлкен

бір	ертең	қағаз	жиһаз	жақсы

Әйгерім	Өркен	Інжу	Ұлан	Үміт

Қайрат	Ғабит	Таңат	Ғауһар

6. Сөздерді жуан, жіңішке дауысты дыбыстарға орай жіктеп жазыңыз.

Адам, ата, әже, апа, ана, бала, әке, шеше, аға, әпке, қыз, жігіт, ұл, әйел, күйеу, іні, сіңлі, мен, сен, сіз, ол, студент, мұғалім, дәрігер, бастық, ел, қала, бөлме, дәрісхана, терезе, есік, шам, үстел, орындық, тақта, бор, қалам, қарындаш, өшіргіш, дәптер, қағаз, кітап, оқулық, сөмке, сөздік, қабырға, сабақ.

1) Адам, ... _____

2) Әже, ... _____



1-САБАҚ АМАНДАСУ. ТАНЫСУ.



Тыңдау және айту

АМАНДАСУ

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Сәлем!
Сәлеметсің бе?
Сәлеметсіңдер ме?

Сәлеметсіз бе?
Сәлеметсіздер ме?

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Айтыңыз.

– Сәлем, Айжан!
– Сәлем, Райхан!

– Сәлеметсіз бе, Ажар апай?
– Сәлеметсіңдер ме, балалар?

– Сәлеметсіз бе, Гауһар?
– Сәлеметсіз бе, Арман?

– Сәлеметсіз бе, мұғалім?
– Сәлеметсіздер ме?

ҚОШТАСУ

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Сау бол!
Сау болыңдар!

Сау болыңыз!
Сау болыңыздар!

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Айтыңыз.

– Сау бол!
– Сау бол!

– Сау болыңыз!
– Сау болыңыз!

– Сау бол!
– Сау болыңдар!

– Сау болыңыз!
– Сау болыңыздар!

– Сау бол, Қанат!
– Сау бол, Айша!

– Сау болыңыз, мұғалім!
– Сау болыңдар, балалар!

3. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Айтыңыз.

- Сәлем, Айгүл!
- Сәлеметсің бе, Қайрат?
- Сау бол, Айгүл!
- Сау бол!

- Сәлеметсіз бе, Мұхтар ағай?
- Сәлеметсің бе, Айдын?
- Сау болыңыз, ағай!
- Сау болыңыз, Айдын!

– Сәлем!

– Сәлеметсің бе?



– Сәлеметсіз бе?
– Сәлеметсіз бе?

– Сау болыңыз!
– Сау болыңыз!



– Сәлеметсіз бе, ағай!
– Сәлеметсіңдер ме, балалар?

– Сау болыңыз, ағай!
– Сау болыңдар, балалар!

– Сәлеметсіздер ме?
– Сәлеметсіз бе?

– Сау болыңыздар!
– Сау болыңыз!



ТАНЫСУ


1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Танысайық!
 Менің атым
 Сенің атың кім?
 Сіздің атыңыз кім?
 Мен қуаныштымын!
 Мен танысқанымға қуаныштымын!
 Мен де қуаныштымын!

- 1)
 – Танысайық, менің атым – Әділ. Сіздің атыңыз кім?
 – Менің атым – Сәуле.
 – Мен танысқанымға қуаныштымын!
 – Мен де қуаныштымын!

- 2)
 – Танысайық. Менің атым – Алмас. Сенің атың кім?
 – Менің атым – Құралай.
 – Танысқанымға қуаныштымын!
 – Мен де қуаныштымын!

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.



- Сенің атың кім?
 – Менің атым – Маржан. Сенің атың кім?
 – Менің атым – Мәдина.
 – Мен қуаныштымын!
 – Мен де!



- Сәлем!
 Танысайық!
 Менің атым – Еркін.
 Сіздің атыңыз кім?
 – ...
 – Мен қуаныштымын!
 – ...

3. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

А)

- Сәлем!
- Сәлеметсің бе?
- Танысайық!
- Танысайық!
- Менің атым – Санат. Сенің атың кім?
- Менің атым – Ораз.
- Мен танысқанымға қуаныштымын!
- Мен де қуаныштымын!
- Сау бол!
- Сау бол!

Ә)

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Танысайық!
- Танысайық!
- Менің атым – Айнаш. Сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Майра.
- Мен танысқанымға қуаныштымын!
- Мен де қуаныштымын!
- Сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

4. Диалогты толықтырыңыз.

1)

- | | | |
|------------|------------------|------------------|
| – Сәлем! | – Сәлеметсің бе? | – Сәлеметсіз бе? |
| – ... | – ... | – ... |
| – Сау бол! | – Сау бол! | – Сау болыңыз! |
| – ... | – ... | – ... |

2)

- | | | |
|----------------|-----------------|----------------|
| – Қайырлы күн! | – Қайырлы таң! | – Қайырлы кеш! |
| – ... | – ... | – ... |
| – Қош бол! | – Қош, сау бол! | – Қош болыңыз! |
| – ... | – ... | – ... |

3)

- | | |
|------------------------------------|-------------------------------------|
| – Танысайық! | – Танысайық! |
| – ... | – ... |
| – Менің атым – Айман. Сіздің ... ? | – Менің атым – Бекзада. Сенің ... ? |
| – ... | – ... |
| – Мен қуаныштымын. | – Мен қуаныштымын. |
| – ... | – ... |

5. Диалогты бастаңыз, аяқтаңыз.

– ...
 – ...
 – Танысайық.
 – Танысайық.
 – Менің атым – Ершуақ. Сенің атың кім?
 – Менің атым – Дана.
 – Өте жақсы, мен қуаныштымын.
 – Мен де қуаныштымын.
 – ...
 – ...

– ...
 – ...
 – Танысайық. Менің атым – Гүлнұр. Сіздің атыңыз кім?
 – Менің атым – Бекбол.
 – Өте жақсы, мен танысқанымға қуаныштымын.
 – Мен де қуаныштымын.
 – ...
 – ...

– ...
 – ...
 – ...
 – ...
 – Менің атым – Ғалым. Сіздің атыңыз кім?
 – Менің атым Анар.
 – ...
 – ...
 – ...
 – ...

6. Диалогты толықтырыңыз.

1)

– ...
 – Сәлеметсің бе?
 – ...
 – Танысайық!
 – ...
 – Менің атым – Сара.
 – ...
 – Мен де қуаныштымын!
 – ...

2)

– Сәлеметсіз бе?
 – ...
 – Танысайық!
 – ...
 – Менің атым – Әли.
 – ...
 – Мен де қуаныштымын!
 – ...

7. Берілген сөздерден диалог құрастырыңыз.

Мен, танысайық, Әлия, қуаныштымын, менің, қош болыңыз, мен де, атым, сәлеметсің бе, қайырлы күн, сіздің, атың, сәлеметсіз бе, кім, сау болыңыз, сәлем, атыңыз, Самат, сенің.

1. Тапсырма.

Суреттерге қарап диалог құрастырыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!



2. Тапсырма.

- ✓ Досыңызбен амандасыңыз, танысыңыз, қоштасыңыз.
- ✓ Мұғаліммен амандасыңыз, танысыңыз, қоштасыңыз.

ЖАҢА СӨЗДЕР

аға	дәрісхана	орындық
адам	ел	өшіргіш
ана	есік	сабақ
апа	жігіт	сен
ата	күйеу	сөздік
әже	кітап	сөмке
әйел	қабырға	студент
әке	қағаз	сіз
әпке	қала	сіңлі
бала	қалам	тақта
бастық	қарындаш	терезе
бор	қыз	ұл
бөлме	мен	үстел
гүл	мұғалім	шам
дәптер	оқулық	шеше
дәрігер	ол	іні

2-САБАҚ БҰЛ КІМ? БҰЛ НЕ?



Тыңдау және айту

Сәлеметсіңдер ме?
Сәлеметсіздер ме?

Сау болыңдар!
Сау болыңыздар!

Танысайық!
Менің атым
Сенің атың кім?
Сіздің атыңыз кім?

Мен қуаныштымын!
Мен танысқанымға қуаныштымын!
Мен де қуаныштымын!

Халің қалай?
Халіңіз қалай?



Жаксы, рақмет.
Өте жақсы! Рақмет.
Тамаша! Рақмет.
Жаман емес. Рақмет.
Сенің халің қалай?
Сенің ше?
Сіздің халіңіз қалай?
Сіздің ше?

БҰЛ КІМ? БҰЛ НЕ?

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Бұл кім? [бұлгім]	Бұл – студент.
Мынау кім? [мынауігім]	Бұл – мұғалім.
Бұл не? [бұлне]	Бұл – кітап.
Мынау не? [мынауіне]	Мынау – қалам.

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Бұл кім? / Мынау кім?

Бұл – бала.

Бұл – адам.

Бұл не? / Мынау не?

Бұл – кітап.


Бұл – қалам.

Бұл – жігіт.
Бұл – қыз.
Бұл – ер адам.
Бұл – мұғалім.
Бұл – аспаз.


Мынау – дәптер.
Мынау – сөмке.
Бұл – ит.
Бұл – тақта.
Бұл – кілт.

3. Айтыңыз.

БҰЛ КІМ?



БҰЛ НЕ?



4. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Аударыңыз.

Адам: ата, әже, бала, ұл, қыз, немере, жігіт, ер адам, ер кісі, әйел.

Қала: ел, мекенжай, көше, даңғыл, жатақхана, алаң, үй, ғимарат.

Дәрісхана: сабақ, кітап, оқулық, қалам, қарындаш, дәптер, сөздік, қағаз, өшіргіш, үстел, орындық, оқушы, мұғалім, оқытушы, студент, есік, терезе, тақта, бор, қабырға

Үй: пәтер, қабат, бөлме, айна, сурет, компьютер, теледидар, тоңазытқыш, шкаф, гүл, шам, телефон, төсек, диван, кресло, кілем, доп, жануар, ит, мысық, ат, сиыр, қой, ешкі.



ГРАММАТИКА

БҰЛ КІМ? БҰЛ НЕ?

I	II	
-ЛАР	-ЛЕР	I. II. Р, Ы, У
-ДАР	-ДЕР	М, Н, Ң, Л, Ж, З
-ТАР	-ТЕР	V

бал**А** + Лар қы**З**+Дар
бөлм**Е** + Лер гү**Л** + Дер

орынды**Қ** + Тар
жігі**Т** + Тер

ДАУЫСТЫ		ДАУЫССЫЗ			
I	II	III	IV	V	
А	Ә	М	Ж	Б	П
О	Ө	Н	З	В	Ф
Ұ	Ү	Ң		Г	К
Ы	І	Л		(F)	Қ
	Е	Р		Д	Т
		Й			Ш
И	И	У			С
У	У				Щ
					Ц
					Ч
					Х
					Һ

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

БІРЕУ

КӨП

-ЛАР

бала	балалар
алма	алмалар
қала	қалалар
аға	ағалар
тау	таулар
ай	айлар
жануар	жануарлар

-ДАР

қағаз	қағаздар
қыз	қыздар
адам	адамдар
қалам	қаламдар
тал	талдар
шам	шамдар

-ТАР

орындық	орындықтар
мысық	мысықтар
ат	аттар
жас	жастар
кітап	кітаптар
тоңазытқыш	тоңазытқыштар
ғимарат	ғимараттар

БІРЕУ

КӨП

-ЛЕР

дәптер	дәптерлер
не	нелер
терезе	терезелер
көше	көшелер
сөмке	сөмкелер
үй	үйлер
әже	әжелер

-ДЕР

кім	кімдер
гүл	гүлдер
мұғалім	мұғалімдер
үстел	үстелдер
ел	елдер
сен	сендер

-ТЕР

есік	есіктер
жігіт	жігіттер
ит	иттер
сөздік	сөздіктер
бет	беттер
өшіргіш	өшіргіштер
сурет	суреттер



Есте сақтаңыз!

Мен	Біз
Сен	Сендер
Сіз	Сіздер
Ол	Олар


Бұл – бұлар	Анау – аналар
Мынау – мыналар	Сол – солар

2. Сөздерді тыңдаңыз. Көп болса, қалай айтасыз?

Мынау, бала, жігіт, қыз, мысық, кітап, дәптер, студент, мұғалім, дәрісхана, аға, сол, анау, бас, жас, қолшатыр, көше, киім, компьютер, адам, ағаш, тау, бұл, телефон, үй, сабақ, ел, өшіргіш, қабырға, гүл, қала, жатақхана, ғимарат, ұл, қой, жануар, оқулық, орындық, үстел, қағаз, терезе, есік, университет, ата, әже, әйел, айна, сурет, теледидар, кілем, ат, сиыр, ит, тоңазытқыш, бөлме.



3. Бұлар кімдер? Бұлар нелер?





Оқу және жазу

4. Диалогты толықтырыңыз.

- | | |
|---|---|
| 1) – Гүлнар, мыналар нелер?
– Бұлар кітап...
– Ал аналар нелер?
– Олар дәптер... | 2) – Жанат, бұлар кімдер?
– Бұлар жігіт...
– Ал бұлар кімдер?
– Бұлар оқушы... |
| 3) – Айнұр, ...?
– Ол – сурет.
– Ал ... ?
– Бұл қағаз. | 4) – Ардақ, ...?
– Бұлар мысықтар.
– Ал ... ?
– Ол – ит. |
| 5) – Мұғалім, ...?
– Бұл – қолшатыр. | 6) – Қыздар, ... ?
– Олар балалар. |
| 7) – Жігіттер, ...?
– Бұлар жануар... | 8) – Балалар, ... ?
– Бұл – қой. |

5. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.**ҮЛГІ: Бұл – кітап. Бұл кітаптар.**

Бұл – кітап. Мынау – сөмке. Ол – студент. Анау – үстел. Бұл – қағаз. Қыз және жігіт. Анау – жатақхана. Мынау – ғимарат. Бұл – жақсы үй. Бұл – қолшатыр. Мынау – айна, анау – тарак. Бұл – су, анау – шырын. Мынау – шай. Анау – кофе. Мынау – нан, анау – май және сүт. Мынау – кесе, анау – тәрелке және қасық. Бұл – көйлек, ал мынау – шалбар.

ҮЛГІ: Бұл қаламдар. - Бұл – қалам.

Бұлар қыздар. Олар жігіттер. Аналар кімдер? Мыналар кімдер? Бұл сөздіктер. Олар дәрісханалар. Бұлар студенттер. Мыналар үстелдер. Бұл қағаздар. Бұлар дәрігерлер. Олар қыздар. Бұлар кітаптар, ал аналар сөздіктер. Бұлар киімдер. Аналар телефондар мен компьютерлер. Мыналар гүлдер. Бұлар қолшатырлар және сөмкелер. Бұлар достар. Бұлар алмалар, ал аналар алмұрттар. Мыналар тамақтар. Аналар ыдыстар. Мыналар сусындар.

6. Біліміңізді тексеріңіз.

1) Аға - ағадар, бала – балалар, кітап – кітаптар, киім – киімлер, қыз – қызлар, жігіт – жігіттер, тау – таудар, ай – айлар, бастық – бастықдар, анау – аналар, қолшатыр – қолшатырлар, ол – оллар, гүл – гүлдер, шай – шайлер, тәрелке – тәрелкедер, кофе – кофелар, қасық – қасықтар, нан – нанлар, су – судар, шырын – шырындар.

- | | | |
|----------------------------------|---|---------------------------------------|
| 1) – Бұл кім?
– Бұл – ағаш. | 2) – Бұлар кімдер?
– Бұлар мұғалімдер. | 3) – Мыналар нелер?
– Бұлар қағаз. |
| 4) – Анау не?
– Ол – телефон. | 5) – Мынау кім?
– Бұл – ит. | 6) – Бұлар нелер?
– Бұлар алмалар. |

МОДЕЛЬ:

Қандай



кім? / кімдер

не? / нелер?



Антонимдер:

жақсы – нашар/жаман
үлкен – кішкентай
биік – аласа
ұзын – қысқа
түзу – қисық
кең – тар
таза – лас, кір
суық – ыстық
салқын – жылы
дәмді – дәмсіз
пысық – жалқау
ақылды – ақымақ

Синонимдер:

әдемі = сұлу, көрікті
қарт = кәрі, үлкен кісі
тамаша = керемет, ғажап
мейірімді – қайырымды

Түстер:

Ақ, қара, қызыл, көк, көгілдір, жасыл,
сары, сұр, қоңыр, түрлі-түсті.

1. Тыңдаңыз. Қайталаңыз. Оқыңыз.

А) – Бұл қандай кітап?
– Бұл – жақсы кітап.

Ә) – Бұл қандай сөздік?
– Бұл – нашар сөздік.

Б) – Бұл кім?
– Бұл – Динара.
– Ол қандай қыз?
– Ол – әдемі қыз.

В) – Бұлар кімдер?
– Бұлар студенттер.
– Олар қандай студенттер?
– Олар тамаша студенттер!

Г) – Бұлар нелер?
– Бұлар жатақханалар.
– Бұлар қандай жатақханалар?
– Бұлар жаңа жатақханалар.

Ғ) – Мыналар қандай қағаздар?
– Бұлар ескі қағаздар.

2. Заттардың қандай екенін айтыңыз.



3. Қандай не/кім? Сіз қалай ойлайсыз?

ҮЛГІ: Жақсы мұғалім.

Қандай?

Үлкен, кішкентай, биік, аласа, ұзын,
қысқа, түзу, қисық, кең, тар, жалқау,
қарт, жас, қоңыр, пысық, қайырымды,
таза, суық, дәмді



кім? /кімдер?/ не? /нелер?

бастық, тас, есік, бала, көше, қала,
дәрісхана, тау, гүл, ел, мұғалім, су,
мысық, терезе, жігіт, қыз, ағаш, шай,
алма

4. Мәтіндерді оқыңыз. Сұрақ қойыңыз.

1) ҮЛГІ: Бұл үлкен дәрісхана.

- Бұл не?

- Бұл – дәрісхана.

- Бұл қандай дәрісхана?

- Бұл үлкен дәрісхана.

Бұл – үлкен дәрісхана. Бұл – Ұлжан. Ол – жас мұғалім. Бұлар Индира, Тимур, Әдина. Олар жақсы студенттер. Мынау – тақта. Ол – жасыл. Мынау – үлкен үстел, ал аналар кішкентай үстелдер. Мынау – қызыл қалам, ал анау – жасыл қалам. Бұл – сурет. Ол – әдемі, түрлі-түсті сурет.

5. Берілген сөздер бойынша мәтін құрастырыңыз.

Студент, мынау, жақсы, Маржан,
ол, бұл, қызыл, сөмке.

6. Диалогты оқыңыз. Негізгі мәліметті айтыңыз және жазыңыз.

1.

– Сәлеметсіз бе, Жанат?

– Қайырлы күн, Әлия.

– Жанат, бұл не?

– Бұл – Алматы қаласы.

– Ол қандай қала?

– Ол әдемі және үлкен қала.

– Солай ма?

– Иә.

3.

– Айнұр, мынау не?

– Бұл – қолшатыр.

– О-о-о, қолшатыр өте әдемі екен!

– Иә, бұл – әдемі қолшатыр. Рақмет.

5.

– Айман, бұл қандай тамақ?

– Бұл – дәмді тамақ.

– М-м-м, өте дәмді екен!

2.

– Сәлем, Әлима.

– Сәлем, Ержан.

– Әлима, бұлар нелер?

– Бұлар жаңа кітаптар.

– Ал аналар ше?

– Олар да кітаптар.

– Олар қандай кітаптар?

Олар ескі кітаптар.

4.

– Дүйсен, бұл не?

– Бұл – дәрісхана.

– Бұл қандай дәрісхана?

– Бұл кішкентай дәрісхана.

– Иә, кішкентай екен!

6.

– Мирас, мыналар нелер?

– Бұлар шиелер, олар өте дәмді.

– М-м-м, дәмді екен!

7. Берілген суреттер бойынша диалог құрыңыз.



8. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

Бұл – Еркін. Ол жақсы әке. Мыналар Әлібек және Ажар. Олар әдемі және ақылды балалар.
Бұл – Шолпан. Шолпан мейірімді ана.

А) Сұрақтарға жауап беріңіз.

Бұл кім?
Ол қандай әке?
Бұлар кімдер?
Олар қандай балалар?
Бұл кім?
Ол қандай ана?

Ә) Отбасы туралы айтыңыз. Бұл кім? Ол қандай?

Әке – Еркін. _____
Шеше – Шолпан. _____
Ұл – Әлібек. _____
Қыз – Ажар. _____

9. Диалогты оқыңыз.

– Қайырлы күн, Назгүл.
– Қайырлы күн, Айгүл.
– Халің қалай?
– Жақсы, рақмет, Айгүл.
Сенің халің қалай?
– Рақмет, жаман емес.
– Ендеше, көріскенше!
– Көріскенше, сау бол!

– Сәлеметсіздер ме?
– Сәлеметсіз бе?
– Халдаріңіз қалай?
– Рақмет, жақсы. Сіздің ше?
– Өте жақсы, рақмет!
– Бұлар кімдер?
– Бұлар Бекжан мен Бекбол.
Олар тамаша жігіттер!
– Иә, **жақсы жігіттер екен!**
– Сау болыңыз.
– Сау болыңыздар.

БҰЛ КІТАП ПА?



ГРАММАТИКА

- Бұл кітап па?
– Иә, бұл кітап.
– Ол жақсы кітап па?
– Иә, ол – жақсы кітап.
- Бұл қалам ба?
– Жоқ, бұл қалам емес, қарындаш.

-ма /-ме	I. II. р, л, й, у.	Бұл алма ма ? Ол дәмді ме ?
... -ба/-бе	м, н, ң, ж, з	Мынау шырын ба ? Бұл кілем бе ?
-па/-пе	V.	Мынау ағаш па ? Мынау сөздік пе ?

1. Жазыңыз.

бала ...	қыз ...	жігіт ...
жатақхана ...	нан ...	мысық ...

тау ...	мен ...	тоңазытқыш ...
қайырымды ...	сіз ...	университет ...
гүл ...	жаман ...	қисық ...
үй ...	ұзын ...	биік ...
әдемі ...	Шолпан ...	тысық ...

2. Оқыңыз. Аударыңыз.

- Ғалым, мынау сөздік **пе**?
- **Иә**, бұл – сөздік.
- Қазақша-ағылшынша сөздік **пе**?
- **Иә**, бұл қазақша-ағылшынша сөздік.
- Бұл жақсы сөздік **пе**?
- **Иә**, өте жақсы сөздік.

- Гүлназ, мынау шырын **ба**?
- **Иә**, бұл – шырын.
- Дәмді **ме**?
- **Иә**, өте дәмді.

- Мұғалім, мынау жатақхана **ма**?
- **Иә**, бұл – жатақхана.
- Үлкен екен!
- **Иә**, үлкен және әдемі жатақхана.

- Дәурен, мынау кім?
- Бұл – Әлихан.
- Шын **ба**?
- **Иә**, шын.

- Мәдина, мынау дәптер **ме**?
- **Жоқ**, ол дәптер емес, кітап.
- Ол қандай кітап?
- Ол – өте қызық кітап.

- Ажар, анау су **ма**?
- **Иә**, ол – су.
- Ол таза **ма**?
- **Жоқ**, ол таза **емес**. Міне, мынау таза су.
- **Рақмет!**
- **Оқасы жоқ.**

- Әлима, мынау қоян **ба**?
- **Иә**, бұл қоян. Ол ақ қоян.
- Әдемі қоян екен!
- **Иә**, әдемі!

- Мынау қандай құс?
- Бұл тотықұс.
- Шын **ба**?
- **Иә**, шын.

- Мынау кофе **ме**?
- **Жоқ**, ол кофе емес, шай.
- Қандай шай?
- Көк шай.

- Маржан, бұл терезе **ме**?
- **Жоқ**, бұл терезе **емес**, есік.
- Анар, мынау алмұрт **па**?
- **Жоқ**, бұл алмұрт **емес**, алма.

3. Диалог құраңыз. Үлгі: - Бұл алма ма? - Иә, (жоқ, ... емес.)

Қажетті жаңа сөздер: тамақ, балық, тәтті нан, жеміс, торт, жұмыртқа, қаз, қоян, тотықұс.



5. Келісесіз бе?

Бұл – өте қызық кітап.

Бұл – үлкен сөмке.

Мынау – кең бөлме.

Анауу – таза ыдыс.

Бұл – кино қызық емес.

Мынау – қазақша мәтін.

Мынау – дәмсіз салат.

Ол – мейірімді кісі.

Мынау – дәмді тамақ.

Анау – тәтті нан.

Бұл – ақылды ит.

Иә, бұл өте қызық кітап.

Бұл – ақылды жігіт.

Мынау – қисық көше.

Анау – кір киім.

Мынау – үлкен терезе.

Бұл – маңызды жаңалық.

Анау – орысша сөздік.

Ол – пысық қыз.

Ол – қайырымды мұғалім.

Бұл – суық су.

Анау – қарт кісі.

Анау – кішкентай қоян.

Жоқ, ол ақылды емес.

1. Тапсырма.

✓ Жоспар бойынша диалог құрастырыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Амандасу
2. Танысу
3. Ризашылық білдіру
4. Қоштасу

1. Амандасу
2. Хал сұрасу
3. Ризашылық білдіру
4. Қоштасу

1. Амандасу
2. Кім, не екенін білу
3. Сипаттау
4. Ризашылық білдіру
5. Қоштасу

2. Тапсырма

1) Отбасы туралы әңгіме құраңыз.

✓ Олар кімдер?

✓ Олар қандай?

Отбасы - өмір аясы



2) Дәрісхана туралы айтыңыз.

- ✓ Олар кімдер?/нелер?
- ✓ Олар қандай?



3) Бөлме туралы айтыңыз.

- ✓ Бұлар нелер?
- ✓ Олар қандай?



4) Қала туралы айтыңыз.

- ✓ Бұлар кімдер?/нелер?
- ✓ Олар қандай?



3. Тапсырма.

• Бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер.

- ✓ Амандасу, танысу, қуаныш білдіру;
- ✓ Амандасу, хал-жағдай сұрау, ризашылық білдіру, қоштасу;
- ✓ Амандасу, дәрісхана туралы сұрау: бұл не/кім? ол қандай? бұлар кімдер/нелер? олар қандай? ризашылық білдіру, қоштасу.

• Дәрісханада.

- ✓ Апаймен амандасу, танысу, қоштасу;
- ✓ Ағаймен амандасу, танысу, қоштасу;

• Қонақта.

- ✓ Үлкен кісімен амандасу, танысу, қоштасу;
- ✓ Үлкен кісінің хал-жағдайын сұрау, ризашылық білдіру, қоштасу;

ЖАҢА СӨЗДЕР

ай
айна

кең
керемет

олар
тысық

ақ	кесе	салқын
ақылды	киім	сары
ақымақ	кофе	сендер
алаң	көгілдір	сиыр
аласа	көйлек	сол
алма	көк	солар
алмұрт	көрікті	суық
аналар	кресло	сұлу
анау	кілем	сұр
ат	кір	сүт
әдемі	кішкентай	сіздер
балық	қабат	таза
бет	қаз	тал
биік	қайырымды	тамақ
бұл	қандай	тамаша
бұлар	қара	тар
біз	қарт	тарақ
ғажап	қасық	тау
ғимарат	қисық	тәрелке
даңғыл	қой	тәтті
дәмді	қолшатыр	теледидар
дәмсіз	қоңыр	тоңазытқыш
диван	қоян	торт
доп	қызыл	тотықұс
ескі	қысқа	төсек
ешкі	лас	түзу
жақсы	лимон	түрлі-түсті
жалқау	май	түс
жаман	маңызды	ұзын
жануар	мәтін	үлкен
жаңа	мейірімді	үлкен кісі
жас	мекенжай	шай
жасыл	мыналар	шалбар
жеміс	мынау	шкаф
жұмыртқа	нан	шырын
жылы	нашар	ыдыс
кәрі	оқытушы	ыстық

3-САБАҚ ОТБАСЫМЕН ТАНЫСУ



Тыңдау және айту

Танысып қой.
Танысып қойыңдар.
Танысып қойыңыз.
Танысып қойыңыздар.

Бұл – менің досым. Оның аты – Марат.
Бұл – менің ағам. Оның аты – Шыңғыс.

1. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

Танысып қойыңыз, бұл
– менің досым. Оның
аты – Маша.



Мен
танысқаным
қуаныштымын!

2. Тыңдаңыз және қайталаңыз. Оқыңыз.

– Әйгерім, танысып қой, бұл – менің досым. Оның аты – Айгүл.
Айгүл, бұл да менің досым. Аты – Әйгерім.
– Мен танысқаным қуаныштымын!
– Мен де!

– Мұғалім, танысып қойыңыз, бұл – менің әкем. Оның аты – Қадыр. Әке, бұл менің мұғалімім – Әмина Дәулетқызы.
– Мен танысқанымға қуаныштымын!
– Мен де қуаныштымын!

Отбасы мүшелері

ата – әже
әке – шеше
аға –жеңге
әпке – жезде
іні – келін
сіңлі / қарындас – күйеу бала
ұл – келін
қыз – күйеу бала

3. Тыңдаңыз және қайталаңыз. Оқыңыз.

КІМ?	КІМНІҢ?	КІМДЕР?	КІМДЕРДІҢ?
мен	менің	біз	біздің
сен	сенің	сендер	сендердің
сіз	сіздің	сіздер	сіздердің
ол	оның	олар	олардың



ГРАММАТИКА

(I) Менің	-ым, -ім, -м	Біздің	-ымыз, -іміз, -мыз, -міз
(II) Сенің	-ың, -ің, -ң	Сендердің -лар/-лер -дар/-дер	-ың, -ің
Сіздің	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	Сіздердің -тар/-тер	-ыңыз, -іңіз
(III) Оның	-сы, -сі, -ы, -і	Олардың	-ы, -і

Менің досым	Біздің досымыз
Сенің досың	Сендердің достарың
Сіздің досыңыз	Сіздердің достарыңыз
Оның досы	Олардың достары



Есте сақтаңыз!

орындық – орындығың, есік – есігіміз, кітап – кітабым.

К Г
Қ Ф
П Б

1. Тыңдаңыз және қайталаңыз, оқыңыз.

ат	ат
Менің атым	Біздің атымыз
Сенің атың	Сендердің аттарың
Сіздің атыңыз	Сіздердің аттарыңыз
Оның аты	Олардың аттары
 кітап	 кітап
Менің кітабым	Біздің кітабымыз
Сенің кітабың	Сендердің кітаптарың
Сіздің кітабыңыз	Сіздердің кітаптарыңыз
Оның кітабы	Олардың кітаптары
 әке	 әке
Менің әкем	Біздің әкеміз
Сенің әкең	Сендердің әкелерің
Сіздің әкеңіз	Сіздердің әкелеріңіз
Оның әкесі	Олардың әкелері
 аға	 аға
Менің ағам	Біздің ағамыз
Сенің ағаң	Сендердің ағаларың
Сіздің ағаңыз	Сіздердің ағаларыңыз
Оның ағасы	Олардың ағалары

2. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Бұл – менің әке... . Ол – қайырымды адам. Мынау – сенің аға.... Ол – әдемі жігіт. Бұл – сіздің үй... . Ол – өте биік үй. Анау – оның әпке... . Бұл – біздің бала.... Мынау – сендердің бөлме... . Олар – таза. Анау – сіздердің кітап... . Олардың үстел... . Бұл – оның орынды(қ)....

Бұл менің жаңа компьютер... , ал анау сенің жаңа компьютер.... Мынау сіздердің дәрісхана..... , ал анау – біздің дәрісхана... . Сіздің ат... – әдемі. Олардың дос..... кімдер?

3. Сұраққа жауап беріңіз.

Бұл кімнің құжаты?
 Бұл кімнің көйлегі?
 Бұл кімнің отбасы?
 Бұлар кімдердің машиналары?
 Бұл кімнің пәтері?
 Бұл кімнің телефоны?
 Бұлар кімдердің фотоаппараттары?
 Бұл кімнің інісі?
 Бұлар кімдердің шкафтары?
 Бұл кімнің шайы?

Мен. Бұл – менің құжатым.
 Ол.
 Біз.
 Олар.
 Сіз.
 Сен.
 Сендер.
 Мен.
 Сіздер.
 Мен.

4. Сұрақ қойыңыз.

Бұл – менің жұмысым.

Мынау – оның поштасы.

Аналар сендердің хаттарың.

Бұлар олардың маркалары.

Бұл – біздің кеңсеміз.

Бұл – сіздердің президенттеріңіз.

Мынау – сенің суретің.

Мынау – сіздің құжатыңыз.

Бұл кімнің жұмысы?

....

5. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Мен – әйел, бала, іні, қарындас.

Бұл – менің әйелім. Ал бұл – менің балам. Мынау – менің інім, ал бұл – менің қарындасым.

Мен – әйел, бала, іні, қарындас.

Сен – ел, қала, көше, телефон.

Сіз – ит, мысық, ата, әже.

Ол – көйлек, пәлте, шалбар, сөмке.

Біз – университет, профессор, тақта, терезе.

Сендер – ғимарат, кеңсе, хатшы, президент.

Олар – кофе, шай, үстел, даяшы.

КІМНІҢ? НЕНІҢ?

Бұл – менің ағам. Менің ағамның (кімнің?) аты – Алмас.

Бұл – кілт. Ол – есіктің (ненің?) кілті.



ГРАММАТИКА

Кімнің? Ненің?			кімі? несі?
-ның/-нің	І.ІІ. м, н, ң	+	-сы/-сі -ы/-і
-дың/-дің	р, л, й, у, з, ж		
-тың/-тің	Ү б, в, г, д		

бала+ның ана + сы	кітап+тың бет + і
мұғалім+нің қалам + ы	студент+тің бөлме + сі
қыз+дың сөмке + сі	менің досым+ның аға + сы
үй+дің жиһаз + ы	Арман+ның машина+сы+ның нөмір+і

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Мараттың кітабы, дәрісхананың тақтасы, университеттің жатақханасы, даланың қызыл гүлі, таудың таза ауасы, қаланың көшесі, ауылдың әдемі табиғаты, бастықтың

шешімі, студенттің сөздігі, адамзаттың арманы, жігіттердің спорт клубы, мысықтың аяғы, тоңазытқыштың есігі, бөлменің үлкен айнасы.

Менің әкемнің жұмысы, сіздің телефоныңыздың нөмірі, сенің досыңның үйі, баланың добы/ның түсі, біздің сабағымыздың жоспары, сендердің концерттеріңнің бағдарламасы, олардың отбастарының суреті, біздің фирмамыздың мекенжайы,

Менің досымның

ағасы/ның

жұмысы/ның машинасы,

Әлияның

университеті/нің

кітапханасы/ның кітабы.

2. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Үй... тоңазытқыш... үлкен. Динара... сөмке... кішкентай. Балалар... ойыншықтар... көп. Менің досым... қарындас... әдемі. Диван... түс... қоңыр. Біздің бөлmemіз... еден... таза. Анар... ит... жалқау. Менің досым... шеше.../... фирма... үлкен. Университет... дәрісханалар... жарық. Бөлме... есі(к)... ақ. Біздің бастығымыз... бала.../... ат... Дидар. Әсем... кішкентай сөмке.../... түс... қызыл.

3. Сұраққа жауап беріңіз.

Үлгі: Кімнің орындығы? – Диас / Диастың орындығы.

Кімнің орындығы? – Диас

Кімнің қарындашы? – Мен

Кімнің иті? – Бала

Кімнің айнасы? – Қыз

Ненің суреті? – Тау

Кімдердің жатақханасы? – Студенттер

Ненің бағдарламасы? – Цирк

Қай жердің фирмасы? – Қазақстан

4. Отбасы мүшелері

Ата – әже

Әке –

Аға –

Әпке –

Іні –

Сіңлі –

Қыз –

Ұл –



5. Үлгі: Асқар – Раушан. (әйел).

Бұл – Асқар. Ал бұл Асқардың әйелі – Раушан.

Асқар – Раушан. (әйел).

Тұрсын – Гүлнар. (сіңлі).

Әмір – Тимур, Бахтияр, Асан. (балалар).

Тимур, Бахтияр, Асан – Тамара. (әже).

Нұрлан – Нұржан. (іні).

Алма – Жанат. (жеңге).

6. Мәтінді тыңдаңыз. 1) Қасеннің отбасында кімдер бар, айтыңыз.

Танысайық! Менің атым – Қасен. Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Әкемнің аты – Төлеген. Ол – өте қайырымды адам. Бұл – менің шешем. Оның аты – Жамал. Менің шешем – мейірімді. Бұл – менің әпкем. Оның аты – Марал. Марал – өте әдемі қыз. Бұл менің жездем. Жездемнің аты – Сәкен. Ол – жақсы жігіт. Бұл қарындасым – Ақтоты. Ол да сүйкімді қыз.

2) Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ✓ Оның аты кім?
- ✓ Бұл кімнің отбасы?
- ✓ Бұл кім?
- ✓ Оның әкесінің аты кім?
- ✓ Ол қандай адам?
- ✓ Оның шешесінің аты кім?
- ✓ Оның шешесі қандай әйел?
- ✓ Оның әпкесінің аты кім?
- ✓ Оның әпкесі қандай қыз?
- ✓ Оның жездесінің аты кім?
- ✓ Оның қарындасының аты кім?
- ✓ Ол қандай қыз?

❖ Қасеннің отбасы туралы айтыңыз.

❖ Қасеннің отбасы туралы жазыңыз.

Үлгі:

Әке

Бұл Қасеннің әкесі. Оның аты – Төлеген. Ол өте қайырымды адам.

Ол _____

Отбасы _____

Әке _____

Шеше _____

Әпке _____

Жезде _____

Қарындас _____

7. Тобыңыз бен дәрісхананыз туралы жазыңыз. Былай бастаңыз:

Менің атым Бұл – менің тобым. Бұлар менің достарым. Бұл – Аида. Ал бұл

Бұл ... Бұл – менің дәрісханам. Ол үлкен, Бұл – менің үстелім. Үстелім ыңғайлы. ...

8. Жауап беріңіз.

Сіздің атыңыз кім? _____

Сіздің досыңыздың аты кім? _____

Ол қандай адам? _____

Сіздің шешеңіздің аты кім? _____

Ол қандай әйел? _____

Сіздің еліңіз қандай? _____

Сіздің сөмкеңіз қандай? _____

9. Диалогты тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.

- ✓ Оның отбасында кімдер бар?

- Сәлеметсің бе, Бақыт?
- Сәлеметсің бе, Дәурен? Дәурен, бұл – кімнің отбасы?
- Бақыт, танысып қой, бұл менің отбасым.
- Өте жақсы. Бұл кім?
- Бұл – менің әйелім.
- Оның аты кім?
- Әйелімнің аты – Әсел. Ол өте сұлу әйел, солай ма?
- Иә, әйелің өте әдемі екен! Ал мыналар кімдер?
- Бұлар менің балаларым. Бұл қызым – Аида, ал мынау ұлым – Абылай.
- Ұлың және қызың сүйкімді екен.
- Иә, менің балаларым өте сүйкімді.
- Дәурен, отбасыңмен танысқанымға қуаныштымын. Көріскенше, сау бол.
- Жақсы, Бақыт, сау бол.

10. Диалогты оқып негізгі мәліметті айтыңыз.

СҰРАҚ: КІМДІКІ? НЕНІКІ?



ГРАММАТИКА

... +	-нікі	I. II.	баланікі, қаланікі, дәрісхананікі, Сәуленікі
	-дікі	III. IV	қыздікі, үйдікі, досымдікі, компьютердікі
	-тікі	V	университеттікі, Саматтікі, есіктікі

Бұл кімнің кітабы?

Бұл менің кітабым.

Бұл мұғалімнің сөмкесі.

Мынау менің әкемнің газеті.

Бұл Қазақстанның киімі.

Бұл кітап кімдікі?

Бұл кітап менікі.

Бұл сөмке мұғалімдікі.

Мына газет менің әкемдікі.

Бұл киім Қазақстандікі.



Есте сақтаңыз!

Мен – менікі	Біз – біздікі
Сен – сенікі	Сендер – сендердікі
Сіз – сіздікі	Сіздер – сіздердікі
Ол – онікі	Олар – олардікі

1. Қалай айтасыз? Үлгі: Маралдың сөмкесі. – Сөмке Маралдікі.

Маралдың сөмкесі –

Оқытушының кітабы –

Сіздің ағаңыздың машинасы –

Асхананың тамағы –

Алматының алмасы –

Қазақстанның жері –

Сіздің гүліңіз –

Бұл біздің сабағымыз –

Анау балалардың ойыншығы –
 Студенттердің компьютерлері –
 Есіктің көп кілті –
 Қаланың көшесі –
 Таудың суы –
 Студенттің билеті –
 Арманның құжаты –
 Сендердің билеттерің –
 Олардың суреті –
 Оның пәлтесі –
 Баланың арманы –
 Бөлменің шамы –
 Компьютердің бағдарламасы –

2. Диалогтарды оқыңыз, аударыңыз.

1. – Әлихан, мынау кімнің сөмкесі? – Бұл – менің сөмкем. – Ал мына сөмке кімдікі? – Бұл сөмке – Қарақаттікі.	2. – Дәурен, мынау кімнің дәптері? – Бұл – Ершуақтың дәптері. – Ал анау (дәптер) кімдікі? – Менікі.
3. – Асқар, мына машина кімдікі? – Ол – менің ағамдікі.	4. – Аружан, мына қалам кімдікі? – Менікі.
5. – Нұржан, мынау ненің кілті? – Бұл – үйдің кілті. – Ал мына кілт ненікі? – Ол (кілт) машинанікі.	6. – Еркін, мынау ненің бағдарламасы? – Бұл бағдарлама – цирктікі.
7. – Мұхтар, мына билет ненікі? – Концерттікі.	8. – Мына киім кімдікі? – Біздікі.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

- ✓ Отбасыңыздың суретін салып, ол туралы әңгімелеңіз.
- ✓ Жақын досыңыздың отбасы туралы айтыңыз.

2. Тапсырма.

- ✓ Бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер:

Амандасу
 Танысу
 Отбасы суреті бойынша сұрау:
 Бұл кім? / Оның аты кім?
 Ол қандай адам?
 Қуаныш білдіру
 Қоштасу

Амандасу
 Хал-жағдай сұрау
 Достарыңызды бір-бірімен
 таныстыру:
 Аты кім? Қандай қыз/жігіт?
 Қуаныш білдіру
 Қоштасу


3. Табыңыз. Ненің несі? Үлгі: Қойдың қозысы.

А) Қой – қозы, сиыр – бұзау, бие (жылқы) – құлын, түйе – бота;



<http://sabaq.kz/9813>

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы
Астана қаласы
Қазақ елі
Абай көшесі
Әуезов ауданы
Қазақ университеті



Қазақ елі қандай ел?



Есте сақтаңыз!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



«Қазақстан» қонақүйі



«Медеу» мұз айдыны



Абай ескерткіші



Алматы әуежайы



Қазақ циркі




«Анкара» қонақүйі



Алматының алмасы



Музыкалық аспаптар мұражайы



Сауда және ойын-сауық орталығы



Опера және балет театры



Алатау

ЖАҢА СӨЗДЕР

адамзат
арман
аспап
ауа
әуежай
бағдарлама
балет
билет
дала
даяшы
еден
ескерткіш
жер
жұмыс
кеңсе
клуб
қонақүй
марка
музыка

музыкалық аспап
мұз
мұз айдыны
мұражай
нелердің
ойын
ойын-сауық
опера
орталық
пәлте
пошта
президент
сауда
спорт
табиғат
театр
хатшы
цирк

4-САБАҚ ОТБАСЫ



Тыңдау және айту

1. Тыңдаңыз және айтыңыз.

Менің отбасым
Сенің отбасың
Сіздің отбасыңыз
Оның отбасы

Біздің отбасымыз
Сендердің отбасыларың
Сіздердің отбасыларыңыз
Олардың отбасылары


Марияның отбасы
Менің досымның машинасы
Сенің досыңның пәтері
Сіздің досыңыздың университеті
Менің досымның ағасының жұмысы

Менің үйім
Сенің үйің
Сіздің үйіңіз
Оның үйі

Біздің үйіміз
Сендердің үйлерің
Сіздердің үйлеріңіз
Олардың үйлері

2. Тыңдаңыз және айтыңыз.

САҢДАР Қанша?



3. Оқыңыз. Қанша?

0, 1, 4, 3, 2, 5, 8, 10, 9, 7

4. Айтыңыз.

Сіздің телефон нөміріңіз қанша?

Сіздің жатақханаңыздың нөмірі қанша?

МЕНДЕ ЕКІ СӨЗДІК БАР



ҚАЙДА? НЕДЕ? КІМДЕ?

ГРАММАТИКА

да/де	I. II. III. IV.	қалада, үйде, жатақханада, көшеде
... + та/те	V	сабақта, шкафта, жәшікте, кітапта
нда/нде	Оның ...	Оның тобында, Марияның сөмкесінде

Бөлме - бөлмеде
 Менің бөлмеде
 Сенің бөлменде
 Сіздің бөлмеңізде
 Оның бөлмесінде

Марияның бөлмесінде
 Біздің бөлмемізде
 Сендердің бөлмелерінде
 Сіздердің бөлмелеріңізде
 Олардың бөлмелерінде

Қайда?

Қазақстан...
 дәрісхана...
 университет...
 саябақ...
 менің үйім...
 досымның бөлмесі...
 Алматы қаласы...

Кімде?

Марат...
 мұғалім...
 студент...
 оқушы...
 бала...
 менің ағам...
 Қасен...

**Есте сақтаңыз!**

менде	бізде	мұнда
сенде	сендерде	осында
сізде	сіздерде	осы жерде

5. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Қайда?		бар/жоқ
Кімде?	не/кім	көп/аз

Саматта үлкен сөздік **бар**.
 Әлияда үлкен сөздік **жоқ**.
 Алматы қаласында түрлі театрлар **көп**.
 Қазақстанда халық **аз**.
 Менде машина **жоқ**.
 Мұхтарда үй **бар**.



Оқу және жазу

6. Жазыңыз.

Гүлназ... (кімде?) үлкен сөмке бар. Қытай... (қайда?) үлкен қалалар көп, ал Қазақстан... (қайда?) үлкен қалалар аз. Маржанның сөмкесі... (қайда?) үш дәптер бар. Студенттің жатақханасы... (қайда?) бос бөлмелер жоқ. Мен... (кімде?) мына кітап жоқ. Сен... (кімде?) бұл кітап бар ма? О(л)... (кімде?) жаңа компьютер бар. Астана қаласы... (қайда?) жаңа ғимараттар көп. Осы... (қайда?) жұмсақ орындық жоқ. Менің отбасым... (қайда?) әкем, шешем және екі інім бар. Менің досымның отбасы... (қайда?) әкесі, шешесі, бір әпкесі бар. Менің ағам жоқ. Менің досымның қарындасы жоқ.



Есте сақтаңыз!

Менің әпкем бар. Менің ағам жоқ. Сенің сіңлің бар ма?
Сіздің әжеңіз бар ма? Оның екі ағасы бар.

7. Тыңдаңыз. Оқыңыз.

– Сізде қалам бар **ма**?
Сенде қалам бар **ма**?
– Иә, менде қалам бар.
– Жоқ, менде қалам жоқ.

– Сіздің қаламыңыз бар **ма**?
Сенің қаламың бар **ма**?
– Иә, менің қаламым бар.
– Жоқ, менің қаламым жоқ.

– Сізде қағаз көп **пе**?
Сенде қағаз көп **пе**?
– Иә, менде қағаз көп.
– Жоқ, менде қағаз көп емес. (аз, жоқ).

– Сіздің қағазыңыз көп **пе**?
Сенің қағазың көп **пе**?
– Иә, менің қағазым көп.
– Жоқ, менің қағазым көп емес. (аз, жоқ).

8. Диалогты оқыңыз.

1)
– Сәлем, Ғалым!
– Сәлем, Жандос!
– Ғалым, сенде Алматының картасы бар ма?
– Иә, менде Алматының картасы бар.
– **Маған берші?**
– **Мінеки, ал.**
– Рақмет.
– Оқасы жоқ.

2)
– Сәлеметсіз бе, мұғалім?
– Сәлеметсіз бе?
– Мұғалім, сізде ағылшынша-қазақша сөздік бар ма?
– Иә, менде ағылшынша-қазақша сөздік бар.
– Ол жақсы сөздік пе?
– Иә, ол өте жақсы сөздік.
– **Маған беріңізші.**

- Мінеки, алыңыз.
- Рақмет.
- Оқасы жоқ.

9. Оқыңыз.

қазақ тілі – қазақша
ағылшын тілі – ағылшынша
орыс тілі – орысша

қытай тілі – қытайша
корей тілі – корейше
жапон тілі – жапонша

10. Сұраққа жауап беріңіз.

– Сенде қарындаш бар ма? – Иә, ... – Маған берші. – Міне, ал. – Сізде фотоаппарат бар ма? – Иә, ... – Маған беріңізші. – ... – Сіздің досыңызда машина бар ма? – Иә, ... – Ол қандай машина? – ... – Сізде машина бар ма? – Жоқ, ... – Сіздің досыңыз бар ма? – Иә, ... – Ол қазір қайда? – ...	– Сіздің тобыңызда студенттер көп пе? – Иә, ... – Қанша студент бар? – ... – Сенің үйіңде үлкен тоңазытқыш бар ма? – Жоқ, ... – Сіздің балаңыз бар ма? – Иә, ... – Қанша балаңыз бар? – ... – Сенің досыңның отбасы бар ма? – Жоқ, ... – Сізде үлкен кесе бар ма? – Жоқ, ...
--	---

11. Сұрақ қойыңыз.

– ... ? – Жоқ, менде өшіргіш жоқ. – ... ? – Иә, менде қазақ тілі оқулығы бар. – ... – Мінеки, ал. – ... ? – Жоқ, дәрісханада мұғалім жоқ. – ... ? – Жоқ, менің досымда жылы киім жоқ. – ... ? – Иә, менің ағам бар. – ... ? – Ол қазір Америкада.	– ... ? – Иә, менің үйім бар – ... – Үш бөлме бар. – ... ? – Жоқ, менде қағаз көп емес. – ... ? – Жоқ, менің қарындасым жоқ. – ... ? – Иә, жатақханада студенттер көп. – ... ? – Иә, менде доп бар. – Маған, берші. – ...
--	--

12. Қалай жауап бересіз?

- Маған қағаз беріңізші.

- ...

- Маған бір нан беріңізші.

-

- Маған екі қалам беріңізші.

- ...

- Маған бір кофе беріңізші.

- ...

- Маған орындық берші.

- ...

- Маған қасық берші.

- ...

- Маған тәрелке берші.

- ...

- Маған бір стақан су берші.

- ...

13. Қалай сұрайсыз?

- ...

- Мінеки, қазақша-ағылшынша сөздік алыңыз.

- ...

- Міне, екі дәптер алыңыз.

- ...

- Мінеки, алма шырыны, алыңыз.

- ...

- Мінеки, ал.

- ...

- Міне, телефон ал.

- ...

- Міне, кесе ал.


- ...

- Сенде үлкен сөмке бар ма?

- Иә, бар.

14. Диалог құраңыз, жазыңыз.

Қажетті жаңа сөздер: баланың төсегі, аю, кофе, сүт, ойыншық.



15. Сұхбатқа қатысыңыз.

- | | |
|----------------------------------|--------------------------------|
| • Менде қалам көп. | Ал Асқарда қалам көп емес, аз. |
| • Менде Алматының картасы бар. | Ал Ілияста ... |
| • Мұғалімде түрлі сөздіктер көп. | Ал бізде ... |
| • Азияда биік таулар көп. | Ал Еуропада ... |
| • Сәуледе бүгін сабақтар бар. | Ал сенде ... |
| • Қанатта ақша аз. | Ал менде ... |
| • Майраның ағасы бар. | Ал Розаның ... |
| • Досымның үйінде қонақ көп. | Ал сенің үйінде ... |
| • Мұхтар ағайда машина бар. | Ал апайда ... |

16. Диалогты оқыңыз. Диалог не туралы айтыңыз.

1) – Сәлем, Маржан!

– Сәлем, Дарын!

– Маржан, мынау кімнің сөздігі?

– Бұл – Ершуақтың сөздігі.

– Ершуақ қазір қайда?

– Ершуақ қазір басқа дәрісханада.

– Ал мына орысша-қазақша сөздік кімдікі?

– Менікі.

– Бұл сөздік жақсы ма?

– Иә, бұл жақсы сөздік.

– Маған берші.

– Мінеки, ал.

– Рақмет!

– Оқасы жоқ!

– Жақсы, көріскенше!

– Көріскенше!

2) – Сәлем, Айжан!

– Сәлем, Берік!

– Халің қалай?

– Жаман емес, рақмет. Сенің ше?

– Менің халім жақсы, рақмет. Айжан, сенде қазақ тілі кітабы бар ма?

– Иә, бар.

– Жақсы, маған берші.

– Мінеки, ал.

– Рақмет.

– Оқасы жоқ.

17. Оқыңыз. Көңіл аударыңыз!

ҮЙДІҢ




Іші

алды

жаны

арты

ҮСТЕЛДІҢ



үсті

асты

1) Тындаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.
Қайда? Қай жерде?

Менің жанымда, алдымда, артымда	Біздің жанымызда, алдымызда, артымызда
Сенің жаныңда, алдыңда, артыңда	Сендердің жандарыңда, алдарыңда, арттарыңда
Сіздің жаныңызда, алдыңызда, артыңызда	Сіздердің жандарыңызда, алдарыңызда, арттарыңызда
Оның жанында, алдында, артында	Олардың жандарында, алдарында, арттарында
Үйдің жанында, алдында, артында	Үйлердің жандарында, алдарында, арттарында

2) Мынау – үлкен, әдемі үй. Бұл – екі қабатты, биік үй. Үйдің қабырғасы – ақ.

Үйдің шатыры – қызыл. Үйдің терезелері – көп. Үйдің алдында және жанында әдемі гүлдер бар. Үйдің артында ағаштар тұр. Үйдің ішінде түрлі жиһаздар бар.

3) Мынау – әдемі, дөңгелек үстел. Үстелдің түсі – қоңыр. Үстелдің үстінде, астында ештеңе жоқ.

18. Сөйлем құрастырыңыз.

1. Үй, мынау, кішкентай. _____
2. Арты, жасыл, үй, ағаштар, көп. _____
3. Гүл, және, алды, үй, жаны, тұр. _____
4. Менікі, бөлме, мынау. _____
5. Кең, іші, таза, және, бөлме. _____
6. Іші, көп, бөлме, заттар. _____
7. Алды, гүл, терезе, тұр. _____
8. Алматы, көп, демалыс орындары, қасы. _____
9. Мен, дос, жаным, отыр. _____

10. Алдың, тақта, тұр, сенің. _____

11. Іші, бөлме, таза. _____

19. Айтыңыз және жазыңыз.

Қайда (О₅) қандай не бар (жоқ, аз, көп, тұр, жатыр, ілулі тұр)

Қажетті сөздер:

қайда? - бөлмеде, қабырғада, еденде, шкафта, үстелде, ортада, оң жақта, сол жақта, ... ;

не? – үстел, сурет, диван, орындық, кресло, кілем, теледидар, терезе, құмыра, шам, ... ;

қандай? – әдемі, тамаша, жасыл, ақ, сары, қоңыр, сарғыш, қызыл, күлгін, қызыл-қоңыр, аласа, биік, үлкен, кішкентай,



20. Мәтінді оқыңыз. МЕНІҢ ОТБАСЫМ

Танысайық! Менің атым – Олжас.

Бұл – менің отбасым. Менің отбасым онша үлкен емес. Менің отбасымда бес адам бар. Олар: менің әкем, шешем, екі әпкем және мен. Менің әкемнің аты – Болат. Ол – өте қайырымды адам. Шешемнің аты – Әлима. Ол – өте мейірімді. Менің үлкен әпкемнің аты – Айнаш, ал кіші әпкемнің аты – Мәдина. Олар ақылды, пысық, сүйкімді қыздар. Менің отбасым қазір Астанада.

21. Осы мәтінге сұрақтар құраңыз.

22. Өз отбасыларыңыз туралы мәтін жазыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

✓ Үйіңіз туралы айтыңыз. **Қайда не тұр, (жатыр)?**

✓ **Қажетті сөздер:** қонақ бөлмесі, ас үй, жатын бөлме, жуынатын бөлме.

✓ Сіздің өз бөлмеңіз бар ма? Бөлмеңіз қандай? Онда нелер бар? Қайда не тұр?

✓ Сіздің дәрісханаңыз қандай? Онда нелер бар? Қайда не тұр?

2. Тапсырма.

✓ Отбасы туралы: қандай, қанша адам, олар кімдер, аты кім, олар қандай, олар қазір қайда?

✓ Досыңыздың отбасы туралы айтыңыз.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Алматы қаласы

Алматы қаласы – елдің ғылыми, мәдени және қаржы орталығы. Алматының бұрынғы аты – АЛМАТУ. Алматыда 1 485 496 халық бар.

Алматыда университеттер, мұражайлар, театрлар, кітапханалар, саябақтар, сауда орталықтары көп. Алматыда «Көктөбе» бар. Оның биіктігі 1070 метр. «Медеу» мұз айдыны тауда орналасқан. Ол өте әдемі. Алматыда халықаралық әуежай бар.



Алматының көшелері – кең және түзу. Көшеде автобустар, троллейбустар, трамвайлар жүреді. Алматыда жаңа метро бар.

Алматыда ескі үйлер де, жаңа, әдемі, биік ғимараттар да бар. Ал мына қызыл алма да Алматынікі. Бұл – өте дәмді алма. Алматы – әдемі, жасыл қала, бірақ көшеде машиналар өте көп.



ЖАҢА СӨЗДЕР

автобус	корей тілі	он
ағылшын тілі	корейше	онша үлкен емес
ағылшынша	көп	оң
аз	кіші	оң жақ
айналасы	қазақ тілі	орналасу
алды	Қазақстан	орыс тілі
алу	қазақша	орысша
арты	қазір	осы
асты	қайда	отбасы
аю	қанша	рақмет
бар	қаржы	саябақ
беру	қасы	сегіз
бес	қонақ	сол жақ
биіктік	құмыра	стақан
бос	қызыл-қоңыр	сурет
бұрынғы	қытай тілі	тоғыз
бір	қытайша	төрт
ғылыми	машина	трамвай
екі	мәдени	троллейбус
еуропа	метро	тұру
жақ	міне	үсті
жаны	мінеки	үш
жапон тілі	неше	халықаралық
жапонша	нөл	ілулі тұр
жату	ода	іші
жеті	ойыншық	
жоқ	оқасы жоқ	
иә	оларда	

5-САБАҚ КІМ НЕШЕДЕ?



Тыңдау және айту

1. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

✓ Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.
✓ Менде, сенде, сізде, ода, бізде, сендерде, сіздерде, оларда, мұнда, осында, осы жерде

✓ Үйдің жаны, үйдің арты, үйдің алды, үйдің іші.
✓ Үстелдің үсті, үстелдің асты, үстелдің қасы/жаны.
✓ Бөлменің іші, бөлменің ортасы.

✓ Денсаулық
✓ Денсаулығың
✓ Сенің денсаулығың
✓ Сенің денсаулығың қалай?
✓ Денсаулығыңыз
✓ Сіздің денсаулығыңыз
✓ Сіздің денсаулығыңыз қалай?

✓ Жақсы, рақмет!
✓ Өте жақсы, рақмет!
✓ Тамаша, рақмет!
✓ Жаман емес, рақмет.
✓ Сенің ше? / Өзіңнің ше?
✓ Өзіңнің денсаулығың қалай?
✓ Сіздің ше? / Өзіңіздің ше?
✓ Өзіңіздің денсаулығыңыз қалай?

2. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

САНДАР



3. Оқыңыз.

40, 12, 20, 26, 50, 87, 90, 38, 45, 80, 128, 294, 71, 1000, 1020, 2010, 46.

4. Жазыңыз.

Алты, сегіз, он бір, он жеті, жиырма бес, тоқсан сегіз, елу, қырық төрт, отыз үш, жетпіс алты, бір жүз қырық, үш жүз сексен бес, бір мың төрт жүз жетпіс тоғыз.

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің үйіңіздің нөмірі қанша?
Сіздің пәтеріңіздің нөмірі қанша?
Сіздің дәрісханаңыздың нөмірі қанша?
Сіздің телефон нөміріңіз қанша?
Досыңыздың телефон нөмірі қанша?

МЕН ОН СЕГІЗДЕМІН



ГРАММАТИКА

Қаншада? Нешеде?		Мен	жиырма+да+мын
О₅		Сен	жиырма+да+сың
		Сіз	жиырма+да+сыз
Сан + -да/-де + ж.ж.		Ол	жиырма+да
-та/-те		Менің әкем	алпыс+та

6. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

1)

Қанша? Неше?		Қаншада? Нешеде?	Қанша? Неше?		Қаншада? Нешеде?
1	бір	бірде	40	қырық	қырықта
2	екі	екіде	42	қырық екі	қырық екіде
3	үш	үште	59	елу тоғыз	елу тоғызда
4	төрт	төртте	60	алпыс	алпыста
5	бес	бесте	63	алпыс үш	алпыс үште
6	алты	алтыда	67	алпыс жеті	алпыс жетіде
7	жеті	жетіде	78	жетпіс сегіз	жетпіс сегізде
8	сегіз	сегізде	80	сексен	сексенде
9	тоғыз	тоғызда	86	сексен алты	сексен алтыда
10	он	онда	90	тоқсан	тоқсанда
11	он бір	он бірде	91	тоқсан бір	тоқсан бірде
20	жиырма	жиырмада	100	жүз	жүзде

2)

– Сіз нешедесіз?
 Сен нешедесің?
 – Мен он сегіздемін.

– Ол нешеде?
 – Ол жиырма бірде.

– Сіздің әкеңіз нешеде?
 – Менің әкем (ол) елуде

3)

Мен он сегіздемін
Сен он сегіздесің
Сіз он сегіздесіз
Ол он сегізде

Біз он сегіздеміз
Сендер он сегіздесіндер
Сіздер он сегіздесіздер
Олар он сегізде

Мен жиырмадамын
Сен жиырмадасың
Сіз жиырмадасыз
Ол жиырмада

Біз жиырмадамыз
Сендер жиырмадасындар
Сіздер жиырмадасыздар
Олар жиырмада

7. Диалогты толықтырыңыз.

1)



Оқу және жазу

– Сіз нешедесіз?	– Сіздің ағаңыз бар ма?
– Мен он тоғыз...мын. Ал сіз нешедесіз?	– Иә, бар.
– Мен жиырма үш...мін.	– Ол қаншада?
	– Ол отыз бір...
– Сен нешедесің?	
– Мен он алты...мын. Ал сен нешедесің?	– Сенің шешең нешеде?
– Мен он жеті...мін.	– Ол қырық...
	– Сенің досың қаншада?
	– Ол жиырма сегіз...

2) Мен жиырма... . Менің әкем елу үш... . Сен неше... ? Сіз жиырма алты... . Олар қырық жеті... . Менің үлкен ұлым он екі... . Менің ағамның үлкен қызы жиырма бір... . Сендер он тоғыз... . Арман жиырма жеті... . Сіздер он бес... .

3)

– Сіз нешедесіз? – 28	– Сен нешедесің? – 37	– Ол нешеде? – 63
– Сіздің әкеңіз нешеде? – 56	– Сенің ағаң нешеде? – 45	– Арманның баласы нешеде? – 11



Есте сақтаңыз!

– Сен нешедесің?

Сіз нешедесіз?

– Мен жиырмадамын.

– Сен неше жастасың?

Сіз неше жастасыз?

– Мен жиырма жастамын.

– Сіздің жасыңыз нешеде?

Сенің жасың нешеде?

– Менің жасым жиырмада.

– Ол неше жаста?

– Оның жасы нешеде?

8. Диалогты оқыңыз.

– Сен неше жастасың?

– Мен бес жастамын.

– Сенің ағаң неше жаста?

– Менің ағам отыз жаста.

– Сіз неше жастасыз?

– Мен жиырма сегіздемін.

– Сіздің әкеңіздің жасы нешеде?

– Оның жасы елу екіде.

– Сіздің жасыңыз нешеде?

– Менің жасым жиырма бірде.

– Сіздің шешеңіз нешеде?

– Менің шешем елуде.

9. Сұрақ қойыңыз.

Мен жиырма бестемін. Менің әпкем қырық алтыда. Менің жасым отыз жетіде. Ағам елу жаста. Мен алпыс бес жастамын. Арманның әпкесі жиырма тоғызда. Мұғалімнің кіші ұлының жасы бесте. Біздің бастығымыз қырық тоғыз жаста. Олардың тәрбиешілері отыз төртте. Менің балаларым әлі кішкентай.

10. Тексеріңіз.

Менің атым Олжас. менің тегім (фамилиям) асан. жасым он сегізде. бұл менің отбасым. отбасым онша үлкен емес. онда бес адам бар. олар: әкем, шешем, атам, әпкем және мен. әкемнің аты әнуар, ол елу жаста. шешемнің аты кәмшат, оның жасы қырық төртте. атам үлкен кісі, жасы жетпіс сегізде. ағамның аты ілияс, жасы жиырма үште.

11. Диалогты оқыңыз. Негізгі мәліметті айтыңыз.

1) – Сәлем!

– Сәлем!

– Танысайық, менің атым – Айбек. Сенің атың кім?

– Менің атым – Әділ.

– Мен танысқанымға қуаныштым!

- Мен де!
- Сенің жасың нешеде?
- Мен он сегіздемін. Ал сен неше жастасың?
- Мен жиырмадамын.
- Сенің телефон нөмірің қанша?
- Ұялы телефонымның нөмірі +77017156715. Сенің ше?
- +77029158715.
- Жақсы, рақмет.
- Сау бол.
- Сау бол.

Тапсырма: Айбек пен Әділ туралы айтыңыз.

- 2) – Сәлем, Дана!
- Сәлем, Қанат!
 - Дана, халің қалай? Денсаулығың қалай?
 - Жақсы, рақмет! Өзіңнің денсаулығың қалай?
 - Тамаша, рақмет!
 - Қанат, танысып қой, бұл – менің інім, аты – Жомарт. Жомарт, танысып қой, бұл да менің досым. Оның аты – Қанат.
 - Жомарт, мен қуаныштымын! Жасың нешеде?
 - Он төрттемін.
 - О-о-о, жігіт екенсің! Дана, сендермен кездескеніме қуаныштымын! Көріскенше!
 - Біз де қуаныштымыз. Сау бол.
 - Сау болыңдар.

Тапсырма: Дана, Қанат, Әділ туралы айтыңыз.

- 3) – Сәлеметсің бе, Асан?
- Сәлеметсіз бе, апай?
 - Халің қалай?
 - Жақсы, рақмет. Сіздің ше?
 - Өте жақсы, рақмет.
 - Апай, денсаулығыңыз қалай?
 - О, денсаулығым жақсы, рақмет. Асан, сенің отбасың үлкен бе?
 - Жоқ, менің отбасым онша үлкен емес.
 - Сенің отбасыңда қанша адам бар?
 - Менің отбасымда төрт адам бар.
 - Олар кімдер?
 - Олар менің әкем, шешем, інім және мен.
 - Әке-шешен үлкен кісілер ме?
 - Жоқ, олар орта жаста. Әкем елу үште, шешем елу бірде.
 - Інің нешеде?
 - Інімнің жасы он бесте.
 - Өте жақсы. Інің жас екен!
 - Иә, ол **әлі жас**, бірақ өте ақылды.
 - Әке-шешен қазір ауылда ма?
 - Жоқ, олар қазір Алматыда.
 - А, солай ма?! Жақсы, сау бол, **айналайын!**
 - Сау болыңыз, апай!

Тапсырма: Асан туралы айтыңыз.

- 4) – Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?

- Танысайық, сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Мақпал. Ал сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Диана.
- Мен қуаныштымын, Диана.
- Мен де танысқаным қуаныштымын. Сіздің отбасыңыз бар ма?
- Иә, менің отбасым бар. Күйеуім және екі балам бар.
- Тамаша! Олар қазір осында ма?
- Жоқ, олар мұнда емес. Күйеуім жұмыста, ал балаларым мектепте.
- Балаларыңыз кішкентай ма?
- Иә, қызым сегізде, ұлым онда.
- Иә, олар әлі жас екен.
- Бұл сіздің балаңыз ба?
- Иә, бұл менің үлкен ұлым. Аты – Сырым.
- Өте сүйкімді бала екен. Оның жасы нешеде?
- Ол он сегізде.
- Өте жақсы. Неше балаңыз бар?
- Үш балам бар. Бір қыз, екі ұлым бар.
- Кіші ұлыңыз және қызыңыз мектепте ме?
- Жоқ, олар әжесінің үйінде.
- Әжеңіздің үйі қайда? Алматыда ма?
- Иә, осында, Алматының жанында кішкентай ауыл бар. Ауылдың аты – Жаңатұрмыс. Кіші ұлым мен қызым қазір сол жерде.
- Өте жақсы. Тамаша екен! Көріскенше, сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

Тапсырма: Диананың және Мақпалдың отбасы туралы айтыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

✓ Сіз қалай ойлайсыз?

Үлгі:

- (Сіз) *мына жігіт нешеде деп ойлайсыз?*

- Ол шамамен жиырмаларда деп ойлаймын.



2. Тапсырма.

- ✓ Мына отбасылар туралы әңгімелеңіз.
 - ✓ Отбасы қандай, қанша адам, жасы нешеде, қандай адамдар деп ойлайсыз?
- Жаңа сөздер: қазақ үйі, бесік, сәби.



- ✓ Суретті сипаттаңыз: бұлар кімдер, олар қандай, жастары нешеде, қайда кім/не отыр/тұр.

3. Тапсырма.

- ✓ Бір-біріңізбен әңгімелесіңіздер:
- ✓ Жасы туралы, отбасы туралы сұрап біліңіздер.

4. Тапсырма.

- ✓ Өзіңіздің және досыңыздың отбасы туралы айтыңыз.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

МЕДЕУ

Медеу мұз айдыны Алматының жанында 18 километр жерде, таудың ішінде орналасқан. Мұз айдыны 1951 жылы, ал спорт кешені 1972 жылы салынды.

Мұз айдынның ауданы 10,5 мың метр. Медеуде 12 мың 500 орын бар. Мұнда 2 жүзу қауызы, спорт зал, қонақ үй, асхана, кинозал, кітапхана орналасқан. Медеудің табиғаты тамаша! Ауасы өте таза!



Ескі Медеу

МЕДЕУ МҰЗ АЙДЫНЫ



ЖАҢА СӨЗДЕР

алпыс
алпыс жеті
алпыс үш
асхана
әлі
денсаулық
елу тоғыз
жетпіс сегіз
жүзу
жүз
кешен
километр
қауыз

қырық
қырық екі
неше
орта жас
өз
сексен
сексен алты
спорт кешені
тоқсан
тоқсан бір
ұялы телефон
шамамен

6-САБАҚ КІМ ҚАЙДАН?



Тыңдау және айту

1. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

Ұлт	Ел	Астана
Қазақ	Қазақстан	Астана
Орыс	Ресей	Мәскеу
Қытай	Қытай	Бейжинің
Американдық	Америка	Вашингтон
Кәріс/корей	Оңтүстік Корея	Сеул
Ағылшын	Ұлыбритания/Англия	Лондон

МЕН ҚАЗАҚСТАННАНЫМЫН



ГРАММАТИКА

Қайдан? О ₆	Қайдан?
-дан/-ден	І.П. л,р,й,у,з,ж
-нан/-нен	м,н,ң
-тан/-тен	V.
	Америка+дан, Ресей+ден
	Қазақстан+нан, Пекин+нен
	Ирак+тан, Ташкент+тен

2. Айтыңыз.

Қазақстан...
Ресей...
Қытай...
Жапония...
Америка...

Өзбекстан...
Корея...
Иран...
Ташкент...
Токио...

Каир...
Сеул...
Лондон...
Мәскеу...
Мадрид...

Астана..., Алматы..., Тараз..., Ақтау..., Қарағанды..., Жезқазған..., Ақтөбе..., Атырау..., Қостанай..., Семей..., Талдықорған..., Көкшетау... .

3. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

<u>Мен</u> Қазақстаннан <u>мын</u>	<u>Біз</u> Қазақстаннан <u>быз</u>
<u>Сен</u> Қазақстаннан <u>сың</u>	<u>Сендер</u> Қазақстаннан <u>сыңдар</u>
<u>Сіз</u> Қазақстаннан <u>сыз</u>	<u>Сіздер</u> Қазақстаннан <u>сыздар</u>
<u>Ол</u> Қазақстаннан__	<u>Олар</u> Қазақстаннан

4. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

– Сіз қайдансыз?	– Сіз қай жерденсіз?
– Сен қайдансың?	– Сен қай жерденсің?
– Мен Ресейденмін.	
– Ол қайдан?	– Ол қай жерден?
– Ол Қазақстаннан.	
– Сіздер қайдансыздар?	– Сіздер қай жерденсіздер?
– Сендер қайдансыңдар?	– Сендер қай жерденсіңдер?
– Біз Америкаданбыз.	
– Олар қайдан?	– Олар қай жерден?
– Олар Кореядан	

5. Диалогты толықтырыңыз.

- | | |
|------------------------|-----------------------------|
| – Сіз қайдансыз? | – Сенің досың қай жерден? |
| – Мен Жапония...мын. | – Менің досым Пекин... |
| – Сен қайдансың? | – Сіздің әкеңіз қай жерден? |
| – Мен Өзбекстан...мын. | – Әкем Ресей.... |

6. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен Корея... . Менің әкем Сеул... . Шешем Бусан... . Менің тобымда бес студент бар. Олар Қытай... . Менің досым Америка... , Лас-Вегас.... Менің көршім Франция... . Ұлы ақын Абай Семей... . Досымның әке-шешесі Мәскеу... .

Сен қайдан...? Сіз қай жерден...? Андрей қайдан...? Сендер қай жерден...? Мынау Арман мен Болат. Олар қайдан? Сіздер қайдан...? Мен Талдықорғаннан... . Біз Қырғызстаннан... .

7. Жауап беріңіз.



- | | |
|----------------------|------------------------------|
| – Сен қай жерденсің? | – Сіздің мұғаліміңіз қайдан? |
| – (Қытай) | – (Талдықорған) |
| – Сіз қайдансыз? | – Сенің көршің қай жерден? |
| – (Аргентина) | – (Калифорния) |

8. Сұрақ қойыңыз.

- | | |
|-----------------------------|------------------------|
| – Сіз ... ? | – Сіздің шешеңіз ... ? |
| – Мен Оңтүстік Кореяданмын. | – Ол Үрімшіден. |

- Сен ... ?
- Мен Таразданмын.
- Сіздің досыңыз ... ?
- Менің досым Вашингтоннан.
- Сіздер ... ?
- Біз Пакистаннанбыз.
- Сендер ... ?
- Мен Испанияданмын, ал менің досым Кореядан.

9. Айтыңыз, тобыңызда кім қай жерден?

		
Қазақстан	Қырғызстан	Ресей
		
Жапония	Қытай	Корея
		
Америка	Австралия	Канада

10. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қайдансыз?
2. Сіздің досыңыз қайдан?
3. Сіздің мұғаліміңіз қай жерден?

11. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

– Сіз Америкадансыз ба? Сен Америкадансың ба?	– Сіздер Америкадансыздар ма? – Сендер Америкадансындар ма?
– Иә, мен Америкаданмын. Жоқ, мен Америкадан емеспін, Канададанмын.	– Иә, біз Америкаданбыз. Жоқ, біз Америкадан емеспіз, Канададанбыз

– Ол (олар) Қытайдан ба?
– Иә, ол (олар) Қытайдан. Жоқ, ол (олар) Қытайдан емес, Кореядан.

12. Диалогты оқыңыз.

- 1)
 - Элизабет, сен Америкадансың ба?
 - Иә, мен Америкаданмын. Ал сен қайдансың?
 - Мен Перуденмін.
- 2)
 - Фатима, сіз қайдансыз?
 - Мен Қытайданмын. Ал сіз Түркиядансыз ба?
 - Жоқ, мен Түркиядан емеспін, Францияданмын.
- 3)
 - Айман, сіздің досыңыз бар ма?
 - Иә, менің досым бар.
 - Оның аты кім?
 - Оның аты – Жанат.
 - Ол да Алматыдан ба?
 - Иә, ол да Алматыдан.

13. Жауап беріңіз.

- | | |
|-----------------------------------|--------------------------------|
| – Сен Аргентинадансың ба? | – Сіздің әкеңіз қай жерден? |
| – Иә, ... | – ... |
| – Сіз Мексикадансыз ба? | – Сендер Германиядансыңдар ма? |
| – Жоқ, ... | – Жоқ, |
| – Сіздің досыңыз Қазақстаннан ба? | – Сіздер қайдансыздар? |
| – Иә, ... | – ... |

14. Диалог құрастырыңыз.

- 1) Мен Тайваннанмын. Менің әкем Сингапурдан, ал шешем Тайваннан.
- 2) Иә, мен Қырғызстаннанмын. Менің досым Испаниядан.
- 3) Жоқ, мен Қазақстаннан емеспін, Ресейденмін. Иә, олар Жапониядан.



ГРАММАТИКА

Мен	-мын/-мін	І.П. м,н,ң,р,л,й,у	Біз	-мыз/-міз	І.П.р,л,й,у
	-бын/-бін	з,ж		-быз/-біз	м,н,ң,з,ж
	-пын/-пін	V		-пыз/-піз	V
Сен	-сың/-сің		Сендер	-сыңдар/-сіндер	
Сіз	-сыз/-сіз		Сіздер	-сыздар/-сіндер	
ОЛ	--		Олар	--	

15. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен қазақпын, қытаймын, кәріспін, қырғызбын.

Сен қазақсың, қытайсың, кәріссің, қырғызсың.

Сіз қазақсыз, қытайсыз, кәріссіз, қырғызсыз.

Ол қазақ, қытай, кәріс, қырғыз.

Біз қазақпыз, қытаймыз, кәріспіз, қырғызбыз.

Сендер қазақсыңдар, қытайсыңдар, кәріссіндер, қырғызсыңдар.

Сіздер қазақсыздар, қытайсыздар, кәріссіздер, қырғызсыздар.

Олар қазақ, қытай, кәріс, қырғыз.

16. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

1) – Сіздің ұлтыңыз кім?

Сенің ұлтың кім?

– Мен қазақпын. (Менің ұлтым қазақ)

2)

– Сіз қазақсыз ба?

Сен қазақсың ба?

– Иә, мен қазақпын.

Жоқ, мен қазақ емеспін, мен қырғызбын.

3)

– Сіздің ұлтыңыз кім?

– ...

– Сіздің досыңыздың ұлты кім?

– ...

2) Сіздің тобыңызда кім қайдан, ұлты кім, біліңіз.

17. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

1) *Ел, астана, облыс, аудан, қала, ықшамаудан, штат, ауыл, Шығыс Қазақстан облысы, Жаркент ауданы, Алматы қаласы, Ақсай ықшамауданы, Американың Кентукки штаты; Солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс; Елдің шығысы, Қазақстанның батысы, Алматының оңтүстігі, Астананың солтүстігі;*

2)

– Сіз қай қаладансыз?
 – Сен қай қаладансың?
 – Мен Алматы қаласынанмын.
 –
 – Сіздер қай қаладансыздар?
 – Сендер қай қаладансыңдар?
 – Біз Алматы қаласынанбыз.

– Ол (олар) қай қаладан?
 – Ол (олар) Алматы қаласынан.

18. Диалогты оқыңыз.

– Сен қайдансың?
 – Мен Ресейденмін.

– Сіздің әкеңіз қай жерден?
 – Талғар қаласынан.

– Қай қаладансың?
– Мен Мәскеу қаласынанмын.

– Сіз Жапониядансыз ба?
– Иә, мен Жапонияданмын.
– Қай қаладансыз?
– Киотоданмын.

– Киото қандай қала?
– Киото – **тарихи** қала. Ол – Жапонияның ескі астанасы.

– Талғар үлкен қала ма?
– Жоқ, Талғар – кішкентай қала.

– Ал сіз қайдансыз?
– ...
– Қай қаладансыз?
– ...
– Ол қандай қала?
– ...

19. Сұхбатқа қатысыңыз.

- Менің досым Ираннан.
- Лена Ресейден.
- Кан Жи Хе Кореядан.
- Антонио де Бремонт Испаниядан.
- Пьер Франциядан.

Ал мен Қытайданмын.

Ал Абай ...
Ал Чен Фан ...
Ал Ричард ...
Ал Сергей ...

20. Көңіл аударыңыз.

Қандай: жаңа – ескі, үлкен – кішкентай, таза – лас, кең – тар, биік – аласа, көп – аз, бейбіт, тыныш, қауіпті – қауіпсіз.

Нелер: Ғимараттар, көшелер, сауда орталықтары, бизнес орталықтары, мұражайлар, театрлар, кинотеатрлар, саябақтар, демалыс орындары, қонақүйлер, университеттер, мектептер; кітапханалар, медицина орталықтары, ауруханалар, дәріханалар, емханалар, мейрамханалар, кафелер.

21. Диалог құрастырыңыз.

✓ Достарыңыз қай қаладан, ол қандай қала, біліңіз.

22. Мәтіндерді оқыңыз.



Оқу және жазу

Менің отбасым.

Менің атым – Қанат. Мен қазақпын. Жасым қырық төртте. Мен Қазақстанның Семей қаласынанмын. Семей – кішкентай, ескі, бірақ әдемі қала.

Менің отбасым онша үлкен емес. Менің әйелім, екі ұлым және бір қызым бар. Әйелімнің аты – Ақмарал. Ол Талдықорғаннан. Талдықорған – кішкентай, таза, әдемі қала.

Ұлдарымның аттары: Дидар және Алпамыс. Үлкен ұлым он үште, кіші ұлым жетіде. Ал қызым – Іңкәр. Ол - он жетіде.

Қазір біз Алматы қаласындамыз. Алматыда үлкен саябақтар, үлкен сауда орталықтары, мұражайлар, әдемі ғимараттар көп.

Менің отбасым.

Танысайық! Менің аты-жөнім - Люси Браун. Мен Американдықпын. Мен Американың Кентукки штатынанмын. Менің жасым он тоғызда.


Менің отбасым – кішкентай. Отбасымда төрт адам бар. Менің әке-шешем орта жаста. Әкем елу үште, шешем елуде. Әкемнің аты - Дэвид. Кентуккиден. Шешемнің аты - Габриела. Ол Солтүстік Королинадан. Менің кішкентай інім бар. Оның аты – Томас. Ол он жаста. Томас өте ақылды бала.

Менің отбасым қазір Америкада, ал мен Қазақстанда Алматы қаласындамын. Алматы қаласы өте әдемі, ағаштары көп, жасыл қала.

1. Тапсырма: Қанаттың отбасы туралы кестені толтырыңыз.

Аты	ұлты	жасы	қайдан	Қай қала	Қандай қала
Қанат					

2. Тапсырма: кестенің көмегімен Люсидің отбасы туралы айтыңыз.



23. Диалогты оқыңыз.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Танысайық, менің атым – Алмас, ал сенің атың кім?
- Менің атым – Рюджи.
- Танысқаныма қуаныштымын!
- Мен де! Сен қазақсың ба?
- Иә, мен қазақпын. Ал сенің ұлтың кім?
- Мен жапонмын.
- О-о-о! Жапониядансың ба?
- Иә, Жапонияданмын.
- Қай қаладансың?
- Нара қаласынанмын.
- Өте жақсы, **Нара ескі қала, солай ма?**
- Иә, дұрыс. Нара ескі қала. Ол Жапонияның бұрынғы астанасы.
- **Иә, білемін, ол тарихи қала ғой.** Нара кішкентай қала ма?
- Жок, онша кішкентай емес, бірақ өте әдемі қала. **Тарихи ескерткіштер өте көп, табиғаты тамаша қала.**
- **Ол Жапонияның қай жерінде орналасқан?**
- **Нара қаласы Жапонияның оңтүстігінде орналасқан.**
- **Мынау қай қаланың суреттері?**
- **Бұл Нара қаласының суреттері.**

– Тамаша екен!

– Жақсы, мен танысқанымға қуаныштымын! Көріскенше!

– Мен де қуаныштымын! Көріскенше, сау бол!

Тапсырма: 1) Алмас пен Рюджи туралы айтыңыз.

1. Тапсырма.

СӨЙЛЕСЕЙІК!



Бұлар кімдер? Олар қайдан, ұлты кім, айтыңыз.

Қажетті сөздер.

Аты-жөні: Нұрсұлтан Назарбаев, Петр I, Маргарет Тетчер, Авраам Линкольн, Лучано Паваротти, Леонардо да Винчи.

Елі: Англия, Қазақстан, Америка, Ресей, Италия.

Ұлты: қазақ, американдық, орыс, итальяндық, ағылшын.



2. Тапсырма.

✓ Бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер. Кім қайдан, қай қаладан, ол қандай қала екенін айтыңыздар.

3. Тапсырма.

✓ Тобыңыз туралы әңгімелеңіз. Өз отбасыңыз туралы әңгімелеңіз.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

АСТАНА ҚАЛАСЫ

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы.

Астана Қазақстанның солтүстігінде Ақмола облысында орналасқан. Астанада 780 880 адам бар. Ауданы 200 шаршы шақырым. Астанада театрлар, кітапханалар, мұражайлар, музыка және өнер



мектептері, бизнес орталықтары бар. Астанада атақты Бәйтерек бар. Оның биіктігі 105 метр. Астана қаласында биік, әдемі ғимараттар көп. Астанада Есіл өзені бар. Оның ұзындығы 2450 км., Қазақстандағы ұзындығы 1400 км.

Астана – жас қала! Бейбіт, тыныш, қауіпсіз қала. Ол – «бейбітшіліктің қаласы».



ЖАҢА СӨЗДЕР

Австралия
ағылшын
Ақсай
Ақтау
Ақтөбе
Америка
Американдық
Англия
Аргентина
Астана
Атырау
аудан
ауыл
әлем
батыс
бейбіт
бизнес
білу
Бішкек
Вашингтон
жапон
Жапония
Жаркент
Жезқазған
испан

Испания
Италия
итальяндық
Канада
кафе
кәріс/корей
Кентукки
Киото
Көкшетау
кітапхана
қазақ
қай жерден
қайдан
Қарағанды
қауіпсіз
қауіпті
Қостанай
қырғыз
Қырғызстан
Қытай
Лондон
Мадрид
Мәскеу
медицина
мейрамхана

мектеп
Нара
Нидерланд
нидерландық
облыс
оңтүстік
Оңтүстік Корея
орыс
өзбек
Өзбекстан
өзен
өнер
Пекин
Перу
Ресей
Семей

Сеул
солтүстік
Талғар
Талдықорған
Тараз
Ташкент
Токио
Түркия
тыныш
ұзындық
ұлт
Ұлыбритания
шаршы шақырым
штат
шығыс
ықшамаудан



Тыңдау және айту

МАМАНДЫҚ

1. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

Мамандық			
оқытушы	өрт сөндіруші	заңгер	инженер
жазушы	әнші	зейнеткер	музыкант
жұмысшы	биші	ғарышкер	астроном
жүргізуші	мүсінші	аспаз	механик
құрылысшы	хатшы	ұшқыш	электрик
сатушы	бағдарламашы	шаруа	экономист
сәулетші	есепші	ғалым	режиссер
суретші	тілші	мұғалім	филолог
тарихшы	іскер	әскер	философ
аудармашы	дәрігер	шебер	агроном
тігінші		шаштараз	оператор

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Менің мамандығым
Сенің мамандығың
Сіздің мамандығыңыз
Оның мамандығы

Біздің мамандығымыз
Сендердің мамандықтарың
Сіздердің мамандықтарыңыз
Олардың мамандықтары

– Сіздің мамандығыңыз кім? Сенің мамандығың кім? – Менің мамандығым дәрігер.	– Сіздердің мамандықтарыңыз кім? Сендердің мамандықтарың кім? – Біздің мамандығымыз құрылысшы.
– Оның мамандығы кім? – Оның мамандығы аспаз.	– Олардың мамандықтары кім? – Олардың мамандықтары сатушы.
– Мараттың мамандығы кім? – Оның мамандағы бағдарламашы.	

3. Оқыңыз.

- | | |
|--|---|
| <p>1) – Сіздің мамандығыңыз кім?
– Менің мамандығым аудармашы.
Ал сіздің мамандығыңыз кім?
– Менің мамандығым тарихшы.</p> <p>2) – Мария, сенің мамандығың кім?
– Менің мамандығым сәулетші.
Ал сенің мамандығың кім?
– Менің мамандығым заңгер.</p> <p>3) – Әлия, бұл кім?
– Бұл менің досым, аты – Жұлдыз.
– Оның мамандығы кім?
– Оның мамандығы тігінші.</p> | <p>4) – Сәуле, сенің әкеңнің мамандығы кім?
– Менің әкемнің мамандығы инженер.
– Шешеннің мамандығы кім?
– Шешемнің мамандығы оқытушы.</p> <p>5) – Сіздің мамандығыңыз кім?
– ...
– Сіздің досыңыздың мамандығы кім?
– ...
– Сіздің әкеңіздің мамандығы кім?
– ...
– Сіздің шешеніңіздің мамандығы кім?
– ...</p> |
|--|---|

СІЗ КІМСІЗ?


4. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

– Сіз кімсіз? – Сен кімсің? – Мен жұмысшымын.	– Сіздер кімсіздер? – Сендер кімсіңдер? – Біз студентпіз.
– Ол кім? – Ол – мұғалім.	– Олар кімдер? – Олар – зейнеткерлер.

5. Оқыңыз.

– Сіз кімсіз? – Мен ұшқышпын.	– Сенің досың кім? – Ол – іскер адам.
– Сен кімсің? – ... – Мен суретшімін.	– Сенің көршіңнің мамандығы кім? – Оның мамандығы хатшы.
– Сенің әкеңнің мамандығы кім? – Ол – сәулетші.	– Сіз кімсіз? – ...
– Сенің ағаныңның мамандығы кім? – Менің ағам – әнші.	– Сіздің досыңыз кім? – ...
– Сіздің әпкеңіздің мамандығы кім? – Оның мамандығы суретші.	– Сіздің әкеңіз кім? – ...
	– Сіздің шешеніңіз кім? – ...


6. Бұлар кімдер?



7. Бұл кімнің аспабы?



8. Диалогты толықтырыңыз.



- | | |
|-------------------------------------|----------------------------------|
| – Сенің мамандығың кім? | – Сәлем! |
| – (Оператор) | – Сәлем! |
| – Сіз кімсіз? | – Сенің мамандығың кім? |
| – (жазушы) | – (жүргізуші) |
| | Ал сенің мамандығың кім? |
| – Сіздің көршіңіздің мамандығы кім? | – (жұмысшы) |
| – (филолог) | – Жақсы, рақмет. |
| | – Жақсы, сау бол. |
| – Сәлеметсіз бе? | – Сәлем! |
| – Сәлеметсіз бе? | – Сәлем! |
| – Сіздің атыңыз кім? | – ...? |
| – Менің атым – Дина. | – Менің мамандығым оқытушы. ...? |
| – Ал менің атым – Алма. | – Мен бишімін. |
| – Өте жақсы, мен қуаныштымын! | – Бұл кім? |
| – Мен де! ... ? | – Бұл менің сіңлім. |
| – Менің мамандығым – дәрігер. ...? | – ...? |
| – Мен суретшімін. | – Ол іскер адам. |
| – Танысқаным қуаныштымын. | – Жақсы, сау бол. |
| – Мен де, қуаныштымын. | – Сау бол. |

СІЗ СТУДЕНТСІ БЕ?

9. Оқыңыз.

- | | |
|-------------------------------------|--|
| – Сіз студентсіз бе? | – Сендер тарихшысыңдар ма? |
| – Иә, мен студентпін. | – Иә, біз тарихшымыз. |
| – Сіздің досыңыз студент пе? | – Сенің ағаң бастық па? |
| – Жоқ, ол студент емес, ол суретші. | – Жоқ, менің ағам бастық емес, ол жай қызметкер. |
| – Сіз студентсіз бе? | – Сіздің әкеңіз іскер адам ба? |
| – ... | – ... |
| – Сіздің досыңыз да студент пе? | – Сіздің көршіңіз суретші ме? |
| – ... | – ... |

10. Диалогты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Танысайық, менің атым – Талғат. Ал сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Юн Ха.
- Сіз қайдансыз?
- Мен Кореяданмын.
- Қай қаладансыз?
- Сеул қаласынанмын.
- О-о-о! Сеул астана ғой!
- Иә, Сеул Оңтүстік Кореяның астанасы. Сіз Алматыдансыз ба?
- Иә, мен Алматыданмын. Сіздің мамандығыңыз кім?

- Мен аудармашымын. Ал сіз студентсіз бе?
- Иә, мен студентпін.
- Сіздің жасыңыз нешеде?
- Мен жиырмадамын.
- Талғат, мен танысқаныма қуаныштымын!
- Мен де өте қуаныштымын! Көріскенше, сау болыңыз!
- Келесі кездескенше, сау болыңыз!

Тапсырма. Талғат және Юн Ха туралы айтыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

Бір-біріңізбен мамандық туралы сөйлесіңіздер.

- ✓ Досыңыздан мамандығы кім екенін сұрап біліңіз.
- ✓ Досыңыздың отбасында кімнің мамандығы кім екенін сұрап біліңіз.

2. Тапсырма. Мәтін құрастырыңыз.

- ✓ Досыңыздың отбасы туралы айтыңыз.
- ✓ Өзіңіздің отбасыңыз туралы айтыңыз.




КІМ НЕ ІСТЕУДІ?

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

НЕ ІСТЕУ?			
оқу	табу	басталу	кнiну
тыңдау	білу	аяқталу	жинау
түсiну	жаттау	демалу	ойлау
қайталау	есте сақтау	ұйықтау	тазалау
жазу	ұмыту	тамақ ішу	ойнау
аудару	айту	ұнату	дайындау
сұрау	жалғастыру	үйрену	қыдыру
сұрақ қою	сөйлеу	жақсы көру	аралау
жауап беру	сөйлесу	тұру	көру
іздеу	жұмыс істеу	жуыну	қарау
		келісу	жасау



ГРАММАТИКА



V + -a/-e/-й + pers.end.

Жұмыс істеу	–	Мен жұмыс істе + й + <u>мін.</u>
Тұру	–	Мен тұр + а + <u>мын.</u>
Білу	–	Мен біл + е + <u>мін.</u>

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

<u>Мен</u>	тұра <u>мын</u> ,	жұмыс істей <u>мін</u> ,	оқи <u>мын</u> .
<u>Сен</u>	тұра <u>сың</u> ,	жұмыс істей <u>сің</u> ,	оқи <u>сың</u> .
<u>Сіз</u>	тұра <u>сыз</u> ,	жұмыс істей <u>сіз</u> ,	оқи <u>сыз</u> .
<u>Ол</u>	тұра <u>ды</u> ,	жұмыс істей <u>ді</u> ,	оқи <u>ды</u> .
<u>Біз</u>	тұра <u>мыз</u> ,	жұмыс істей <u>міз</u> ,	оқи <u>мыз</u> .
<u>Сендер</u>	тұра <u>сындар</u> ,	жұмыс істей <u>сіндер</u> ,	оқи <u>сындар</u> .
<u>Сіздер</u>	тұра <u>сыздар</u> ,	жұмыс істей <u>сіздер</u> ,	оқи <u>сыздар</u> .
<u>Олар</u>	тұра <u>ды</u> ,	жұмыс істей <u>ді</u> ,	оқи <u>ды</u> .

3. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1) Мен біл...мін. Сен жаз...сың. Сен ойла...сың. Сіз демал...сыз. Біз түсін...міз. Олар айт...ды. Сендер тыңда...сындар. Сіздер тамақ іш...сіздер. Бақыт қайтала...ды. Сен ұмыт...сың. Сіздер жақсы көр...сіздер.

2) Мен аудар..... . Біз есте сақта..... . Олар қыдыр..... . Сендер жалғастыр..... . Сіз айт..... . Ол дайында..... . Сен ұнат..... . Сіздер ойна..... . Менің досым біл..... .

4. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

КІМ	ҚАЙДА (О ₅)	НЕ ІСТЕЙДІ?
Мен	университетте	оқимын.
Менің әкем	балалар ауруханасында	жұмыс істейді.
Менің шешем	мектепте	жұмыс істейді.
Менің досым	Стамбул қаласында	тұрады.

5. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз. Жазыңыз.

Оқу.

Мен оқимын.

Мен университетте оқимын.

Мен Қазақ университетінде оқимын.

Мен Қазақ ұлттық университетінде оқимын.

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқимын.

Тұру

Мен тұрамын.

Мен жатақханада тұрамын.

Мен нөмірі алтыншы жатақханада тұрамын.

Жұмыс істеу.

Мен жұмыс істеймін.

Мен зауытта жұмыс істеймін.

Мен машина зауытында жұмыс істеймін.



Есте сақтаңыз!

НЕШІНШІ?

Сан + - ыншы/-інші /-ншы/-нші

Бір – бірінші	алты – алтыншы	он бір – он бірінші
екі – екінші	жеті – жетінші	...
үш – үшінші	сегіз – сегізінші	жнырма – жнырмасыншы
төрт – төртінші	тоғыз – тоғызыншы	қырық – қырқыншы
бес – бесінші	он – оныншы	

6. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

– Сіз қайда оқисыз?

– Сен қайда оқисың?

– Мен университетте оқимын.

– Ол (олар) қайда жұмыс істейді?

– Ол (олар) дүкенде жұмыс істейді.

– Сіздер қайда тұрасыздар?

– Сендер қайда тұрасыңдар?

– Біз жатақханада тұрамыз.

– Сенің ағаң қайда оқиды?

– Менің ағам Лондонда университетте оқиды.

7. Сұраққа жауап беріңіз.

- Сіз қайда оқисыз?
- (Мектеп).
- Сен қайда тұрасың?
- (Жатақхана).
- Нешінші жатақханада тұрасың?
- (Нөмірі 6).
- Сіздің әкеңіз қайда жұмыс істейді?
- (Аурухана).
- Қай ауруханада жұмыс істейді?
- (Балалар ауруханасы).


- Сендер қайда оқисындар?
- (Университет).
- Қай университетте оқисындар?
- (Қазақ университеті).
- Қай факультетте оқисындар?
- (Заң факультеті).

- Сіздер қайда демаласыздар?
- (Саябақ).
- Қай саябақта демаласыздар?
- (Балалар саябағы).

- Балалар қайда ойнайды?
- (Балалар бақшасы).
- Сіз қайда оқисыз?
- ...
- Сіз қайда тұрасыз?
- ...
- Сіздің әкеңіз қайда жұмыс істейді?
- ...

8. Сұрақ қойыңыз.

- 1) – Сен ... ?
 - Мен университетте оқимын.
 - ...?
 - Қазақ университетінде оқимын.
 - ...
 - Дайындық факультетінде оқимын.
- 2) – Сіз ...?
 - Мен Абай көшесінде тұрамын.
 - ?
 - Мен нөмірі 35-інші (отыз бесінші) үйде тұрамын.
 -?
 - Мен нөмірі 12-інші пәтерде тұрамын.
- 3) – ... ?
 - Менің әкем фирмада жұмыс істейді.
 - ...?
 - Қазақстан - Корей фирмасында жұмыс істейді.



– ...?

– Ол Фурманов көшесінде орналасқан.

4) – ...?

– Менің ағам Алматыда университетте оқиды.

– ...?

– Ол жатақханада тұрады.

– ...?

– Ол нөмірі 5-інші жатақханада тұрады.

5) – ...?

– Иә, менің досым бар.

– ...?

– Оның аты Олжас.

– ... ?

– Иә, ол студент.

– ...?

– Ол халықаралық қатынас факультетінде оқиды.

**2) Айтыңыз. Олардың мамандығы кім?
Қайда жұмыс істейді?**



3) Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ✓ Сіз қайда оқисыз?
- ✓ Сіз қай университетте оқисыз?
- ✓ Сіз қай (нешінші) топта оқисыз?
- ✓ Сіздің дәрісханаңыз нешінші қабатта?
- ✓ Сіздің дәрісханаңыздың нөмірі қанша?
- ✓ Сіз қайда тұрасыз?
- ✓ Сіз қай жатақханада (көшеде, үйде, пәтерде) тұрасыз?
- ✓ Сіздің әкеңіздің мамандығы кім?
- ✓ Сіздің әкеңіз қайда жұмыс істейді?
- ✓ Сіздің әке-шешеніз қайда тұрады?

4) 10-тапсырмадағы сұрақтарды пайдаланып бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер. До-сыңыз туралы айтыңыз. (Ол қайда оқиды, қайда тұрады екен?)

МЕН ОҚЫМАЙМЫН. МЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН.



ГРАММАТИКА

	-ма/-ме	I, II, p, л, й, у	тұр(у) + ма = тұрма(у), біл(у) + ме = білме(у)
V +	-ба/-бе	м, н, ң, ж, з	жаз(у) + ба = жазба(у), түсін(у) + бе = түсінбе(у)
	-па/-пе	V	айт(у) + па = айтпа(у), кет(у) + пе = кетпе(у)

Не істеу?	Не істемеу?	Не істеу?	Не істемеу?
айту алу аудару беру білу дайындау демалу есте сақтау жазу жақсы көру жалғастыру жасау жаттау жауап беру жинау жуыну жұмыс істеу қайталау қарау келісу		кету киіну көру қуану ойлау ойнау оқу сөйлесу сөйлеу сұрақ қою сұрау тазалау тамақ ішу тұру түсіну тыңдау ұмыту ұнау ұнату үйрену	

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

	-ма/-ме	І.П.р,л,й,у
V +	-ба/-бе	м,н,ң,ж,з
	-па/-пе	V
Мен	біл+ме + й + мін	
Мен	жаз+ба + й +мын	

Мен білемін	- Мен білмеймін
Сен білесің	- Сен білмейсің
Сіз білесіз	- Сіз білмейсіз
Ол біледі	- Ол білмейді
Біз білеміз	- Біз білмейміз
Сендер білесіңдер	- Сендер білмейсіңдер
Сіздер білесіздер	- Сіздер білмейсіздер
Олар біледі	- Олар білмейді

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

– Сіз оқисыз ба?	– Сіздер оқисыздар ма?
– Сен оқисың ба?	– Сендер оқисыңдар ма?
– Иә, мен оқимын.	– Иә, біз оқимыз.
– Жоқ, мен оқымаймын, жұмыс істеймін.	– Жоқ, біз оқымаймыз, жұмыс істейміз.
– Ол (олар) оқи ма?	
– Иә, ол (олар) оқиды.	
– Жоқ, ол (олар) оқымайды, жұмыс істейді.	

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Сіз оқисыз ба?	– Балалар доп ойнай ма?
– Иә, ...	– Иә, ...
– Сіз жұмыс істейсіз бе?	– Сіз балмұздақ жақсы көресіз бе?
– Жоқ, ...	– Иә, ...
– Сіз жауап бересіз бе?	– Сен ертең демаласың ба?
– Иә, ...	– Жоқ, ...
– Сіздің досыңыз оқи ма?	– Сіздің отбасыңыз Алматыда тұра ма?
– Иә, ...	– Жоқ, ...
– Сендер музыка тыңдайсыңдар ма?	– Сіздің шешеңіз жұмыс істей ме?
– Иә, ...	– Иә, ...
– Олар тапсырма жаза ма?	
– Жоқ, ...	

4. Сұрақ қойыңыз.

_____?	Иә, мен жұмыс істеймін.
_____?	Жоқ, мен демалмаймын.
_____?	Иә, менің ағам оқиды.
_____?	Менің ағам Англияда оқиды.
_____?	Жоқ, мен жатақханада тұрмаймын.
_____?	Иә, менің досым жатақханада тұрады.

_____ ? Иә, менің досым студент.
 _____ ? Иә, ағам ағылшынша мәтін аударады.
 _____ ? Жоқ, жапонша түсінбеймін.
 _____ ? Иә, мен ағылшынша түсінемін.


5. Диалогты толықтырыңыз.

- | | |
|--------------------------------------|--|
| – Сіз жұмыс істейсіз бе? | – Сіздің отбасыңыз Алматыда тұра ма? |
| – ... | – ... |
| – Сіз қайда оқисыз? | – Сіздің досыңыз оқи ма? |
| – ... | – ... |
| – Сіз қай факультетте оқисыз? | – Сіздің досыңыздың үйі қайда орналасқан? |
| – ... | – ... |
| – Сіз жатақханада тұрасыз ба? | – Сіз оқытушыңыздың мекенжайын білесіз бе? |
| – ... | – ... |
| – Сіз қай көшеде тұрасыз? | – Сіз қазақша білесіз бе? |
| – ... | – ... |
| – Сіз нешінші (қай) үйде тұрасыз? | |
| – ... | |
| – Сіз нешінші (қай) пәтерде тұрасыз? | |
| – ... | |

6.



Есте сақтаңыз!



- Сіз қазақша оқисыз ба?
 – ...
 – Сіз қазақша білесіз бе?
 – ...
 – Сіз орысша түсінесіз бе?
 – ...
 – Сіз ағылшынша сөйлемейсіз бе?
 – ...

- Сіз қазақ тілінде сөйлейсіз бе?
 – ...
 – Сіз қазақ тілінде сөйлесесіз бе?
 – ...
 – Сіз испан тілінде жазасыз ба?
 – ...
 – Сіз неміс тілінде сөйлейсіз бе?
 – ...

7. Диалогты оқыңыз.

1)

- Қайырлы күн!
 - Қайырлы күн!
 - Танысайық, менің атым – Мақсат, сенің атың кім?
 - Ләйлә.
 - Қай жерденсің?
 - Атырауданмын. Ал сен ше?
 - Мен Ақтөбеденмін. Сен студентсің бе?
 - Иә, мен студентпін.
 - Сен қайда оқисың?
 - Мен университетте оқимын.
 - Қай университетте оқисың?
 - Осы Алматыда Қазақ университетінде оқимын. Ал сен оқисың ба?
 - Иә, мен де оқимын.
 - Қайда оқисың?
 - Медицина университетінде оқимын.
 - Ол қайда орналасқан?
 - Ол Төле би көшесінде орналасқан. Ал сен қай факультетте оқисың?
 - География факультетінде оқимын.
 - Қазақ университеті Тимирязев көшесінде ме?
 - Иә, **ҚазҰУ қалашығы** Тимирязев көшесінде орналасқан.
 - ҚазҰУ-де жатақханалар көп қой, сен жатақханада тұрасың ба?
 - Иә, алтыншы жатақханада тұрамын. Сен де жатақханада тұрасың ба?
 - Жоқ, мен жатақханада тұрмаймын, Әуезов көшесінде пәтерде тұрамын.
 - Жақсы екен. Сен ағылшынша білесің бе?
 - Иә, ағылшынша жақсы білемін. Сен ше?
 - Мен ағылшын тілінде жақсы жазамын, бірақ онша жақсы сөйлемеймін.
- Жақсы тағы хабарласамыз.
- Жақсы, мен танысқанымға қуаныштымын. Сау бол!
 - Мен де! Көріскенше сау бол!



Тапсырма: Ләйлә мен Мақсат туралы айтыңыз.



- 1) – Сәлеметсіз бе?
- Амансындар ма, балалар?
- Әке, танысып қойыңыз, бұл менің досым. Аты – Толға. Біз дайындық факультетінде бірге оқимыз.
- О-о-о өте жақсы, **балам**, қай жерденсің?
- Мен Түркиядан, Стамбул қаласынанмын.
- Ұлтың түрік пе?
- Иә, мен түрікпін.
- Отбасың үлкен бе?
- Жоқ, онша үлкен емес. Бес адам бар. Әке-шешем, ағам, қарындасым және мен.
- Жақсы, **қарағым**, жасың нешеде?

- Мен жиырма жастамын.
- Әке-шешен үлкен кісілер ме?
- Жоқ, олар орта жаста. Әкем елу бесте, шешем елуде.
- Әке-шешен жұмыс істей ме?
- Әкем жұмыс істейді, ал шешем жұмыс істемейді, ол үйде.
- Әкең қайда жұмыс істейді?
- Әкем – сәулетші, ол құрылыс компаниясында жұмыс істейді.

- Ағаң жұмыс істей ме, оқи ма?
- Ағам да жұмыс істейді. Ол банкте экономист болып жұмыс істейді.
- Өте жақсы, ағаң неше жаста?
- Ағам отыз жаста.
- Тамаша, **қарағым. Сен өте жақсы жігіт екенсің!** Қайда тұрасың?
- Мен ҚазҰУ-дың жатақханасында тұрамын.
- Жатақхана ұнай ма?
- Иә, ұнайды. Себебі біздің жатақханамыз таза, бөлмелеріміз **ыңғайлы.**
- Жақсы екен. **Үйге келіп тұр!**
- Жақсы, сау болыңыз!
- Сау болындар, балалар!

Тапсырма: Толға туралы және оның отбасы туралы айтыңыз.



Есте сақтаңыз!

Айналайын!
Айналайын, балам! Айналайын, қызым!
Қарағым!
Шырағым!
Балам!
Балакай!

8. Мәтінді оқыңыз. Қанаттың мамандығы кім екен?

Менің отбасым.

Менің атым – Қанат. Мен қазақпын. Жасым қырық төртте. Мен Қазақстанның Семей қаласынанмын. Менің мамандығым сәулетші. Мен құрылыс компаниясында жұмыс істеймін.

Менің отбасым онша үлкен емес деп ойлаймын. Менің әйелім, екі ұлым және бір қызым бар. Әйелімнің аты - Ақмарал. Ол ағылшын тілінің маманы. Алматыда нөмірі 123-інші мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Ол Талдықорғаннан.

Ұлдарымның аттары Дидар және Алпамыс. Үлкен ұлым он үште, кіші ұлым жетіде. Ұлдарым мектепте оқиды. Дидар жетінші сыныпта, Алпамыс екінші сыныпта оқиды. Олар жақсы оқиды. Ал қызым Іңкәр – он жетіде. Ол студент. Шет тілдері университетінде халықаралық қатынас факультетінде бірінші курста оқиды. Ол ағылшынша, орысша жақсы біледі.

Қазір біз Алматы қаласындамыз. Біз Қабанбай көшесінде 112-ші үйде, 6-шы пәтерде тұрамыз. Пәтеріміз төрт бөлмелі, ыңғайлы.

Біз жексенбі күндері саябақта немесе қаланың сыртында демаламыз, дәмді тамақтар ішеміз.

9. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Қанаттың мамандығы кім?
- Ол қайда жұмыс істейді.
- Оның әйелі жұмыс істей ме?
- Қайда жұмыс істейді?
- Ол **кім болып жұмыс істейді?**
- Оның балалары қайда оқиды?
- Нешінші сыныпта (курста) оқиды?
- Олар қайда, қай көшеде тұрады?
- Олардың пәтері қандай?
- Олар қайда демалады?

10. Сіз келісесіз бе? – Иә, дұрыс, келісемін.– **Жоқ, дұрыс емес, келіспеймін.**

- ✓ Қанат Талдықорғаннан.
- ✓ Қанат жазушы.
- ✓ Қанат қырық төрт жаста.
- ✓ Қанаттың отбасы бар.
- ✓ Қанаттың әйелінің аты Мария.
- ✓ Қанаттың әйелі жұмыс істемейді.
- ✓ Қанаттың екі баласы бар.
- ✓ Қанаттың қызы студент.
- ✓ Қанаттың қызы университетте оқиды.
- ✓ Қанаттың отбасы саябақта демалады.

5) Ойды жалғастырыңыз.

Мен сәулетшімін. _____

Ақмарал ағылшын тілінің маманы. _____

Ұлдарым мектепте оқиды. _____

Қызым студент. _____

Біз Алматыда тұрамыз. _____

Біз жиі демаламыз. _____

6) Қанаттың отбасы туралы әңгімеленіңдер.**7) Мәтінді оқыңыз. Люсидің отбасында қандай мамандық иелері бар екен?**

Менің отбасым.

Танысайық! Менің аты-жөнім – Люси Бран. Мен Американдықпын. Мен Американың Кентукки штатынанмын. Менің жасым он тоғызда. Мен студентпін. Алматы қаласында Қазақ университетінде дайындық факультетінде оқимын. Мен орысша білмеймін, ал қазақша аздап сөйлеймін.

• Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ✓ Люси қайда оқиды?
- ✓ Ол орысша біле ме?
- ✓ Ол нешінші топта оқиды?
- ✓ Люси қайда тұрады?
- ✓ Нешінші бөлмеде тұрады?

Мен 16-шы топта қазақша оқимын. Тобымда алты студент оқиды. Олар Қытайдан және Америкадан. Олар менің достарым. Біз жатақханада тұрамыз. Мен 502 (бес жүз екінші) бөлмеде тұрамын. Бөлмем ұнайды.

Менің отбасым кішкентай. Отбасымда төрт адам бар. Менің әке-шешем орта жаста. Әкем елу үште, шешем елуде. Әкемнің аты – Дэвид. Кентуккиден. Әкемнің мамандығы дәрігер. Ол балалар ауруханасында жұмыс істейді. Шешемнің аты – Габриела. Ол Солтүстік Королинадан. Шешем тігінші, бірақ қазір жұмыс істемейді.

Менің кішкентай інім бар. Оның аты – Томас. Ол он жаста. Томас өте ақылды бала. Мектепте төртінші сыныпта оқиды.

Менің отбасым Америкада тұрады.

- ✓ Люсидің әкесінің мамандығы кім?
- ✓ Ол қайда жұмыс істейді?
- ✓ Люсидің шешесі жұмыс істей ме?
- ✓ Оның мамандығы бар ма?
- ✓ Томас нешінші сыныпта оқиды?
- ✓ Люсидің отбасы қайда тұрады?

8) Сіз келісесіз бе? – Иә, дұрыс, келісемін.

– Жоқ, дұрыс емес, келіспеймін.

- ✓ Люси Америкадан.
- ✓ Люси он тоғызда.
- ✓ Люси жұмыс істейді.
- ✓ Люси дайындық факультетінде оқиды.
- ✓ Люси орысша оқиды.
- ✓ Люсидің тобында 6 студент бар.
- ✓ Люси жатақханада тұрады.
- ✓ Люсидің бөлмесі ұнамайды.
- ✓ Люсидің әкесі дәрігер.
- ✓ Люсидің әкесі жұмыс істемейді.
- ✓ Люсидің шешесі жұмыс істейді.
- ✓ Люсидің інісі оқымайды.
- ✓ Люсидің отбасы Америкада тұрады.

9) Айтыңыз және жазыңыз.

Люси _____

Люсидің әкесі _____

Люсидің шешесі _____

Люсидің інісі _____

Тапсырма: Люсидің отбасы туралы айтыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

✓ Бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер:

- Амандасу.
- Хал-жағдай сұрау.
- Кім қайдан, сұрау.
- Мамаңдығы туралы сұрау.
- Жұмыс орны туралы сұрау.
- Мекенжайы туралы сұрау.
- Демалу орны туралы сұрау.
- Телефон нөмірін алу.
- Ризашылық білдіру.
- Қоштасу.

- Амандасу.
- Хал-жағдай сұрау.
- Досын таныстыру:
 - ✓ Қайдан, жасы нешеде, қайда оқиды, қайда тұрады, қай тілде сөйлейді, айту.
- Ризашылық білдіру.
- Қоштасу.

2. Тапсырма.

- ✓ Өзіңіздің отбасыңыз туралы әңгіме жазыңыз.
- ✓ Әлияның отбасы туралы толық мәлімет жазыңыз.

ӘЛИЯНЫҢ ОТБАСЫ



Оқыңыз, қызық!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1934 жылы 15 қаңтарда ашылды. Қазіргі кезде университет 37 мамандық бойынша кадрлар дайындайды. Бұл беделді және атақты жоғары оқу орны және үлкен ғылыми зерттеу орталығы. Университетте 2500-ден көп жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді. Университеттің білім жүйесі үш сатылы: бакалавр – магистр – PhD. Университетте 14 факультет бар. Мұнда 20 000-дай студент оқиды. Олар:

- Биология және биотехнология факультеті;
- Журналистика факультеті;
- География және табиғатты пайдалану факультеті;
- Физика-техникалық факультет;
- Механика-математика факультеті;
- Халықаралық қатынастар факультеті;
- Шығыстану факультеті;
- Заң факультеті;
- Философия және саясаттану факультеті;
- Химия және химиялық технология факультеті;
- Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті;
- Тарих, археология және этнология факультеті;
- Экономика және бизнес жоғары мектебі;
- ЖОО дейінгі білім беру факультеті;



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тимирязев көшесі бойында орналасқан. Бұл үлкен қалашық. ҚазҰУ қалашығында 15 қабатты ректорат ғимараты, көптеген оқу ғимараттары, кітапхана, стадион, спорт кешені, жатақханалар, асхана, дүкен, кинотеатр, Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы орналасқан.



ЖАҢА СӨЗДЕР

агроном
айту
алу
аралау
аспаз
астроном

аудармашы
аудару
аяқталу
әнші
әскер
бағдарламашы

басталу	нөмір
беру	ойлау
биші	ойнау
ғалым	оқу
ғарышкер	оператор
дайындау	өрт сөндіруші
дайындық	режиссер
демалу	сазгер
есепші	сатушы
есте сақтау	сәулетші
жазу	сөйлесу
жазушы	сөйлеу
жақсы көру	суретші
жалғастыру	сұрақ қою
жасау	сұрау
жаттау	табу
жауап беру	тазалау
жинау	тамақ ішу
жуыну	тарихшы
жұмыс істеу	түсіну
жұмысшы	тыңдау
жүргізуші	тігінші
заңгер	тілші
зауыт	ұйықтау
зейнеткер	ұмыту
инженер	ұнау
келісу	ұнату
киіну	ұшқыш
көру	үйрену
қайталау	филолог
қарау	философ
құрылысшы	шаруа
қыдыру	шаштараз
мамандық	шебер
механик	іздеу
музыкант	іскер
мүсінші	экономист
не істеу	электрик



8-САБАҚ ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАҒЫТЫ



Тыңдау және айту

1. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

мен – маған

сен – саған

сіз – сізге

ол – оған

біз – бізге

сендер – сендерге

сіздер – сіздерге

олар – оларға

бұл – бұған

мынау – мынаған

анау – анаған

сол – соған

МЕН ОҚЫМАЙМЫН, МЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН.

2. Тыңдаңыз және қайталаңыз.

Кімге	не/кім	керек
Маған	қазақша-орысша сөздік	
Саған	мұғалім	
Сізге	сөмке	
Оған	аяқкиім	керек.
Бізге	азық-түлік	
Сендерге	шай	
Сіздерге	декан	
Оларға	кинотеатр	
Балаларға	кәмпит	

Кімге	не істеу	керек
Маған	қазақша оқу	
Саған	музыка тыңдау	
Сізге	хат жазу	
Оған	аяқкиім сатып алу	керек.
Бізге	азық-түлік әкелу	
Сендерге	шай дайындау	
Сіздерге	тамақ ішу	
Оларға	сөйлесу	
Студентке	таза ауада демалу	



ГРАММАТИКА

Кімге? Неге? Қайда?– О₃

-ға/-ге	I. II. III. IV.	Балаға, қыздарға, дүкенге, үйге
-қа/-ке	V.	Маратқа, мектепке, сабаққа
-а/-е	менің, сенің, сендердің ... +	Менің әкеме, сенің үйіңе, сендердің достарыңа
-на/-не	оның, олардың ... +	Оның досына, оның үйіне, олардың жұмысына, Алматы қаласына, Рамстор гипермаркетіне, досымның бөлмесіне

3. Оқыңыз. Жазыңыз.

1) Бала.. ойыншық керек. Мұғалім... көмек керек. Студент... сабақ оқу керек. Дарын... сурет салу керек. Менің балам... коньки тебу керек. Сенің достарың... хат жазу керек. Қыздар... көйлек керек. Сенің ағаң... көкөніс керек. Олардың жұмыстары... жаңа компьютер керек.

2) (Мен) кішкентай тоңазытқыш керек. (Ол) хат жазу керек. (Сен) қалам керек пе? (Біз) жылы дәрісхана керек. (Сіз) кофе ішу керек. (Сендер) тамақ ішу керек пе? (Сіздер) демалу керек пе?

4. Оқыңыз.

– Сізге қалам керек пе? Саған қалам керек пе?	– Сіздерге демалу керек пе? Сендерге демалу керек пе?
– Иә, маған қалам керек.	– Иә, бізге демалу керек.
– Жоқ, маған қалам керек емес, қарындаш керек.	– Жоқ, бізге демалу керек емес, жұмыс істеу керек.
– Оған (оларға) декан керек пе? – Иә, оған (оларға) декан керек. Жоқ, оған (оларға) декан керек емес, мұғалім керек.	

5. Жауап беріңіз.

- | | |
|---------------------------------------|------------------------------------|
| – Сізге декан керек пе? | – Саған сабақ оқу керек пе? |
| – ... | – ... |
| – Сізге демалу керек пе? | – Сенің досыңа сабақ оқу керек пе? |
| – ... | – ... |
| – Сендердің бөлмелеріңе шам керек пе? | |
| – ... | |


6. Сұрақ қойыңыз.

- ... ?
- Иә, маған үлкен сөмке керек.
- ... ?
- Жоқ, оған дәрігер керек емес.
- ... ?
- Жоқ, менің досыма телефон керек емес.
- ... ?

- Иә, менің қызыма мысық керек.
- ...?
- Иә, бізге көп сөйлесу керек.
- ...?
- Иә, оларға саябақта демалу керек.

7. Оқыңыз.

- 1) – Сәлеметсіз бе?
 – Қайырлы күн!
 – **Маған қазақша-ағылшынша сөздік керек еді.** Сізде бар ма?
 – Иә, менде қазақша-ағылшынша сөздік бар.
 – Ол жақсы сөздік пе?
 – Иә, ол үлкен сөздік.
 – Маған беріңізші.
 – Мінеки, алыңыз.
 – Рақмет. Сау болыңыз.
 – Сау болыңыз.
 - 2) – Мария, маған электронды сөздік керек еді. Сенде бар ма?
 – Жоқ, менде электронды сөздік жоқ.
 – Кімде бар?
 – Фатимада электронды сөздік бар.
 – Жақсы. Рақмет.
 – Оқасы жоқ.
 - 3) – Ғалым, сәлем!
 – Сәлем, Жандос!
 – Ғалым, сендерде үлкен ыдыс бар ма? Көкөніс жуу керек еді.
 – Міне, мына ыдыс **бола ма?** Ең үлкен ыдыс – осы ғана.
 – Тамаша! Осы ыдыс **болады.** Берші.
 – Мінеки, ал.
8. Сізге қазір не керек еді? Досыңыздан сұрап алыңыз.
9. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.



10. Диалогты оқыңыз. Ол не сатып алды?

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Сізге не керек еді?
- Маған жүзім керек еді. Бұл жүзім дәмді ме?
- Иә, өте дәмді.
- Қай жердікі? Қайдан?
- Осы жердікі, Қазақстандікі.
- А, солай ма!? Бір келі (килограмм) жүзім қанша тұрады?
- 140 теңге.
- Маған 2 келі жүзім беріңізші.
- Мінеки алыңыз. **Барлығы 280 теңге.**
- Рақмет. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

11. Дүкеннен азық-түлік сатып алыңыз. Төмендегі суретті пайдаланыңыз. Қажетті сөздер:

... қанша теңге тұрады? Бағасы қанша? Барлығы қанша болады?
 Қанша төлеймін? Кассаға төлеңіз.

**12. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**

Ерлер киімі: жылы кеудеше, жейде, жемпір, шалбар, туфли, белдік, сағат;

Әйелдер киімі: қалпақ, көйлек, пенжак, белдемше, шалбар, сөмке, туфли, етік, мойынорамал, кофта, қолғап.



13. Киім дүкенінде. Оқыңыз. Аударыңыз. Кімге не керек екен, айтыңыз.

1)

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Менің қызыма әдемі көйлек керек еді.
- Қызыңыз неше жаста?
- Қызым он бір жаста.
- Мына көйлек ұнай ма?
- Жок, ұнамайды.
- Ал мына көйлек ше?
- Көрсетіңізші.
- Мінеки, көріңіз.
- Жақсы екен! Көйлектің бағасы қанша?
- 3000 теңге.
- Жақсы, маған беріңіз.
- Алыңыз.
- Рақмет. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

2)

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Сізге не керек еді, айтыңыз.
- Маған түсі ақ кофта керек еді. Сіздерде бар ма?
- Иә, әрине, бар. Сізге нешінші өлшем керек?
- 44-ші.
- Мінеки, мына кофталар бар, сізге ұнай ма? Киіп көріңіз.
- Жақсы. Мына кофта маған жарасады екен. Бұл кофта қай жердікі?
- Бұл кофта Түркиянікі. Иә, сізге әдемі жарасады екен.
- Бағасы қанша?
- 7000 теңге тұрады.
- Қымбат екен!
- Онша қымбат емес! Себебі сапасы өте жақсы!
- Жақсы. Мен аламын. Маған ұнайды. Касса қай жерде?
- Міне, мына жерге төлеңіз. Тамаша! Тағы келіп тұрыңыз.
- Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

14. Диалогты толықтырыңыз.

1)

- Сәлеметсіз бе?
- Қош келдіңіз!
- Сізге не керек еді?
- ...
- Иә, бізде әртүрлі туфлилер бар. Сізге қандай түсі керек?
- ...
- Міне, қара туфлилер мыналар. Көріңіз. Сізге өкшесі биік туфли керек пе, әлде аласа туфли керек пе?
- ...
- Сіз нешінші өлшем киесіз?
- ...
- Мінеки, 36-шы өлшем. Киіп көріңіз.

- ...
- Иә, сізге жарасады екен! Алыңыз.
- ... ?
- 11 000 теңге.
- ... ?
- Қазақстандікі. Сапасы да жақсы.
- ?
- Ақшаны кассаға төлеңіз.
- ...
- Сау болыңыз. Тағы келіп тұрыңыз.
- ...

2)

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- ... ?
- Маған жақсы жейде керек еді.
- ?
- Маған түсі көгілдір жейде керек.
- ... ?
- 50-інші өлшем деп ойлаймын.
- ...
- Жақсы, маған ұнайды. Аламын. Бағасы қанша?
- ...
- Жақсы. Рақмет сау болыңыз.
- Сау болыңыз. Тағы келіп тұрыңыз.

15. Киім сатып алыңыз. Суреттерді пайдаланыңыз.

Қажетті сөздер: *Көруге бола ма?, көрсетіңізші, ұнайды, ұнамайды. Бұл нешінші өлшем? Басқа түсі бар ма? Қымбат екен! Арзан екен! Ұзын екен! Қысқа екен! Маған жарасады! Маған жараспайды. Маған ұнайды! Маған ұнамайды. Ауыстырып беріңізші.*



ҚАЗІР:

бару			бара жатыр
апару	+ -a/-e	жатыр	апара жатыр
келу			келе жатыр
әкелу			әкеле жатыр

Мен	бара жатырмын	Біз	бара жатырмыз
	бара жатқан жоқпын		бара жатқан жоқпыз
Сен	бара жатырсың	Сендер	бара жатырсыңдар
	бара жатқан жоқсың		бара жатқан жоқсыңдар
Сіз	бара жатырсыз	Сіздер	бара жатырсыздар
	бара жатқан жоқсыз		бара жатқан жоқсыздар
Ол	бара жатыр	Олар	бара жатыр
	бара жатқан жоқ.		бара жатқан жоқ

– Сіз қайда бара жатырсыз?	– Сіздер қайда бара жатырсыздар?
Сен қайда бара жатырсың?	Сендер қайда бара жатырсыңдар?
– Мен дүкенге бара жатырмын.	– Біз сабаққа бара жатырмыз.
– Ол (олар) қайда бара жатыр?	
– Ол (олар) театрға бара жатыр.	

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Кім? / Не?	Қайда? (... + ға/ге/қа/ке/а/е/на/не)
университет	университет...
сабақ	сабақ...
үй	үй...
дүкен	дүкен...
«Достық» мейрамханасы	«Достық» мейрамханасы...
театр	театр...
декан	декан...
әке-шешем	әке-шешем...
досым	досым...
жұмыс	жұмыс...

2. Сұраққа жауап беріңіз.

- | | |
|----------------------------------|----------------------------------|
| – Сіз қазір қайда бара жатырсыз? | – Сендер қайда бара жатырсыңдар? |
| – (Сабақ) | – (Қонақ) |
| – Сенің досың қайда бара жатыр? | – Фатима қайда бара жатыр? |
| – (Базар) | – (Жұмыс) |
| – Сіз жұмысқа бара жатырсыз ба? | – Сен сабаққа бара жатырсың ба? |
| – Иә, ... | – Жоқ, ... |
| – Ол қай жерде? | – Неге? |
| – Әуезов көшесінде. | – Себебі бүгін сабақ жоқ. |

3. Ол қазір қайда бара жатыр?



4. Тыңдаңыз. Оқыңыз.

Маған сүт керек.

Маған сүт алу керек.

Маған сүт алу үшін дүкенге бару керек.

Мен сүт алу үшін дүкенге бара жатырмын.

Маған қазақша оқу керек.

Маған қазақша оқу үшін университетке бару керек.

Мен қазақша оқу үшін университетке бара жатырмын.

Сағаға ұйықтау керек.

Сағаға ұйықтау үшін үйге бару керек.

Саға ұйықтау үшін үйге бара жатыр.

**Маған нан керек.
Маған нан алу керек.
Мен нан алу үшін дүкенге бара жатырмын.**

Менің әкеме емделу керек.
Менің әкеме емделу үшін ауруханаға бару керек.
Ол емделу үшін ауруханаға бара жатыр.

Менің досыма қазақша үйрену керек.
Менің досыма қазақша үйрену үшін Қазақстанға келу керек.
Менің досым қазақша үйрену үшін Қазақстанға келе жатыр.

Фатимаға жұмыс істеу керек. / Фатима жұмыс істейді.
Фатима жұмыс істеу үшін Қытай компаниясына бара жатыр.

5. Айтыңыз. Жазыңыз.

Сізге не/кім керек?
Ол үшін не істеу керек?
Сіз қазір қайда бара жатырсыз?



Мен дүкенге **нан алу үшін** бара жатырмын.
Мен дүкенге **нан алуға** бара жатырмын.
Мен дүкенге **нанға** бара жатырмын.

Мен университетке **сабақ оқу үшін** бара жатырмын.
Мен университетке **сабақ оқуға** бара жатырмын.
Мен университетке **сабаққа** бара жатырмын.

6. Ойыңызды айтыңыз. Олар кімдер, оларға не істеу керек, не үшін қайда бара жатыр?



7. Диалогты толықтырыңыз.

1.

– Қайда бара жатырсың?

- ...
- Базарға не үшін бара жатырсың?
- ...
- Сіз қайда бара жатырсыз?
- ...
- Ауылға неге бара жатырсыз?
- ...
- Сіздің балаңыз қайда бара жатыр?
- ...
- Стадионға не үшін бара жатыр?
- ...

2.

- Сәлем!
- Қайырлы күн!
- Сен қайда бара жатырсың?
- ...
- Кітапханаға не үшін бара жатырсың? Кітап алуға бара жатырсың ба?
- Иә, ... Ал сен қайда бара жатырсың?
- ...
- Қай базарға?
- ...
- Не үшін бара жатырсың?
- ...
- Жақсы, **жолың болсын!**
- Кездескенше, сау бол.

3.

- Қайырлы күн!
- Сәлеметсіз бе?
- ... ?
- Мен Рамстор гипермаркетіне бара жатырмын.
- ...?
- Иә, мен азық-түлік алу үшін бара жатырмын. ...?
- Мен саябаққа бара жатырмын.
- ...?
- Орталық саябаққа.
- ... ?
- Иә, демалу үшін бара жатырмын.
- Жақсы, көріскенше!
- Жақсы, сау бол.

**Есте сақтаңыз!**

- | | |
|-----------------------|----------------------------|
| – Маған бару керек. | – Менің баруым керек. |
| – Саған оқу керек. | – Сенің оқуың керек. |
| – Сізге сөйлеу керек. | – Сіздің сөйлеуіңіз керек. |
| – Оған кету керек. | – Оның кетуі керек. |

8. Диалогты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе, Айнаш?
- Сәлеметсіз бе, Паула?
- Сіз қай жерденсіз?
- Мен Астана қаласынанмын. Ал сіз ше?
- Мен Испаниядан, Мадридтенмін. Сіз жұмыс істейсіз бе, әлде оқисыз ба?
- Мен жұмыс істеймін.
- Қайда жұмыс істейсіз?
- Мен аспазбын. Мен Астана қонақүйінде мейрамханада жұмыс істеймін. Ал сіз не істейсіз?
- Мен Қазақ университетінде оқимын. Менің қазақша үйренуім керек.
- Сізге қазақша не үшін үйрену керек?
- Маған Қазақстан-Испан компаниясында жұмыс істеу үшін қазақша үйрену керек.
- Сіз қазақша жақсы сөйлейсіз.
- Рақмет, мен қазір қазақша аздап білемін.
- Жақсы. Қазір қайда бара жатырсыз? Сабаққа бара жатырсыз ба?
- Жоқ, қазір сабаққа бара жатқан жоқпын, кітапханаға кітап алу үшін бара жатырмын.
- Ал сіз қайда бара жатырсыз?
- Мен жұмысқа бара жатырмын.
- Ол қай жерде орналасқан?
- Астана қонақүйі Сәтбаев – Байтұрсынов көшесінде орналасқан.
- Сізге жұмысыңыз ұнай ма?
- Иә, маған жұмысым қатты ұнайды. Жақсы, Паула, көріскенше!
- Кездескенше, сау болыңыз.

Тапсырма: Паула мен Айнаш туралы айтыңыз.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

- ✓ Бұл – Мария. Оған бір күнде не істеу керек екенін айтыңыз.



2. Тапсырма.

✓ Бүгінгі жоспарыңыз туралы айтыңыз. «Маған ... керек» моделін қолданыңыз.

3. Тапсырма. Бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер.

- ✓ Қазір кімге не істеу керек. Не үшін керек.
- ✓ Қазір кім қайда бара жатыр, не үшін бара жатыр.

Оқыңыз, қызық!


Қазақ елі қандай ел?

Көкбазар

Алматы қаласындағы Көкбазар XIX ғасырда 1875 жылы салынған. Көкбазар Жібек жолы көшесінде орналасқан. Көкбазар алғаш өте көп және дәмді, әдемі көкөністер, жеміс-жидектер, дәмдеуіш көкшөптермен атақты болды. Сонымен қатар мұнда ет өнімдері, сүт тағамдары да сатылды. 100 жылдан кейін 1975 жылы ескі базардың орнына жаңа базар салынды. Қазір мұнда азық-түліктің барлық түрі, балғын көкөністер, жеміс-жидектер, қауын-қарбыз, қой еті, сиыр еті, жылқы еті, шошқа еті, құс еті, шұжықтар, сүт, айран, кондитерлік өнімдер: кәмпит, печенье, тәтті нандар сатады. Сондай-ақ ұлттық тағамдар мен сусындар: қазы, қарта, қымыз, шұбат, ірімшік, құрт, қаймақ сатылады.

Базардың жанында көптеген сауда орындары бар. Мұнда киім-кешек, ұлттық және еуропалық әшекей заттары: сырға, сақина, алқалар, құрылыс заттары, ыдыс-аяқ сатылады. Мұнда шетелден келген қонақтар үшін естелік (сувенирлік) заттар да табылады.

Сондай-ақ тамақ ішу үшін ұлттық тағамдар дайындайтын мейрамханалар, асханалар да көп.

**ЖАҢА СӨЗДЕР**

азық-түлік
айран
алқа
арзан
атақты
ауыстыру

аяқкиім
әшекей
баға
балғын
барлығы
басқа

белдемше
белдік
болу
бұған
дәмдеуіш
ет


еуропалық
естелік
етік
жарасу
жейде
жемпір
жүзім
жылқы еті
жібек жолы
зат
картоп
касса
кәмпит
керек
киім-кешек
киіп көру
кондитерлік өнім
коньки тебу
көкбазар
көкөніс
көкшөп
көрсету
куртка
қаймақ
қазы

қалпақ
қанша тұрады
қарбыз
қарта
қауын
қияр
қой еті
қолғап
құрт
құрылыс
құс еті
қызылша
қымбат
қымыз
мойынорамал
не үшін
неге
оған
олар
орамжапырақ
орын
өлшем
өнім
печенье
пиджак

сағат
сақина
салыну
сарымсақ
сату
сәбіз
сиыр еті
сонымен қатар
сурет салу
сусын
сырға
тағам
тағы келу
төлеу
туралы
ұлттық
үшін
шие
шошқа еті
шұбат
шұжық
ыдыс-аяқ
ірімшік
электронды сөздік



1. Тындаңыз және қайталаңыз.



2. Тындаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.



3. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

– Бұл қай мезгіл? – Келесі қай ай?
– Бұл күз мезгілі. – Келесі желтоқсан айы.

– Бұл қай ай? – Бүгін қай күн?
– Бұл қараша айы. – Бүгін дүйсенбі.

– Ертең қай күн? – Кеше қай күн болды?
– Ертең сейсенбі. – Кеше жексенбі болды.

– Бүгін айдың нешесі? (Бүгін нешесі?)
– Бүгін жиырма тоғызыншы қараша. (29.11.)
Бүгін қарашаның жиырма тоғызы. (29.11)
Бүгін жиырма тоғызы.

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Бұл қай мезгіл? – Бүгін айдың нешесі?
– ... – ...

– Бүгін қай күн? – Ертең айдың нешесі?
– ... – ...

– Бұл қай ай? – Ертең қай күн?
– ... – ...

– Келесі қай ай? – Кеше қай күн болды?
– ... – ...

5. Сұрақ қойыңыз.

– ...? – ...?
– Бұл көктем мезгілі. – Ертең тамыздың жиырма бірі.

– ...? – ...?
– Бұл наурыз айы. – Бүгін – дүйсенбі.

– ...? – ...?
– Келесі сәуір айы. – Ертең – сейсенбі.

– ...? – ...?
– Бүгін он сегізінші қыркүйек. – Кеше жексенбі болды

6. Айтыңыз.

Дүйсенбі – 03.12.2014 жыл.
Сәрсенбі – 30.08.1995 жыл.
Жұма – 25.07.2009 жыл.
Сенбі – 16.11.2008 ж.
Жексенбі – 31.04.1987 ж.

7. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.**1) Қашан?**

Дүйсенбі	—	дүйсенбіде,	дүйсенбі күні
Сейсенбі	—	сейсенбіде,	сейсенбі күні
Сәрсенбі	—	сәрсенбіде,	сәрсенбі күні
Бейсенбі	—	бейсенбіде,	бейсенбі күні
Жұма	—	жұмада,	жұма күні
Сенбі	—	сенбіде,	сенбі күні
Жексенбі	—	жексенбіде,	жексенбі күні

2) Қашан?

10.12. — оныншы желтоқсанда, желтоқсанның онында;

26.03. — жиырма алтыншы наурызда, наурыздың жиырма алтысында;

2010 жыл — екі мың оныншы жылы;

1992 жыл — бір мың тоғыз жүз тоқсан екінші жылы;

30.02.1997ж. — отызыншы ақпан, бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылы.

8. Олар қашан (қай жылы) туылған?

Әбу Насыр әл-Фараби
(870-950)



Абай Құнанбаев
(1845-1904)



Ыбырай Алтынсарин
(1841-1889)



Ахмет Байтұрсынов
(1873-1937)



Шоқан Уәлиханов
(1835-1865)



Мағжан Жұмабай
(1893-1938)

9. Сұрақтарға жауап беріңіз.

— Сіздің туған күніңіз қашан?

— ...

— Сіз қай жылы туылдыңыз?

- ...
- Сіздің досыңыздың туған күні қашан?
-
- Сіздің досыңыз қай жылы туылды?
- ...
- Сіздің әкеңіз қай жылы қай күні туылды?
- ...

10. Бір-біріңіздің туған күн, жылдарыңызды сұрап, оқытушыға айтыңыздар.

САҒАТ НЕШЕ БОЛДЫ?



Сағат – жеті.
Сағат жеті болды.



Сағат – он бір нөл бес.
Сағат он бірден бес минут кетті.



Сағат – он отыз.
Сағат он жарым болды.



Сағат – бір елу.
Сағат екіге он минут қалды.

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Сағат	бірден екіден үштен төрттен бестен алтыдан ... оннан он бірден он екіден	жиырма минут	кетті
-------	---	--------------	-------

Сағат	бірге екіге үшке төртке беске алтыға ... онға он бірге он екіге	жиырма минут	қалды
-------	--	--------------	-------

2. Сағаттың неше болғанын айтыңыз.



3. Тындаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Сағат неше?/ қанша?	Сағат нешеде?/қаншада?
13:00 Сағат – бір.	Сағат бірде.
8:30 Сағат – сегіз жарым.	Сағат сегіз жарымда.
11:15 Сағат – он бір он бес.	Сағат он бір он бесте.
11:15 Сағат он бірден он бес минут кетті.	Сағат он бірден он бес минут кеткенде.
12:45 Сағат – он екі қырық бес.	Сағат он екі қырық бесте.
12:45 Сағат бірге он бес минут қалды.	Сағат бірге он бес минут қалғанда.

4. Сағат нешеде екенін айтыңыз.

10:00 _____
 11:20 _____
 11:40 _____
 2:30 _____
 3:35 _____
 9:55 _____
 4:07 _____

5. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

- Сабақ сағат нешеде басталады?
- Сабақ сағат сегіз отызда басталады.
- Сабақ сағат нешеде аяқталады?
- Сабақ сағат түскі бірде аяқталады.

6. Айтыңыз. Жазыңыз.

- Бірінші сабақ сағат нешеде аяқталады?
- ...
- Екінші сабақ сағат нешеде басталады?
- ...
- Екінші сабақ сағат нешеде аяқталады?
- ...
- Үшінші сабақ сағат нешеде басталады?
- ...
- Үшінші сабақ сағат нешеде аяқталады?
- ...

7. Сабақ кестесін оқыңыз.

**Үлгі: Сабақ күнде сағат сегіз жарымда басталады, сағат бірде аяқталады.
Дүйсенбі күні сағат сегіз жарымда қазақ тілі сабағы болады.**

Дүйсенбі	8.30 – 9.50 10.00 – 11.20 11.40 – 13.00	Қазақ тілі Ағылшын тілі Қазақ әдебиеті
Сейсенбі	8.30 – 9.50 10.00 – 11.20 11.40 – 13.00	Қазақстан тарихы Қазақстан тарихы Орыс тілі
Сәрсенбі	8.30 – 9.50 10.00 – 11.20 11.40 – 13.00	Қазақ әдебиеті Іскери тіл Орыс әдебиеті
Бейсенбі	8.30 – 9.50 10.00 – 11.20 11.40 – 13.00	География Математика Биология
Жұма	8.30 – 9.50 10.00 – 11.20 11.40 – 13.00	Химия Физика Геометрия
Сенбі	8.30 – 9.50 10.00 – 11.20 11.40 – 13.00	Дене шынықтыру Музыка Бейнелеу

8. Сіз өзіңіздің сабақ кестеңізді айтыңыз.

9. Арманға қашан не істеу керек?



Дүйсенбі 26.07. Кітапхана.



Сейсенбі 27.07. Сағат 11:00. Жүзу. Қауыз.



Сенбі 31.08.
Хайуанаттар саябағы.



Сәрсенбі 28.08. Сағат 15:00.
Футбол.



Жұма 30.07.
Дос. Хат.



Бейсенбі 29.07. Сағат 18:00. Цирк.



Жексенбі 01.08. Бақша. Алма жинау.

10. Сізге осы аптада не істеу керек, айтыңыз.

11. Диалогты оқыңыз.

- Сәлем, Самат!
- Сәлем, Әділ.
- Халің қалай?
- Жақсы, рақмет. Өзің ше?
- Мен де жақсымын. Рақмет. Қайда бара жатырсың?
- Сабаққа бара жатырмын.
- Сабақ сағат нешеде басталады?
- Бүгін сенбі. Сенбі күні сабақ сағат 10-да басталады.
- Сенде бүгін қай сабақтар болады?
- Бүгін бізде екі сабақ болады: қазақ тілі және Қазақстан тарихы болады.
- Сен ше, қайда бара жатырсың?
- Маған аяқкиім керек еді. Сол үшін дүкенге бара жатырмын.
- Қандай аяқкиім керек еді?
- Қыстық етік керек еді. Қай жерде жақсы, арзан етіктер бар, білесің бе?

- Жібек жолы көшесіндегі орталық дүкенде **болу керек деп ойлаймын.**
- Жақсы, рақмет. Сенің сабағың сағат нешеде аяқталады?
- Сағат бірде аяқталады.
- Жақсы, кездескенше.
- Жолың болсын. Сау бол.

Тапсырма: Самат пен Әділ туралы айтыңыз.

12. Оқыңыз. Аударыңыз.

1. Түс – түсте Ертең – ертең
Кеш – кешке Кеше – кеше
Таңертең – таңертең Күндіз – күндіз
Түн – түнде
2. Түске дейін – түстен кейін
Таңертеңгі |
Түскі | тамаққа дейін/тамақтан кейін
Кешкі |
Соған дейін, оған дейін/содан кейін, одан кейін

... + О₃ дейін / ... + О₆ кейін
сабаққа дейін / сабақтан кейін

13. Оқыңыз. Жазыңыз.

... + О ₃ дейін	... + О ₆ кейін
жұмыс...	жұмыс...
концерт...	концерт...
цирк...	цирк...
жиналыс...	жиналыс...
кездесу...	кездесу...
дүкен...	дүкен...
той...	той...
мереке...	мереке...
аптаның аяғы...	аптаның аяғы...
келесі ай...	келесі ай...
сағат бір...	сағат бір...
сағат екі жарым...	сағат екі жарым...

14. Мәтінді оқыңыз. Уакардың сабағы күнде нешеде басталады екен? Менің Қазақстандағы күндерім.

Менің атым – Уакар. Мен Пәкістаннанмын. Мен 1985 жылы көктемде, жиырма үшінші сәуірде туылдым. Маған Қазақстан-Пәкістан компаниясында жұмыс істеу үшін

қазақша үйрену керек. Сондықтан Қазақ университетінің дайындық факультетінде қазақша оқимын.

Менің сабақтарым онша қиын емес. Сабағым күнде сағат сегізге басталады. Сағат бірде аяқталады. Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері қазақ тілі болады. Сейсенбі және жұма, сенбі күндері қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, практика сабақтары болады. Маған сабақтар қатты ұнайды. **Түстен кейін жатақханаға барамын. Жатақханада түскі тамақ ішемін. Содан кейін сағат екіден үшке дейін демаламын. Кешке сабақ оқимын.**

Қазір менің достарым көп. Менің тобымда 6 студент бар. Олар әр елден келген. Біз бірге сабақ оқимыз, тамақ ішеміз, музыка тыңдаймыз, кинотеатрға, мұражайға барамыз, қыдырамыз. Біз жақсы достармыз.

Менің отбасымда әке-шешем, үш қарындасым, әжем бар. Әкем – дәрігер. Ол ауруханада жұмыс істейді. Ал шешем жұмыс істемейді. Менің екі қарындасым Пәкістанда университетте оқиды. Үшінші қарындасым мектепте оқиды. Менің әке-шешем Пәкістанда тұрады. Әкемнің туған күні бірінші ақпанда, шешемнің туған күні бесінші мамырда. Олар өте қайырымды адамдар. **Мен оларды қатты сағындым.**

1) Тапсырма: Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ✓ Уакар қайдан?
- ✓ Ол қашан туылған?
- ✓ Оған қазақ тілі не үшін керек?
- ✓ Ол қайда оқиды?
- ✓ Қайда тұрады?
- ✓ Оның сабақтары қиын ба?
- ✓ Нешеде аяқталады?
- ✓ Қай күндері қандай сабақтар болады?
- ✓ Оған сабақтар ұнай ма?
- ✓ Оның тобында қанша студент бар?
- ✓ Олар қай жерден?
- ✓ Олар бірге не істейді?
- ✓ Оның отбасы туралы айтыңыз: онда қанша адам бар?
- ✓ Олар кімдер?
- ✓ Әкесі кім, қайда жұмыс істейді?
- ✓ Шешесі қайда жұмыс істейді?
- ✓ Оның қарындастары не істейді?
- ✓ Әке-шешесінің туған күні қашан?

2) Тапсырма. Ойды кеңейтіңіз.

- ❖ Мен көктемде туылдым. ...
- ❖ Қазақ университетінің дайындық факультетінде қазақша оқимын. ...
- ❖ Менің сабақ кестем ыңғайлы. ...
- ❖ Түстен кейін жатақханада боламын. ...
- ❖ Біздің тобымыз – көңілді топ. ...
- ❖ Менің отбасым үлкен. ...

3) Тапсырма. Уакар туралы айтыңыз.

15. Өзіңіздің Алматыдағы бір күніңіз туралы айтып, әке-шешеңізге хат жазыңыз. Төмендегідей бастаңыз:

Сәлеметсіздер ме, қымбатты әке?
Хал-жағдайларыңыз қалай? Денсаулықтарыңыз жақсы ма?
Менің халім жақсы. Денсаулығым да тамаша. Сабағым да жақсы.
Менің Алматыдағы күндерім жақсы өтіп жатыр.

...

СӨЙЛЕСЕЙІК!


1. Тапсырма. Бір-біріңізбен сөйлесіңіздер.

- ✓ Қазір сағат неше болғанын сұрап біліңіз.
- ✓ Досыңыз күнде сағат нешеде тұрады, кешке сағат нешеде ұйықтайтынын сұрап біліңіз.
- ✓ Досыңыздан қашан демалатынын сұрап біліңіз.
- ✓ Досыңызға күнде не істеу керек екенін сұрап біліңіз.
- ✓ Досыңыздан ертең қандай сабақ болатынын сұрап біліңіз.

2. Тапсырма.

✓ Баланың бір күні. Сурет бойынша әңгіме құраңыз. Ол сағат нешеде не істейді? Былай бастаңыз:

Оның аты Халима. Ол өте көңілді қыз. Ол мектепте үшінші сыныпта оқиды.



3. Тапсырма.

✓ 2-сурет бойынша әңгіме құраңыз. Уақытын өзіңіз белгілеңіз.

4. Тапсырма.

✓ Менің бір күнім.

✓ Сіз күнде сағат нешеде, қашан не істейсіз?

Қажетті сөздер: тұру, жуыну, киіну, таңертеңгі (түскі, кешкі) тамақ ішу, сабаққа дайындалу, оқу, жазу, аудару, демалу, кино көру, теледидар қарау, газет, журнал, кітап оқу, галамтор қарау, компьютер ойнау, спортпен айналысу, ұйықтау.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Қазақша жыл санау

1. Жаңа сөздер.

атау – ат
күнтізбе
дәуір, заман
ежелгі дәуір, ежелгі заман
ғасыр
тоқсан
мезгіл
басқаша
жыл санау
ай санау
күн санау

ай
апта
тәулік
мүшел
әр
әрқайсысы

сәйкес келу/ келмеу –
N не O, немен сәйкес келмейді;
атап айтқанда – мысалы

тышқан
сиыр
барыс
қоян
ұлу

жылан
жылқы
қой
мешін
тауық

ит
доңыз
айдаһар

2. Бұлар нелер?



ҚАЗАҚША ЖЫЛ САНАУ

Қазақ халқында уақыт атаулары көп. Атап айтқанда, **дәуір, заман** – өте ұзақ уақыттың, бір-неше ғасырдың атауы. Олар **ежелгі дәуір, ежелгі заман** немесе **қазіргі дәуір, қазіргі заман** деп бөлінеді. **Ғасыр** – 100 жылдық уақыт. Қазір ХХІ-ші ғасыр.

Бір жылда **тоқсан, мезгіл, ай, апта, тәулік** бар. Тоқсан – 90 күн немесе үш ай. Ал бір жылда 4 мезгіл бар. Олар: көктем, жаз, күз, қыс. Жаңа жыл Наурыз айынан басталады. Әр мезгілде 3 ай бар. Әр айда 30 күн немесе 4 апта бар. Әр аптада 7 күн бар. Бір тәулікте 24 сағат бар. Жылдар туралы өте қызық нәрсе бар. Қазақ халқы жыл санағанда 12 жылды **бір мүшел** деп атайды. Бұрын қазақ халқы өзінің жасы туралы айтқанда **бір мүшелдемін** (13 жас), **екі мүшелдемін** (25), **жеті мүшелден астым** (85-тен жоғары жаста) деп айтатын. Яғни, тек бірінші мүшел 13 жас, келесі екінші мүшел (12 жас қосылады) 25 жас, үшінші мүшел 37 жас...

Мүшел жас адамдар үшін қасиетті болып саналады.

Он екі жылдың әрқайсысы жан-жануардың атымен аталады. Он екі жылдың басы – **тышқан**. Одан кейін **сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз**. Мұндай жыл санау шығыс күнтізбесінде аздап басқаша. Онда кейбір жануарлар сәйкес келмейді. Мысалы қазақ халқының жыл санауындағы **ұлу** жылы қытай халқында **айдаһар** жылы деп аталады.

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Қазақ халқында қандай уақыт атаулары бар?
- Дәуір, заман деген не? Олардың қандай түрлері бар?
- Ғасыр – бұл қанша жыл?
- Қазір қай ғасыр?
- Тоқсан деген не?
- Бір жылда қанша күн бар?
- Мүшел деген не?
- Адамдар үшін мүшел жас қандай жас?
- 12 жыл қай жануарлардың атымен аталады?

4. Сіз келісесіз бе? Достарыңыздан сұраңыз.

-
-
-

5. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Қазақ халқы уақытты анықтау үшін _____ қолданады.
 Атап айтқанда, дәуір, заман – _____ атауы.
 Олар _____ деп бөлінеді.
 Қазақ халқы бір жылды _____ бөледі.
 Қазақ халқы жыл санағанда 12 жылды _____ деп атайды. Бұрын қазақ халқы өзінің жасын айтқанда _____ деп айтатын.
 Он екі жылдың әрқайсысы _____ аталады.
 Мұндай жыл санау _____ аздап басқаша.
 _____ сәйкес келмейді.

6. Төмендегі кестені пайдаланып бір-біріңізден сұраңыздар.

1. Қай жылы туылдыңыз?
2. Қазір неше мүшелдесіз?

3. Сіздің еліңізде осындай жыл санауы бар ма?

4. Қандай айырмашылықтар бар?

тышқан	1948	1960	1972	1984	1996	2008
сиыр	1949	1961	1973	1985	1997	2009
барыс	1950	1962	1974	1986	1998	2010
қоян	1951	1963	1975	1987	1999	2011
ұлу	1952	1964	1976	1988	2000	2012
жылан	1953	1965	1977	1989	2001	2013
жылқы	1954	1966	1978	1990	2002	2014
қой	1955	1967	1979	1991	2003	2015
мешін	1956	1968	1980	1992	2004	2016
тауық	1957	1969	1981	1993	2005	2017
ит	1958	1970	1982	1994	2006	2018
доңыз	1959	1971	1983	1995	2007	2019

ЖАҢА СӨЗДЕР


айдаһар
айналысу
ақпан
анықтау
апта
атап айтқанда
атау
аяқталу
әдебиет
әр
әрқайсысы
барыс
басқаша
бейнелеу
биология
бөлу
газет
геометрия
география
ғасыр
дәуір
дейін
дене шынықтыру
доңыз
дүйсенбі
ежелгі
ертең
есептеу
жаз
жарым
жексенбі
желтоқсан

журнал
жуыну
жұма
жыл мезгілі
жылан
заман
кейін
кету
кеш
кешке
кеше
кешкі тамақ
көкек
көңілді
көктем
күз
күндіз
күнтізбе
қазіргі
қалу
қаңтар
қараша
қолдану
қыркүйек
қыс
мамыр
математика
маусым
мешін
мүшел
наурыз
санау

сәйкес
сәйкес келу
сәрсенбі
сәуір
сейсенбі
сенбі
тамыз
таңертең
таңертеңгі тамақ
тауық
тәулік
той
туған күн
туу

туылу
түн
түнде
түскі тамақ
түсте
тышқан
уақыт
ұлу
физика
химия
шұғылдану
шілде
іскери тіл


Тыңдау және айту
МЕН КІТАП ОҚЫП ОТЫРМЫН

ГРАММАТИКА


V + -ып/-іп/-п	отыр тұр жүр жатыр
----------------	-----------------------------

Мен оқып отырмын	Біз оқып отырмыз
Сен оқып отырсың	Сендер оқып отырсыңдар
Сіз оқып отырсыз	Сіздер оқып отырсыздар
Ол оқып отыр	Олар оқып отыр

- Сен оқып отырсың ба?
Сіз оқып отырсыз ба?
- Иә, мен оқып отырмын. / **Жоқ, мен оқып отырған жоқпын, ойланып отырмын.**
- Ол (олар) оқып отыр ма?
– Иә, ол (олар) оқып отыр. / **Жоқ, ол (олар) оқып отырған жоқ.**
- Сендер оқып отырсыңдар ма?
Сіздер оқып отырсыздар ма?
- Иә, біз оқып отырмыз. / **Жоқ біз оқып отырған жоқпыз, демалып отырмыз.**

V + -ып/-іп/-п	отырған тұрған жүрген жатқан	жоқ
----------------	---------------------------------------	-----

Мен оқып отырған жоқпын	Біз оқып отырған жоқпыз
Сен оқып отырған жоқсың	Сендер оқып отырған жоқсыңдар
Сіз оқып отырған жоқсыз	Сіздер оқып отырған жоқсыздар
Ол оқып отырған жоқ	Олар оқып отырған жоқ

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Отыру, тұру, жүру, жату (жатыр):

Дайындалу, беру, көрсету, ұнау, айту, сөйлеу, қарау:

Оқу, жазу, тыңдау, тамақ ішу, көру, қайталау, күту, ойнау, ойлау, жаттау, ұмыту, алу, жұмыс істеу, демалу, ұйықтау, жақсы көру, білу, түсіну, тазалау, жинау, қыдыру, үйрену, жуыну, аудару, түсіндіру, қуану.

2. Оқыңыз. Мағынасын түсініңіз.

Мен сабақта **отырмын**. Мен қазір **сабақ оқып отырмын**. Мен аялдамада **тұрмын**. Мен базарға **бару үшін автобус күтіп тұрмын**. Анам асүйде **тамақ дайындап жатыр**. Мен қазір **Қазақ университетінде оқып жүрмін**. Біздің тобымыз 209-ыншы дәрісханада **сабақ оқып отыр**. Біз бөлмеде **музыка тыңдап отырмыз**. Сендер **демалып отырсыңдар ма?** Сіз қазақша **сөйлеп отырсыз ба?** Балалар далада **ойнап жүр**. Фатима **шай ішіп отырған жоқ**, кофе ішіп отыр.

Мен қазір **досыма хат жазып отырмын**. Менің досым **емтиханға дайындалып жатыр**. Әкем мен үшін **қуанып жүр**. Арман кездесу үшін **досына бара жатыр**. Достарым маған **қонаққа келе жатыр**.

3. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Мен тамақ іш.... ..

Сен демал... .. ба?

Шешем маған кел.... ..

Сафа ұйықта... ..

Біз теледидардан кино көр... ..

Балалар доп ойна... ..

Мұғалім жаңа сабақ түсіндір.... ..

Студенттер жаңа сабақ тыңда.... ..

Сіз маған кел... .. ба? Жоқ, мен саған кел... ..

Сіз жаттығу жаз.... ба? Жок, мен жаттығу жаз....

Сендер театрға бар... ма? Иә,

Мен қазір үй жина...

Досым тамақ дайында... .

4. Сұрақ қойыңыз.

– Сіз қазір не істеп отырсыз? (тұрсыз? жүрсіз? жатырсыз?)

Сен қазір не істеп отырсың? (тұрсың? жүрсің? жатырсың?)

– Мен қазір хат жазып отырмын. Мен демалып жатырмын. Мен емтиханға дайындалып жүрмін. Мен саябақта қыдырып жүрмін.

– Ол қазір не істеп отыр? (тұр? жүр? жатыр?)

– Ол лекция тыңдап отыр. Әкем емделіп жүр. Досым ұйықтап жатыр. Әнші ән айтып тұр.

5. Айтыңыз, олар не істеп отыр?(тұр? жүр? жатыр?)

Қажетті сөздер: қыдыру, билеу, жуындыру, ұйықтау, тамақтың дәмін көру, тәрелкеге тамақ салу, хормен ән айту, машина жүргізу, газет қарау;



6. Айтыңыз.

- Сіз қазір не істеп отырсыз?
- ...
- Сіздің досыңыз не істеп отыр?
- ...
- Сіздің көршіңіз не істеп жатыр?
-
- Мұғалім не істеп тұр?
- ...
- Сіздің әкеңіз не істеп жүр?
-
- Сіздің шешеңіз не істеп жатыр?
- ...
- Сіздің балаларыңыз не істеп жатыр?
- ...

7. Диалогты толықтырыңыз.

1)

- Алло! Сәлем, Мария!
- Қайырлы кеш, Болат!
- Мария сен қазір не істеп отырсың?
- (Емтиханға дайындалу) ...
- Қай сабақтың емтиханы?
- Қазақ тілі сабағының емтиханы. Ал сен не істеп жатырсың?
- (Кино көру) ...
- Қандай кино?
- Қазақтың киносы, «Менің атым Қожа» деген фильм көріп отырмын.
- **Кино қызық па?**
- **Иә, балалардың киносы, қызық екен!**
- Жақсы, сау бол.
- Сау бол.

2)

- Сәлеметсіз бе?
- Қайырлы таң!
- Халіңіз қалай, жақсы ма?
- Жақсы. Рақмет! Өзіңіз ше?
- Жаман емес, рақмет.
- ... ?
- Мен қазір мақала жазып жүрмін.
- **Не туралы жазып жүрсіз?**
- **Қазақстанның тарихы туралы** жазып жүрмін. ... ?
- Маған қазақша жақсы сөйлеу керек. Сондықтан қазақша үйреніп жүрмін.
- Қайда оқып жүрсіз?
- ҚазҰУ-да, дайындық факультетінде.
- **Жақсы, сәттілік тілеймін!**
- **Сізге де сәттілік тілеймін!**

3)

- Сәлем, Әділ!
- Сәлем, Кәусар!

- Қазір ?
 - Мен ештеңе істеп отырған жоқпын. Қазір мен боспын. Не болды?
 - **Жай**, маған дүкеннен азық-түлік әкелу керек еді, көмектесесің бе?
 - Жақсы, саған дүкенге сағат нешеде бару керек еді?
 - Мен қазір сабақ Бір **сағаттан кейін** сен маған кел.
 - Жақсы, мен бір **сағаттан кейін** саған барамын. **Содан кейін** дүкенге бірге барамыз.
- Мен саған көмектесемін.
- Өте жақсы, мен күтемін.
 - Ендеше, кездескенше!

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құраңыз.

- ✓ Олар қазір қайда не істеп жатыр? (тұр, жүр, отыр), не үшін?




2. Тапсырма.

Бір-бірлеріңізбен сөйлесіңіздер.

- ✓ Досыңызға телефон соғыңыз. Ол қазір не істеп жатыр екен, сұрап біліңіз.
- ✓ Анаңызға телефон соғыңыз. Хал-жағдайын сұрап, не істеп жатыр екен, сұрап біліңіз.

ДЕНСАУЛЫҚ

1. Адамның дене мүшелері атауларын үйреніңіз.



2. Адамның ішкі ағзасы

Жүрек



Өкпе



Бүйрек



Асқазан



Бауыр

3. Оқыңыз.

Менің басым, аяғым, тамағым, бүйрегім
 Сенің басың, аяғың, тамағың, бүйрегін
 Сіздің басыңыз, аяғыңыз, тамағыңыз, бүйрегіңіз.
 Оның басы, аяғы, тамағы, бүйрегі.

4. Оқыңыз, аударыңыз.

– Сіздің денсаулығыңыз қалай? (Сенің денсаулығың қалай?)
 – Менің денсаулығым жақсы, рақмет;

Тамаша! Өте жақсы!
 Жаман емес. Ақырындап жүріп жатырмын.

5. Дәріхана, емхана, аурухана;

ауру – ауру адам,
 тұмау, тұмау тию – маған тұмау тиді.
 Суық тию – маған суық тиді.
 ауыру – кім ауыру? Кімнің қай жері ауыру?

– Сіздің қай жеріңіз ауырып тұр? (Сенің қай жерің ауырып тұр?)
 – Менің еш жерім ауырып тұрған жоқ;

Мен ауырып тұрмын.
 Менің басым ауырып тұр.
 – Қалай ауырып тұр?
 – Қатты ауырып тұр.

Қалай? – қатты, шыдатпай, шаншып, солқылдап, түйіліп, ақырын.

6. Дәрі – дәрі ішу,

қаралу – дәрігерге (кімге?) қаралу;
 тексеру – кім тексеру?
 емделу – кім емделу?
 жазылу – кім жазылу?

- Сізге емделу керек.
- Сізге дәрігерге қаралу керек.
- Сізге дәрі ішу керек.

7. Олар кімдер? Оның қай жері ауырады?
Олар не істеп жатыр? Шағын әңгіме құраңыздар.



МЕН АУРУХАНАҒА ДОСЫММЕН БІРГЕ БАРАМЫН

О₇ Кіммен? Немен?

-мен – I, II, III.

-бен – 3, ж.

-пен – V.



ГРАММАТИКА

Кіммен?	Не істеу?
баламен, мұғаліммен, дәрігермен, деканмен, Фатимамен, қызбен, жігітпен, бастықпен, оқушылармен	амандасу сөйлесу кездесу (бірге) бару, келу

Немен?	Не істеу?
машинамен, ұшақпен, пойызбен троллейбуспен, трамваймен, кемемен	бару, келу, жүру
қаламмен, қарындашпен, компьютермен телефонмен сүтпен	жазу, жұмыс істеу сөйлесу шай ішу

мен – менімен

сен – сенімен

сіз – сізбен

ол – онымен

біз – бізбен

сендер – сендермен

сіздер – сіздермен

олар – олармен

бұл – бұнымен

сол – сонымен

анау – анаумен

8. Оқыңыз, аударыңыз. Сұрақ қойыңыз.

Үлгі: Сен азық-түлік алу үшін дүкенге кіммен бара жатырсың?

Мен азық-түлік алу үшін дүкенге **анаммен бірге** бара жатырмын.

- Мен азық-түлік алу үшін дүкенге анаммен бірге бара жатырмын.
- Менің досым Қазақстанға ұшақпен ұшып келе жатыр.
- Маған мұғаліммен телефонмен сөйлесу керек.
- Маған опера ұнайды, сондықтан жексенбі күні досыммен бірге операға барамын.
- Арман қарындашпен сурет салады.
- Маған емделу үшін студенттік емханаға бару керек.
- Студенттік емханаға 11-ші троллейбуспен барады.

9. Олар қандай көлікпен, қайда бара жатыр деп ойлайсыз?



10. Жазыңыз.

ҮЛГІ: Мен күнде университетке барамын. Сабақ оқимын.

Мен күнде университетке **барып**, сабақ оқимын.

Менің тамағым ауырады. Қатты жөтелемін.

Студенттер сабақтан кейін жатақханаға барады. Бөлмелерінде тамақ ішеді, демалады.

Күнде таңертең сағат 7.30-да тұрамын, жуынамын, киінемін. Содан кейін таңертеңгі тамақ ішемін, сағат 8.15-те сабаққа барамын.

Мен дәріханаға 45-інші автобуспен барамын. Дәрі сатып аламын.

Менің досым бүгін сағат екіде жатақханаға келеді. Содан кейін тамақтанады, сағат төртте достарымен футбол ойнау үшін стадионға барады.

11. Диалогты оқыңыз. Негізгі мәліметті айтыңыз.

1) – Сәлеметсіз бе, әже?

– Сәлеметсің бе, қызым?

– Халіңіз қалай?

– Жақсы, рақмет, Өзің қалайсың?

– Жаман емес. Денсаулығыңыз қалай?

– **Құдайға шүкір! Денсаулығым жақсы, ақырындап жүріп жатырмын.**

Өзің ауырып жүрген жоқсың ба?

– Жоқ, әже. **Менің еш жерім ауырмайды.** Денсаулығым өте жақсы!

– Ендеше жақсы екен! Аман бол, балам!

– Рақмет әже! **Сіз де ауырмаңыз!** Көріскенше!

2) – Сәлем, Бақыт.

– Сәлем, Мирас.

– Бақыт, халің қалай? Қайда бара жатырсың?

– **Халім онша жақсы емес, емханаға бара жатырмын.**

– **Сен ауырып жүрсің бе ?**

– **Иә, маған суық тиді. Тамағым ауырып, қатты жөтелемін.** Қазір дәрігерге бара жатырмын.

– Ендеше, **тезірек емдел.** Келесі аптада Әділдің туған күні болады. Туған күнге **сенімен бірге барамыз.** Саған да бару керек.

– Жақсы, мен **туған күнге дейін жазыламын** деп ойлаймын. Жақсы, көріскенше, сау бол.

– Сау бол!

3) – Алло! Сәлеметсің бе, Алма?

– Самат, сәлеметсің бе?

– Алма, хал-жағдайың қалай?

– Жақсы, рақмет. Өзіңнің халің қалай?

– Жаман емес, рақмет. Не істеп жатырсың?

– Үйге хат жазып отырмын. Сен ше?

– **Мен бүгін аздап ауырып отырмын. Тұмау сияқты. Басым, тамағым ауырып отыр.** Сондықтан ертең сабаққа бармаймын. Мұғалімге айтшы.

– Жарайды, саған емделу керек қой. Дәрігерге бару керек. Дәрі ішіп емделу керек.

– Жақсы, қазір дәрігерге барамын, **содан кейін дәріханаға барып**, дәрі сатып аламын.

– Иә, солай істеу керек. Мен сен туралы ертең мұғалімге айтамын. Тезірек жазыл. Сау бол!

– Рақмет. Көріскенше!

4) – Алло, мама!

– Алло, қызым! Халің қалай?

– Жақсы, мама, өзіңіздің денсаулығыңыз қалай?

- Жақсы, жақсы. Қызым, **қарның ашып жүрген жоқ па?** Тамақ ішіп жүрсің бе?
- Иә, тамақ ішіп жүрмін. Бәрі жақсы.
- Жатақхана ыңғайлы ма, **кіммен бірге тұрасың?** Бөлме суық емес пе?
- **Қытайдан келген қызбен бірге тұрамын.** Бөлме аздап суық. Бірақ ыңғайлы.
- **Алматыда қазір ауа райы суық па?**
- Иә, Алматыда **ауа райы** суық, қазір қар жауып тұр. Бірақ ауырып жүрген жоқпын.
- Сабағың қалай? Қазақша үйреніп жүрсің бе?
- Иә, сабағым жақсы. Қазақша үйреніп жүрмін. Сабақ күнде сағат сегіз жарымда басталып, сағат бірде аяқталады. Түстен кейін жатақханаға барып тамақ ішемін. Содан кейін екі сағат демаламын. Кешке сабақ оқып, музыка тыңдап, **достарыммен** сөйлесемін.
- Жақсы, қызым. Абайлап жүр. Аман бол!
- Мама, ауырмаңыз, сау болыңыз.

12. Ауа райы. Оқыңыз.

Бүгін	күн ашық. күн бұлтты. күн суық. күн салқын. күн ыстық. күн жылы.	жаңбыр қар	жауып тұр жауып тұр қатты жауып тұр ақырындап жауып тұр
Кеше	күн ашық болды. күн бұлтты болды. күн суық болды. күн салқын болды. күн ыстық болды. күн жылы болды.	жаңбыр қар	жауды жауды қатты жауды ақырындап жауды
Ертең	күн ашық болады. күн бұлтты болады. күн суық болады. күн салқын болады. күн ыстық болады. күн жылы болады.	жаңбыр қар	жауады жауады
Қазір жел соғып тұр. Найзағай жарқылдайды. Күн күркіреді. Бұршақ жауады. Күн құбылады. Ертең күн құбылмалы.			

13. Оқыңыз. Аударыңыз.

- Бүгін ауа райы өте ыстық, шамамен 35 градус болып тұр. Мүлдем жел жоқ.
- Ертең күн бұлттанып, жаңбыр жауады. Ауаның температурасы 15-17 градусты көрсетеді.
- Көктемде Алматыда күн күркіреп, найзағай жарқылдап, жаңбыр көп жауады.
- Астанада қыста ауа райы өте суық болады. Қар қалың жауып, қатты жел соғады, аязды болады.
- Күзде күн құбылмалы болады. Қыркүйек айында жылы, кейде ыстық болады. Ал қазан, қараша айлары салқын болады. Қарашада кейде Қазақстанның көп жерінде қар жауады.

14. Айтыңыз. Ауа райы қандай?



15. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгін ауа райы қандай?

Кеше ауа райы қандай болды?

Ертең ауа райы қандай болады?

16. Әке-шешеңізге хат жазыңыз. Төмендегідей бастаңыз:

Амансыздар ма, қымбатты әке және анашым?


Хал-жағдайларыңыз жақсы ма? Денсаулықтарыңыз қалай? Ауырып жүрген жоқсыздар ма? Қандай жаңалықтарыңыз бар? Ауа райы қалай?

Менің халім жақсы. Қазір Алматыда күн суық. Қар жауып тұр. Менің денсаулығым

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма. Айтыңыз.

✓ Оларға не болды? Енді не істеу керек?



2. Тапсырма.

✓ Суреттер бойынша диалог құраңыз.



3. Тапсырма.

- ✓ Анаңызға телефон соғыңыз. Денсаулығы қалай екен, сұраңыз.
- ✓ Еліңіздегі досыңызбен сөйлесіңіз. Хал-жағдайын, денсаулығы туралы сұраңыз. Қандай жаңалық бар екенін біліңіз. Ол жақтың ауа райы қалай екен, досыңыз қазір не істеп жүр екен, сұрап біліңіз.

4. Тапсырма. Қалай ойлайсыз?

- ✓ Ауырмау үшін не істеу керек?
- ✓ Сіздің отбасыңызда кім жиі ауырады, неге?
- ✓ «Денсаулық – зор байлық». Бұл мақалды қалай түсінесіз?
- ✓ Сіздің досыңыз ауырып қалды. Сізге не істеу керек?

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Қазақстанның әсем табиғаты

Қазақстанның жері бай, табиғаты өте әдемі. Қазақстан жерінде таулар, өзен-көлдер көп. Қазақстан жерінің 10% (пайызын) таулар алып жатыр. Іле Алатауы, Алтай, Баянауыл, Тарбағатай таулары бар.

Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық өзендері, Балқаш, Зайсан, Алакөл, Марқакөл көлдері, Каспий және Арал теңіздері бар.

Қазақстанның орманды жерлерін алуан түрлі жануарлар, құстар, жәндіктер мекен етеді.

Қазақстан жерінде түрлі емдік, дәрілік өсімдіктер өседі. Қазақстанның табиғаты әдемі, ауасы таза – адамдардың денсаулығына өте пайдалы.

Астанада 250 шақырым жерде «Бурабай» ұлттық паркі орналасқан. Оған адамдар демалу және емделу үшін барады. Бұл жақта қыста ауа райы өте суық болады.

Алматыдан 280 шақырым жерде, таулардың арасында «Көлсай», «Қайыңды көл» орналасқан. Онда ауа райы демалу және емделу үшін ыңғайлы, қысы қатты суық емес, жазда салқын, ауасы таза.

Шығыс Қазақстанда атақты «Алакөл» орналасқан. Бұл жаққа адамдар суға шомылу үшін және балық аулау үшін барады. Алакөлдің емдік қасиеті өте жоғары. Адам денсаулығына өте пайдалы. Себебі мұнда минералдар, химиялық элементтер көп. Алакөлге шілде және тамыз айларында барған дұрыс. Себебі ауа райы ыстық, су жылы болады.

Іле Алатауында, Алматыға жақын жерлерде емделу және демалу үшін табиғи орындар өте көп. Алма-арасан, Ақсай, Түрген, Медеу, Шымбұлақ сияқты демалыс орындарының табиғаты тамаша. Жылдың төрт мезгілінде де ауа райы қолайлы. Тауда жазда салқын, ал қыста ауа райы суық болса да, демалушылар шаңғы, коньки тебу үшін барады. Отбасымен бірге барып демалу үшін ыңғайлы жерлер.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІ



Қайыңды көл



Бурабай



Іле Алатауы



Көлсай



Алакөл



Түрген



Қапшағай



Алма-арасан



Шарын шатқалы

ЖАҢА СӨЗДЕР

ағза
ақырындау
алақан
алуан
анаумен
арқа
асқазан
ауа райы
ауру
ауыз
ауыру
аяқ
балық аулау
бас
бауыр
башпай
бел
бүйрек
бізбен
дене
ерін
емделу
емдету
емдеу
емдік

жазылу
жаңбыр
жөтелу
жүрек
иық
кеуде
көз
күн ашық
күн бұлтты
күн жылы
күн салқын
күн суық
күн ыстық
кірпік
қан
қар
қаралу
қарату
қас
қасиет
қол
қызу
маңдай
минерал
мойын

мынаумен
орман
осымен
өкпе
өкше
өсімдік
пайдалы
сан
саусақ
солқылдау
суық тию
сүйек
табан

тамыр
тексерту
тексеру
тексерілу
тұмау тию
түйілу
түшкіру
тізе
тіл
тіс
шаншу
шомылу
элемент



11-САБАҚ КЕШЕ КІМ НЕ ІСТЕДІ, ЕРТЕҢ НЕ ІСТЕЙДІ?



Тыңдау және айту

МЕН КЕШЕ ТЕАТРҒА БАРДЫМ



ГРАММАТИКА



Өткен уақыт:

Мен бардым/келдім	Біз бардық/келдік
Сен бардың/келдің	Сендер бардыңдар/келдіңдер
Сіз бардыңыз/келдіңіз	Сіздер бардыңыздар/келдіңіздер
Ол барды/келді	Олар барды/келді

Мен	-м	Біз	-қ/-к
Сен	-ң	Сендер	-ндар/-ндер
Сіз	-ңыз/-ңіз	Сіздер	-ңыздар/-ңіздер
Ол		Олар	

1. Оқыңыз өткен уақыт болса қалай айтасыз?

Жазу, оқу, тыңдау, қайталау, дайындалу, сену, көру, білу, ойнау, қарау, қыдыру, ауыру, жазылу, шаршау, уайымдау, сағыну, кездесу, сөйлесу, әңгімелесу, тұру, жуыну, тамақ ішу, ұйықтау, демалу, сезу; коньки тебу, кету, ән айту.

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

- Сіз кеше не істедіңіз? – Сіздер өткен аптада не істедіңіздер?
- Сен кеше не істедің? Сендер өткен аптада не істедіңдер?
- Мен кеше киноға бардым. – Біз өткен аптада Шымбұлаққа бардық.

- Ол кеше не істеді?
- Ол кеше бөлмеде демалды.
- Алмас не істеді? – Олар өткен аптада не істеді?
- Ол сабақ оқыды. – Олар өткен аптада футбол ойнады.

3. Оқыңыз, аударыңыз. Есте сақтаңыз!!!

ҚАШАН?

кеше алдыңғы күні бағана жаңа/жаңа ғана		Кеше	таңертең түске дейін түсте түстен кейін кешке түнде
өткен	аптада айда жылы ғасырда	бір сағат екі апта бір ай бір жыл	бұрын

4. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен кеше үйге хат жаз... . Біз өткен айда екі апта демал... . Біз өткен жылы балалармен бірге Есік көліне саяхатқа бар... . Толға Қазақстанға екі жыл бұрын кел... . Балалар жаңа ғана доп ойнау үшін стадионға кел... . Сен таңертеңгі тамақ іш... бе? Қанат кеше кешке досымен бірге кино көр.... Әпкем жексенбі күні «Магнумнан» азық-түлік сатып әкел... .

Сіз Алматыға пойызбен кел... бе?

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіз кеше кешке не істедіңіз?
- Мен кеше кешке ғаламтордан жаңалықтар

- Сендер өткен жексенбіде қайда бардыңдар?
- Біз өткен жексенбі күні Арманның туған күніне
- Сен кеше сабаққа келдің бе?
- Иә, мен кеше сабаққа
- Балалар дүкеннен не сатып алды?
- Балалар дүкеннен

6. Сұрақ қойыңыз.

- ... ?
- Мен кеше түстен кейін дүкенге көкөніс алу үшін бардым.
- ... ?
- Біз Қазақстанға өткен жазда келдік.
- ... ?
- Болат кітап алу үшін кітапханаға барды.
- ... ?
- Мен университетке 45-інші автобуспен келдім.

- Сіз кеше театрға бардыңыз ба?
- 1) Жоқ, мен кеше театрға барған жоқпын.
- 2) Жоқ, мен кеше театрға бармадым.



ГРАММАТИКА

-ған/-ген V + -қан/-кен жоқ + pers.end . Мен кел+ген жоқ+пын	-ма/ме V + -ба/бе + -ды/-ді + pers.end . -па/пе -ты/-ті Мен кел+ ме +ді +м
--	---

7. Тыңдаңыз, қайталаңыз. Оқыңыз.

Мен жазған жоқпын / жазбадым	Біз жазған жоқпыз / жазбадық
Сен жазған жоқсың / жазбадың	Сендер жазған жоқсыңдар / жазбадыңдар
Сіз жазған жоқсыз / жазбадыңыз	Сіздер жазған жоқсыздар / жазбадыңыздар
Ол жазған жоқ / жазбады	Олар жазған жоқ / жазбады

8. 7-тапсырма бойынша жіктеңіз.

Оқу, тыңдау, қайталау, дайындалу, сену, көру, білу, ойнау, қарау, қыдыру, ауыру, жазылу, шаршау, уайымдау, сағыну, кездесу, сөйлесу, әңгімелесу, тұру, жуыну, тамақ ішу, ұйықтау, демалу, сезу, коньки тебу, кету.

9. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіздер кеше түстен кейін кітапханаға бардыңыздар ма?
- ...
- Сіз Қазақстанға жазда келдіңіз бе?
- ...
- Сіздің әкеңіз Қазақстанда оқыды ма?
- ...
- Сіз кеше демалдыңыз ба?
- ...
- Сіз түнде кеш ұйықтадыңыз ба?
- ...

10. Диалогты толықтырыңыз.



1) – Сәлем!
 – Сәлем!
 – Сабақ оқыдың ба?
 – Жоқ, ... Ал сен?
 – Иә, ...
 – Жарайсың!

2) – Әлия, сен кеше қайда бардың?
 – Театрға ...
 – Қандай театрға ...?
 – Қазақ драма театрына ...
 – Жақсы!

3) – Сәлеметсіз бе?
 – Сәлеметсің бе, балам?
 Балам, дүкенге бардың ба?
 – Жоқ, өлі ...
 Дүкеннен не алу керек еді?
 – Дүкеннен нан, сүт және айран мен май алу керек.
 – Жақсы, қазір барамын.

11. Сөйлемдерді аяқтаңыз. Олар кеше не істеді, айтыңыз.

Өткен демалыс күні мен Мағжанмен бірге көк базарға

Маған Алматының алмасы ұнайды. Сондықтан көк базардан екі килограмм алма, бір келі (килограмм) мандарин және картоп, сәбіз

Мағжанға алма ұнамайды, сондықтан ол алма Мағжан апельсин және киви Содан кейін біз жатақханаға келіп, кешкі тамақ

12. Ол кім, оның кеше не істегенін айтыңыз?



13. Диалогты оқыңыз.

- Сәлем, Бэтси!
- Сәлем, Фатима!
- Хал-жағдайың қалай?
- Жаман емес. Өзің қалайсың?
- Жақсы, жақсы, рақмет. Денсаулығың қалай?
- Өткен аптада аздап ауырдым. Қазір жақсымын, жазылдым. Сен кеше кешке не істедің? Мен саған телефон соқтым, бірақ сен жауап берген жоқсың ғой.
- А, солай ма? Маған кеше достарым келді. Мен телефонның дауысын естімедім. Кешір!
- Ештеңе емес! Саған кімдер келді?
- Ли Ли, Цзо Лун мен Уан Жен келді.
- Кешті жақсы өткіздіңдер ме? Көңілді болған шығар.

- Иә, өте тамаша өткіздік! Біз бірге кешкі тамақ дайындап іштік. Содан кейін кино көрдік. Кино өте қызық екен!

- Кино қытайша ма, орысша ма?

- Қытайдың киносы, қытай тілінде, жаңа фильм екен. Кинодан кейін тортпен шай ішіп, әңгімелестік, Цзо Лун гитарамен ән айтты, біз тыңдадық.

- О-о-о, өте көңілді болған екен! Мен қуаныштымын. Маған тезірек үйге кету керек еді. Кездескенше, сау бол!

- Көріскенше, сау бол, Бэтси!

Тапсырма: Фатима мен Бэтси туралы айтыңыз.

1. Сіз кеше не істедіңіз, айтыңыз.

МЕН КЕШЕ ТЕАТРҒА БАРДЫМ



ГРАММАТИКА

Болашақ:

V + -a /-e/-й +pers. end.
Мен бар + а + мын

Мен барамын / келемін	Біз барамыз / келеміз
Сен барасың / келесің	Сендер барасындар / келесіндер
Сіз барасыз / келесіз	Сіздер барасыздар / келесіздер
Ол барады / келеді	Олар барады / келеді

Мен	-мын/-мін	Біз	-мыз/-міз
Сен	-сың/-сің	Сендер	-сындар/-сіндер
Сіз	-сыз/-сіз	Сіздер	-сыздар/-сіздер
Ол	-ды/-ді	Олар	-ды/-ді

- Сен ертең кітапханаға барасың ба?
- Жоқ, мен ертең кітапханаға бармаймын.

Мен бармаймын / келмеймін	Біз бармаймыз / келмейміз
Сен бармайсың / келмейсің	Сендер бармайсындар / келмейсіндер
Сіз бармайсыз / келмейсіз	Сіздер бармайсыздар / келмейсіздер
Ол бармайды / келмейді	Олар бармайды / келмейді

1. Оқыңыз. Кесте бойынша жіктеңіз.

бару
келу

әкелу
апару

дайындалу
қуану

кету
шығу
кіру
қайту
үлгеру

кешігу
сағыну
оқу
жазу
тамақ ішу

көру
әңгімелесу
күту

2. Оқыңыз. Есте сақтаңыз!

ҚАШАН?

бүгін ертең бүрсігүні	ертең	таңертең түске дейін түсте түстен кейін кешке түнде
келесі аптада айда жылы ғасырда	бір сағаттан екі аптадан бір айдан бір жылдан	кейін соң

3. Мағынасы сәйкес сөйлемді табыңыз.

1. Арман кеше кітапханаға барып кітап алды.	1. Ертең жылы киінемін.
2. Мұғалім үйге көп тапсырма берді.	2. Келесі аптада туған күнге барамын.
3. Мен жаңа қойылымға билет алдым.	3. Бүгін кітап оқиды.
4. Мен түсі қызылдау әдемі көйлек сатып алдым.	4. Ертең сабақ сұрайды.
5. Түнде ауа райы суық болды.	5. Жексенбі күні театрға барамын

4. Мағынасына орай сөйлемді аяқтаңыз.

Қажетті сөздер: *ойнау, болу, көру, ұйықтау, ішу;*

1. Мен кеше дәріханадан дәрі сатып алдым.	Бүгіннен бастап дәрі ...
2. Досым маған жаңа фильм әкелді.	Келесі жексенбі күні фильм ...
3. Маржан түнде ұйықтаған жоқ, себебі сабақ оқыды.	Бүгін түнде ...
4. Екі апта бұрын досымның туған күні болды.	Бүрсігүні менің туған күнім ...
5. Біз алдыңғы күні футбол ойнадық.	Ал ертең баскетбол ...
6. Осы аптада мен тамақ істедім.	Ал келесі аптада сен ...

5. Жазыңыз.

Мен, үй, сағат, екі, келу.

Үлгі:

1. Мен **күнде** үйге сағат екіде **келемін**.
2. Мен **кеше** үйге сағат екіде **келдім**.
3. Мен **қазір** үйге **келе жатырмын**.
4. Мен **ертең** үйге сағат екіде **келемін**.

Сен, сағат сегіз жарым, сабақ, бару;

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Дәурен, Астана, туралы, оқу;

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Сіз, базар, үй, азық-түлік, әкелу;

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Менің досым, саябақ, балалар, қыдыру;

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Әке, аурухана, жұмыс істеу;

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Мен, шеше, телефон, сөйлесу;

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіз күнде таңертең не істейсіз?
- ...
- Сіз кеше таңертең не істедіңіз?
- ...
- Сіз ертең таңертең не істейсіз?
-

- Сіз күнде не істейсіз?
- ...
- Сіз кеше не істедіңіз?
- ...
- Сіз қазір не істеп отырсыз?
- ...

- Сіз анаңызбен сөйлестіңіз бе?
- ...
- Қашан сөйлестіңіз?
- ...
- Анаңызға енді қашан телефон соғасыз?
- ...



7. Диалогты толықтырыңыз. Аударыңыз. Айтыңыз.

- 1) – Балам, сабақ оқыдың ба?
– Жоқ, әлі оқыған жоқпын. Қазір оқимын.
- 2) – Ершуақ, жаңа сөз жаттадың ба?
– Жоқ, әлі жаттаған жоқпын. Қазір жаттаймын.
- 3) – Маржан, сурет салдың ба?
– Жоқ, ...
- 4) – Дарын, нан әкелдің бе?
– Жоқ, ...
- 5) – Алтынай, тамақ дайындадың ба?
– Жоқ, ...
- 6) – Сәуле, менімен дүкенге барасың ба?
– Жоқ, ...
- 7) – Алмас, үй жинадың ба?
– Жоқ, ...

8. Оқыңыз, аударыңыз.

Қашан?

N + O ₃ дейін	N + O ₅	N + O ₆ кейін
түске дейін сабаққа дейін туған күнге дейін Астанаға дейін	түсте сабақта туған күнде Астанада	түстен кейін сабақтан кейін туған күннен кейін Астанададан кейін
-ған/-ген V + -қан/-кен + O ₃ дейін	-ған/-ген V + -қан/-кен + O ₅	-ған/-ген V + -қан/-кен + O ₆ кейін/ соң
Қазақстанға келгенге дейін театрға барғанға дейін телефон соққанға дейін кездескенге дейін	Қазақстанға келгенде театрға барғанда телефон соққанда кездескенде	Қазақстанға келгеннен кейін/соң театрға барғаннан кейін/соң телефон соққаннан кейін кездескеннен кейін/соң

9. Айтыңыз, жазыңыз.

Азық-түлік әкел... дейін күтемін.
Азық-түлік әкел... кейін тамақ жасаймын.

Стадион... дейін жаяу 30 минут жүремін.
Стадион... кейін тағы 20 минут жүремін.

Астана... дейін пойызбен барамыз.
Астанаға бар... кейін автобуска отырып Екібастұзға барамыз.

Жалақы ал.... дейін күту керек.
Жалақы ал... кейін үлкен тоңазытқыш сатып аламыз.
Қар жау.... дейін ауа райы жылы болды.
Қар жау.... кейін суық басталды.

Кино бастал... дейін бір кесе кофе іштім.
Сен онымен кездес... менен «сәлем» айт.

Мен телефон соқ... сен телефон алмадың.
Қазақстанға кел... маған бәрі қызық болды.

10. Айтыңыз, жазыңыз.

Жұмыстан ... үйге қайтамын.
Үйге барғаннан ... демаламын.
Футбол басталғанға ... тамақ ішіп алдым.
Жаңбыр жауғаннан ... ауа тазарды.
Таң атқанға ... ұйықтамадым.
Балмұздақ жегеннен ... баланың көңілі көтерілді.

11. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бүгін сабаққа келгенге дейін не істедіңіз?
- ...
- Бүгін сабақтан кейін не істейсіз?
-
- Сіз Қазақстанға келгенге дейін не істедіңіз?
- ...
- Сіз Қазақстанға келгеннен кейін не істеп жүрсіз?
- ...

12. Диалог туралы айтыңыз.

КІМГЕ НЕ ҰНАУ?

Үлгі: – Мен кеше кино көрдім.
– Қалай екен?
– Маған ұнады.

Ол кеше кино көрді. Оған ұнады.

- 1) – Мен кітап оқып бітірдім.
 - Қалай екен? Ұнады ма?
 - Иә, қызық екен!

- 2) – Мен жексенбі күні концертке бардым.
– Қалай, жақсы болды ма?
– Маған онша ұнаған жоқ. Енді ондай концертке бармаймын.
- 3) – Біз өткен аптада мұражайға бардық.
– Қалай екен? Ұнады ма?
– Иә! Керемет! Тамаша екен! Жазда ініммен бірге тағы барамын.
- 4) – Мен сабақтан кейін қазақ досымның туған күніне бардым.
– Қалай болды? Көңілді болды ма?
– Шынымды айтсам, көңілді болған жоқ. Себебі мен қазақша жақсы білмеймін.
- 5) – Мен кеше дүкенге барғанда сөмке көрдім.
– Әдемі ме?
– Иә, өте әдемі. Ертең барып сатып аламын.
- 6) – Мен корей мейрамханасына бардым.
– Қалай екен? Дәмді ме?
– Шынымды айтсам, тамақтары өте ащы екен, жеген жоқпын. Тек шай іштім.
– А, солай ма? Маған ащы тамақ ұнайды. Мен барып жеп көремін.

13. 12-тапсырмаға ұқсас диалог құрастырыңыздар.

Қажетті сөздер: *торт жеу, көк базарға бару, Астанаға бару, опера тыңдау, коньки тебу.*

14. Диалогты оқыңыз.

- Ало! Сәлем, Мария!
- Ало! Сәлем, Роза! Халің қалай?
- Жақсы, рақмет! Өзің ше?
- Жақсы, рақмет! Роза, қандай жаңалық бар?
- Жаңалық жоқ. Бәрі бұрынғыдай. Өзінде жаңалық бар ма?
- Менде де бәрі бұрынғыдай. Танертең жұмысқа барамын. Жұмыстан кейін асығып үйге қайтамын. Себебі үйге барғаннан кейін тамақ істеу керек, балалардың сабағына көмектесу керек. Тек сенбі, жексенбі демаламын.
- Менде сенбі, жексенбі демаламын. Демалғанда кездесіп тамақ ішейік.
- Әрине, кездесейік. Қай жерде кездесеміз? Қайда барамыз?
- Жұмыстың жанында жақсы қытай мейрамханасы бар. Бөгенбай және Сейфуллин көшесінде. Осы сенбі күні сағат 12-де сол жерде кездесейік.
- Тамаша, мен сол жерге барғанда саған телефон соғамын. Содан кейін кездесіп бірге тамақ ішіп, асықпай сөйлесеміз.
- Келістік. Кездескенше!
- Кездескенше, сау бол, Роза!

• Тапсырма. Мария мен Роза туралы айтыңыздар.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

✓ Сурет бойынша әңгіме құраңыздар.

Жаңа сөздер: *орман, сурет салу, жел соғу, жапырақтар түсіп қалу, таңғалу.*

Алдымен мына сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Бұл қай мезгіл?
- 2) Баланың аты кім?
- 3) Ол не істеймін деп ойлады?
- 4) Ол қайда келді?
- 5) Мұнда табиғат қандай екен?
- 6) Кенет не болды?
- 7) Жел соққаннан кейін ағаштарға не болды?
- 8) Бала не істеді?



2. Тапсырма.

- ✓ Бір-біріңізден кеше не істегендеріңіз туралы сұрап біліңіздер.
- ✓ Бір-біріңізден ертең не істейтіндеріңіз туралы сұрап біліңіздер.
- ✓ Сіз қандай кітап оқыдыңыз, қандай кино көрдіңіз, қандай мейрамханаға, қай дүкенге (базарға) бардыңыз, ұнады ма, ұнамады ма, (неге) айтыңыз.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Алтын адам

Алтын адам алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. Ол 1970 жылы Есік қаласының солтүстігінде, Есік өзенінің жағасындағы сақ обасынан табылды. Оны археолог Кемел



Ақышев тапты. Алтын адам Қазақстанда бұрын тұрған ежелгі тайпалардың мәдениеті, өнері, діні туралы мәлімет береді.


Алтын адам V-ғасырдың ескерткіші. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекеймен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құстар бейнесінде жасалған.

Алтын адам ежелгі сақтардың жоғары өркениетін дәлелдейді. Қазір «Алтын адам» киімі Астанада «Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайында» сақталып тұр. Бұл экспонат жыл сайын шетелдерге көрмеге барады. Мысалы: Финляндия, Жапония, Франция, Германия, АҚШ, Италия, Моңғолия, Біріккен Араб Әмірліктері, ТМД елдері.

Алтын адам – Қазақстан символы. Тәуелсіздік алғаннан кейін Алматыдағы жаңа алаңда Алтын адамның ескерткіші орнатылды.

АҚШ – Америка құрама штаттары

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы



«Алтын адам» бас киімінің белгілері – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау кезінде пайдаланылды.
Элементы головного убора Золотого человека – использованы при создании Государственного Герба Республики Казахстан



Мемлекеттік нышандағы сақтардың андық стиль көріністері
Мотивы сакского звериного стиля в государственной символике

ЖАҢА СӨЗДЕР

алдыңғы күні
Алтын адам
арқар
археолог
бағалы

бағана
безендірілу
бейне
бұлан
бүрсігүні

жаңа ғана
жапырақ
жел
жел соғу
жуық
мәлімет
метал
оба
орнату
орнатылу

өркениет
Сақ тайпасы
сақталу
табиғат
тайпа
таңғалу
таутеке
тәуелсіздік
түсу
экспонат

12-САБАҚ ПОРТРЕТ ПЕН МІНЕЗ



Тыңдау және айту

Мен балмұздақты жақсы көремін



ГРАММАТИКА

О₄ – Кімді? Нені?

-ны/-ні	I. II.	баланы, сөмкені
-ды/-ді	III. зж	отбасымды, гүлді
-ты/-ті	V.	сабақты, мектепті
-н	Оның / олардың ... +	оның досын, қазақ тілін

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, айтыңыз.

КІМДІ? НЕНІ?	НЕ ІСТЕУ?	
домбыра..	көру	үйрену
кісі...	көрсету	түсіну
сурет..	жақсы көру	ұнату
өмір...	сүю	тәрбиелеу
адам...	білу	аралау
табиғат...	үйрету	беру
ән айту...	оқу	алу
би билеу...	жазу	ұмыту
сурет салу...	тыңдау	таңдау
сөз сөйлеу...	сағыну	ойлау
оның баласы...	сыйлау	орындау
Үйі...	тану	дайындау
қазақ тілі...	тойлау	армандау
Алматы қаласы...		жасау

2. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен – мені	Біз – бізді	Бұл – бұны
Сен – сені	Сендер – сендерді	Сол – соны
Сіз – сізді	Сіздер – сіздерді	Мынау - мынаны
Ол – оны	Олар - оларды	Анау - ананы

3. Айтыңыз.

Кім?	Кімді? Нені?	Не істеу?
Мен	жаңа жыл...	жақсы көру
Сен	музыка...	сүю
Сіз	Астана қаласы....	ұнату
Ол	балмұздақ...	білу
Біз	таңертеңгі	тану
Сендер	түскі	тәрбиелеу
Сіздер	тамақ...	сағыну
Олар	кешкі	сыйлау
Менің досым	үй тапсырмасы...	ойлау
Менің әкем	бала...	түсіну
Мұғалім	мереке...	ұмыту
	концерт...	ішу
	оның қызы...	тыңдау
	туған күн..	тойлау
	әке-шешем...	орындау
	қыз...	дайындау
	Отан...	аралау
	жаңа сабақ...	көру
		алу
		беру
		көрсету

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- | | |
|--------------------------------------|--|
| – Сен көкөністен нені жақсы көресің? | – Сіз жемістен нені ұнатасыз? |
| – Мен | – Мен ... |
| – Сіз қандай мерекені ұнатасыз? | – Сіздің досыңыз қандай шырынды ұнатады? |
| – Мен ... | – ... |
| – Сіз Қазақстанды бұрын көрдіңіз бе? | – Сізді кім тәрбиеледі? |
| – ... | – ... |
| – Сіз қай тілді ұнатасыз? | – Сен Астананы көрдің бе? |
| – ... | – ... |
| – Сіз Абайдың өлеңдерін оқыдыңыз ба? | |
| – ... | |

5. Сұрақ қойыңыз.

- ... ?
- Иә, мен сені түсінемін.
- ... ?
- Мен Абай Құнанбаевты ұнатамын.
- ... ?
- Иә, мен Қазақстанға келгеннен кейін әке-шешемді сағындым.
- ?
- Жоқ, мен әлі үй тапсырмасын орындаған жоқпын.
- ... ?
- Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін.

6. Оқыңыз. Аударыңыз.**1) кімді/нені сағыну?**

Мен әке-шешемді қатты сағындым. Сен еліндегі достарыңды сағындың ба? Мен балалық шағымды сағынамын. Мен Алматыға келгеннен кейін әжемнің бәлішін сағынып жүрмін. Сен мені сағындың ба?

2) кімді/нені ұмыту?

Мен сізді ұмыттым. Мен сол туралы ылғи ұмытамын. Мен қазақ тілін ұмытып қалдым. Ағылшынша ұмытқан жоқпын. Мен оның атын ұмытып отырмын. Үй тапсырмасын орындауды ұмыттым.

3) кімді/нені түсіну?

Мен сені түсіндім. Жаңа сабақты түсінген жоқпын. Сен мені ертең түсінесің. Мен қазір ештеңе түсініп отырған жоқпын. Мен баламды жақсы түсінемін. – Грамматиканы түсіндіңіз бе? – Иә, түсіндім.

4) нені тойлау?

Біз сабақтан кейін туған күн тойлаймыз. Біз досымыздың туған күнін тойладық. Сессия тапсырғаннан кейін Жаңа жыл мерекесін жақсы тойладық. Қытайдың жаңа жылын ақпанда тойлайды. Наурыз айында екі мерекені тойлаймыз. Жылда 8-Наурызды тойлап жүрміз.

5) кімді/нені дайындау?

Мен достарым келгенге дейін үй тапсырмасын дайындап болдым. Менің шешем күнде дәмді тамақтар дайындайды. Менің інім театрға бару үшін киімдерін әлі дайындаған жоқ. Ол конференцияға қатысу үшін мақала дайындап жүр.

7. Сөйлемдерді оқыңыз. Аударыңыз.

Оқу және білу – оқып білу;

Бару және білу – барып білу;

Сұрау және білу – сұрап білу;



Есте сақтаңыз!

Қазақстанның мәдениеті туралы оқып білдім. Әдебиет сабағында Абай туралы оқып білдім. Қазақ тілі сабағында қазақ тілінің грамматикасын оқып білеміз. Мақала жазғанда тақырып туралы көп материалды оқып білу керек. Театрда қандай қойылым болатынын барып білдім.

Сабақ кестесін университетке келіп білу керек. Теледидардан Қазақстанның табиғаты туралы көріп білдім. Ертең досымның денсаулығы туралы ауруханаға барып білемін. Мұғалімнен ертеңгі сабақ туралы сұрап білдім. Дүкенде сөмкенің бағасын сұрап білу керек. Келесі аптада әуежайға барып ұшақтың билетінің бағасын сұрап білемін.

8. Мәтінмен жұмыс.

МЕНІҢ ӨМІРІМ.

1. Жаңа сөздердің мағынасын сөздіктен табыңыз.

Кім? Не?

кәсіпкер
әскер
бауырсақ
мәдениет
өнер
әдет-ғұрып

Қашан?

биыл
Қазақстанға келгенге дейін
Қазақстанға келгеннен кейін
Қазақстанға келгенде

Қандай?

күшті
еңбекқор
көнбіс

қырықтан асу – қырықтан асқан адам

сияқты – мен сияқты, сен сияқты, осы сияқты, мұғалім сияқты

30 жаста сияқты – 30 жастазы адам сияқты жас көріну

Оз алғыс айту – рақмет айту.

Мен сізге алғыс айтамын. Мен әке-шешеме алғыс айтамын.

О4 армандау – тіл үйренуді армандау, дәрігер болуды армандау, коньки тебуді армандау.

9. Мәтінді бір рет тыңдап, мына сұрақтарға жауап беріңіз.

✓ Оның аты кім? Ол қайдан келді? Не үшін келді?

Менің өмірім

Менің аты-жөнім Пак Шин Е. Қазақша атым Әсем. Мен Кореяда Сеул қаласында 1983 жылы туылдым. Менің туған күнім – қарашаның жиырма алтысы. Сондықтан қазір менің жасым 22-де.

Менің отбасымда 4 адам бар. Олар менің әкем, шешем, інім және өзім. Менің әкемнің аты Пак Чол Ок. Ол – кәсіпкер. Ол күшті және еңбекқор. Менің шешемнің аты Ли Ксң За. Ол көнбіс және әдемі адам. Ол қырықтан асқан, бірақ 30 жаста сияқты. Інім менен үш жас кіші. Оның біраз жылдан кейін әскерге баруы керек. Мен отбасымды жақсы көремін және қатты сағындым. Мен оларға алғыс айтамын.

Мен Кореяда мектепті 2002-ші жылы бітірдім. Қазақстанға келгенге дейін Корей шетел тілдері университетінде оқыдым. Менің мамандығым неміс тілі және ағылшын тілі. Мен шет тілдерін жақсы көремін. Бала кезімде көп тіл үйренуді армандадым.

Мен Қазақстанға өткен жылы келдім. Мұнда бір жыл боламын. Қазақ ұлттық университетінде оқып жүрмін және жатақханада тұрамын. Қазір үй тапсырмасын орындап отырмын. Маған қазақ тілі ұнайды.

Мен мұнда Қазақстанды көру үшін және қазақ тілін оқу үшін келдім. Қазақстанға келгенге дейін қазақ тілін білген жоқпын. Қазір қазақша аздап сөйлеймін. Қазақ халқының мәдениеті, өнері, әдет-ғұрпы туралы да көп нәрсе оқып білдім. Мен оған қатты қуанып жүрмін. Мен қазақ ұлттық тағамын жақсы көремін. Олар өте дәмді! Әсіресе, бауырсақты қатты ұнатамын.

Маған энциклопедия оқу, саяхат жасау ұнайды. Мен Өзбекстанға, Англияға және Францияға бардым. Биыл қысқы демалыста Атырауға және Шымкентке барамын.

Мен болашақта жақсы аудармашы болып, көп елдерді аралаймын деп ойлаймын.

Менің өмірімде бәрі жақсы болады деп сенемін!

Ал сіздің өміріңіз қалай?

✓ Мәтіннен кейінгі жұмыс.

10. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Әсем қашан қай жерде туылған?
- 2) Ол қазір нешеде?
- 3) Оның отбасы туралы не айтасыз?
- 4) Әсем Қазақстанға келгенге дейін не істеді?
- 5) Ол қай тілдерді біледі?
- 6) Ол бала кезінде нені армандады?
- 7) Әсем Қазақстанға қашан келді?
- 8) Ол қайда оқиды?
- 9) Қазір не істеп отыр?
- 10) Оған қазақ тілі ұнай ма?
- 11) Ол Қазақстанға не үшін келді?
- 12) Ол бұрын қазақ тілін білді ме?
- 13) Әсем қазір қазақша сөйлей ме?
- 14) Ол Қазақстан туралы нені оқып білді?
- 15) Ол нені жақсы көреді? Нені ұнатады?
- 16) Әсем қай елдерге барды? Биыл қайда барады?
- 17) Ол болашақта не істеймін деп ойлайды?

11. Айтыңыз.

- Сіз қазақтың қандай ұлттық тағамын білесіз?
- Сіз бауырсақты білесіз бе?
- Сіз бауырсақты жеп көрдіңіз бе?
- Қымыз, шұбат туралы естідіңіз бе?

12. Сіз келісесіз бе?

ИӘ	ЖОҚ
Иә, келісемін. Дұрыс айтасыз. Әрине, солай.	Жоқ, келіспеймін. Дұрыс емес. Әрине, олай емес.

- ✓ Әсемнің шын аты Пак Шин Е.
- ✓ Әсем Кореядан келді.
- ✓ Әсемнің отбасы өте үлкен.
- ✓ Әсемнің әке-шешесінің мамандығы дәрігер.
- ✓ Әсемнің інісі бар.
- ✓ Әсем Қазақстанға келгенге дейін неміс тілі мен ағылшын тілін оқыды.
- ✓ Әсем бала кезінен мұғалім болуды армандады.
- ✓ Әсем Қазақстанға екі ай бұрын келді.
- ✓ Әсем қазір қазақ тілін оқып жүр.
- ✓ Әсем саяхат жасауды ұнатады.
- ✓ Оған бауырсақ қатты ұнайды.
- ✓ Болашақта жақсы аудармашы боламын деп ойлайды.

13. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Мен Кореяда Сеул қаласында 1983 жылы
 Мен отбасымды ... және қатты
 Мен Кореяда мектепті 2002-ші жылы
 Қазақстанға келгенге дейін Корей шетел тілдері университетінде
 Бала кезімде көп тіл үйренуді
 Мен Қазақстанға өткен жылы
 Мұнда бір жыл
 Қазақ ұлттық университетінде және жатақханада
 Қазір үй тапсырмасын
 Маған қазақ тілі
 Қазақстанға келгенге дейін қазақ тілін
 Қазір қазақша аздап
 Қазақ халқының мәдениеті, өнері, әдет-ғұрпы туралы да көп нәрсе
 Мен оған қатты
 Мен қазақ ұлттық тағамын
 Бауырсақты қатты

14. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен _____жақсы көремін _____сағындым.
 Мен _____бітірдім.
 Бала кезімде _____армандадым.
 Қазір _____орындап отырмын.
 Қазақстанға келгенге дейін _____білген жоқпын.
 Болашақта _____аралаймын.

15. Сөйлем құрастырыңыз.

Мен, Корея, Сеул қаласы, 1983 жыл, туылу;

Мен, туған күн, қараша, жиырма алты;

Бала кез, көп, тіл, үйрену, армандау.

Мен, Корея, мектеп, 2002 жыл, бітіру;

Қазір, үй, тапсырма, орындап отыру;

Қазақ халқы, мәдениет, өнер, әдет-ғұрып, туралы, да, көп, нәрсе, оқып білу;

Мен, ол, қатты, қуанып жүру;

Мен, қазақ, ұлттық, тағам, жақсы көру;

16. Диалогты толықтырыңыз.

– Әсемнің отбасы үлкен бе?

– ...

– Оның інісі одан неше жас кіші?

– ...

– Ол әскерге қашан барады?

– ...

– Әсем неміс тілі мен ағылшын тілін қашан, қайда үйренді?

– ...

– Әсем Қазақстанға қашан келді?

– ...

– Ол Қазақстанға не үшін келді?

– ...

– Әсем не істеуді ұнатады?

– ...

– Әсем қанша тіл біледі деп ойлайсыз?

– ...

17. Сұрақ қойыңыз.

– ... ?

– Әсемнің туған күні 26-шы қараша.

– ... ?

– Ол бала кезінен көп тіл үйренуді армандады.

– ... ?

– Ол Қазақстанда бір жыл болады.

– ... ?

– Ол Қазақстанға келгенге дейін Корей шетел тілдері университетінде оқыды.

– ...?

– Оның мамандығы неміс тілі мен ағылшын тілі.

– ...?

– Ол Қазақстанға келгеннен кейін қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын оқыды.

– ...?

– Ол қысқы демалыста Атырау мен Шымкентке барады.

18. Әсемнің Қазақстандағы өмірінің кейбір сәттеріне қараңыз.
Әсемнің Қазақстандағы өмірі қалай өтті деп ойлайсыз? Ол Қазақстанда не істеді?

Менің Қазақстандағы өмірім.



Менің атым
Пак Шин Е.
Мен Сеулденмін.
Мен қазақ тілін
оқып жүрмін.

Кореядан
келген
студенттер
қазақша
билеп жүр.



Біздің саяхатымыз.



Біз мейрамханадамыз

Наурыз мерекесі



19. Әсемнің өмірі туралы толық мәлімет айтыңыз?

20. Өзіңіздің өміріңіз туралы не айтар едіңіз. Мәтін жазыңыз.

МЕНИҢ ДОСТАРЫМ

Салыстыру.

Жақсы — жақсырақ, жақсылау — өте жақсы

Үлкен — үлкенірек, үлкендеу — өте үлкен

Қызыл — қызылдау, қызылырақ, — өте қызыл, қып-қызыл

-рақ /-рек
-ырақ/-ірек
... +
-лау/-леу
-дау/-деу
-тау/-теу

өте
аса
тым
ең

қып-қызыл
жап-жасыл
сап-сары
қап-қара
...
аппақ (!!!)
көкпеңбек (!!!)

ДОСЫМНЫҢ ПОРТРЕТІ ЖӘНЕ МІНЕЗІ

1. Оқыңыз. Аударыңыз.

Адамның бойы:

бойы ұзын/аласа/қысқа

ұзын бойлы, аласа/қысқа бойлы, орта бойлы

Адамның өңі:

аққұба, қара торы, қара, сары

Адамның жасы:

Жас, орта жастағы, қарт, үлкен кісі;

Адамның денесі:

Арық/арықтау, толық/толықтау,

Адамның шашы:

Шашы ұзын/қысқа, бұйра/тік, қара/қоңыр/сары/ақ;

Шашы ұзындау/қысқалау, бұйралау, қап-қара/қоп-қоңыр/
сап-сары/аппақ;

Шашы өрілген, буылған, түйілген;

Қасқа бас;

Адамның көзі:

Көзі үлкен/кішкентай, қап-қара/қоңыр/сұр/көк
көзілдірікті

Адамның қасы:

Қасы қалың/жіңішке ұзын, қап-қара,

Қалың/жіңішке қара/қоңыр қасты



Адамның кірпігі:

Кірпігі ұзын – ұзын кірпікті

Адамның мұрны:

Мұрны үлкен/кішкентай

Қыр мұрынды, мұртты

Адамның қол/аяғы:

Қол/аяғы ұзын/қысқа



2. Кім қандай айтыңыз!



3. Оқыңыз.

1)

- Апа, сіз жоқта үйге бір апай келді.
- Кім келді?
- Танымаймын.
- Түрі қандай?
- Ұзын бойлы, арық, сары апай. Шашы түйілген.
- А-а-а, ол Сара апайың ғой.
- Ол кім?
- Ол біздің жаңа көршіміз.

2) – Сіз қай топта оқисыз?

- 15-інші топта оқимын. Мұғаліміңіз кім?
- Кешіріңіз. Мен мұғалімнің аты-жөнін білмеймін.
- Сіздің мұғаліміңіз ер адам ба, әлде әйел адам ба?

- Ер адам.
- Түрі қандай?
- Бойы кішкентай, арық, қараторы ағай.
- А-а-а, ол Мұхтар ағай ғой. Сіздің мұғаліміңіздің аты-жөні Мұхтар Парахатұлы.
- Рақмет, апай.

- 3) – Апай, дәрісханаға бір мұғалім апай келді. Сізді сұрады.
- Ол кім? Аты-жөнін білесіздер ме?
 - Жоқ. Сұрамадық.
 - Түрі қандай?
 - Ол орта бойлы, шашы сары, қысқа. Аздап толықтау. Көзі үлкен.
 - Ааа, ол Айжан апай ғой! Жақсы, айтқандарың үшін рақмет.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

4. Адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттер.

ақылды – ақылсыз/ақымақ
 еңбекқор/пысық – жалқау
 ақкөңіл/көңілді – салмақты/байсалды
 қарапайым - тәкаппар
 сезімтал – қатты
 жайдары – ашушаң
 әділ/әділетті – әділетсіз
 сыпайы – ұрысқақ
 адал – екіжүзді/қу

мінезді – мінезсіз
 нәзік – ерсі/дөрекі
 батыл/қайсар – ынжық/ез
 тәртіпті – тәртіпсіз/бұзық
 жомарт - сараң
 өнерлі/талантты/дарынды/ – талантсыз/
 дарынсыз
 білімді – білімсіз
 шыдамды – шыдамсыз
 қырсық, ерке
 қонақжай, мейірімді

5. Оқыңыз. Аударыңыз.

- Менің досым – ақылды, білімді, еңбекқор жігіт.
- Менің досым – ақылды, салмақты, бірақ жалқау жігіт.
- Менің досым – ақкөңіл, жомарт, қайсар жігіт.
- Менің досым – нәзік, адал, ақылды, өнерлі қыз.
- Мен бүгін автобуста ашушаң, ұрысқақ, дөрекі адамды көрдім.
- Екіжүзді адамдардан сақтану керек.
- Менің інім бес жаста, өзі өте ерке бала.
- Бірінші сыныпта бұзық балалар көп.
- Көрші дәрісханада ұзын бойлы, өте әдемі қыз бар. Бірақ өте тәкаппар қыз.

6. Олар қандай айтыңыз.



7. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым Қанат. Менің жасым он бесте.

Менің ағам бар. Оның аты Самат. Ол жиырма бес жаста. Оның туған күні жиырма бесінші тамызда. Ол орта бойлы, арық, қараторы жігіт. Шашы бұйра, қап-қара. Қасы қалың, көзі де қап-қара, сүйкімді жігіт.

Ол физиканы жақсы көреді. Сондықтан техникалық университетте физика факультетінде оқиды. Болашақта инженер болады. Ол ақылды, білімді. Сабақты өте жақсы оқиды.

Самат спортты да жақсы көреді. Теннис ойнауды ұнатады. Ол өте қайсар. Сондықтан бірнеше жарыстарға қатысып бірінші орын алған.

Саматтың достары да көп. Себебі ол ақкөңіл, жайдары, әділ жігіт. Достарына өте адал. Достарына үнемі көмектесіп жүреді.

Бос уақытында Самат гитарамен ән айтады. Дауысы әдемі. Оны анамыз «менің өнерлі балам» деп айтады.

Ол сабақтан келгеннен кейін екеуіміз аулада теннис ойнаймыз. Ол маған «жалқаусың» деп ұрсады. Себебі мен компьютер көп ойнаймын.

• **Тапсырма.**

- ✓ *Мәтіннің мазмұнын айтыңыз.*
- ✓ *Саматтың жеке портретін жасаңыз.*

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма. Әңгімеленіз.

- ✓ Отбасыңыздан бір адамды сипаттаңыз.
- ✓ Мұғаліміңізді сипаттаңыз.
- ✓ Досыңызды сипаттаңыз.

2. Тапсырма. Қалай ойлайсыз?

- ✓ Сізге қандай адамдар ұнайды? Неге?
- ✓ Адам бойындағы ең жаман қасиет не деп ойлайсыз? Неге?
- ✓ Адам бойындағы ең жақсы қасиет не деп ойлайсыз? Неге?
- ✓ Сіздің ше, қазіргі балалар қандай?
- ✓ Сіздің Қазақстандағы (Алматыдағы) өміріңіз қалай, айтыңыз.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Қазақ театры

Алматыда үлкен-үлкен он шақты театр жұмыс істейді. Мұнда балаларға арналған жасөспірімдер театры (орыс және қазақ тілдерінде), қуыршақ театры, корей, неміс, ұйғыр театрлары, орыс драма театры, опера және балет театры бар.



Мұхтар Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театры – Алматыдағы ірі қазақ театрларының бірі. Ол алғаш рет Қызылорда қаласында 1926 жылы 13 қаңтарда М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен және халық өнерпаздары қатысқан үлкен концертпен ашылды. 1929

жылы театр Алматыға көшіп келді.

1961 жылы ұлы жазушы, драматург Мұхтар Әуезовтің аты берілді.



Театр сахнасында тарихи шығармалар да, қазіргі заманауи шығармалар да, шетелдік классиктердің шығармалары да қойылады. Бұл қойылымдардың бәрі ұрпақты отансүйгіш, еңбекқор, батыл, әділетті, қайырымды, адал, шыдамды, жомарт, қонақжай, өнерлі, білімді болуға тәрбиелеп келеді.

Театр жыл сайын жазда Қазақстанның басқа қалаларына, шетелдерге гастрольдік сапарға шығады.



ЖАҢА СӨЗДЕР

адал
адамның өңі
ақкөңіл
аққұба
ақылсыз
аппақ
арық
арықтау
ашушаң
әділ
әділетсіз
әділетті
байсалды
батыл
бой
бойы ұзын
буылған
бұзық
бұйра
бұйралау
білімді
білімсіз
дарынды
дарынсыз
дөрекі
еңбекқор

ез
екіжүзді
ерке
ерсі
жайдары
жалқау
жомарт
көзілдірікті
қайсар
қап-қара
қара торы
қарапайым
қасқа бас
қатты
қонақжай
қоп-қоңыр
қу
қыр мұрынды
қырсық
қысқалау
мұртты
мінезді
мінезсіз
нәзік
орта бойлы
өнерлі

өрілген
салмақты
сап-сары
сараң
сезімтал
сыйлау
сыпайы
талантсыз
талантты
тану
тәкаппар
тәрбиелеу
тәртіпсіз
тәртіпті
тойлау
толық
толықтау
түйілген
ұзын бойлы
ұзындау
ұрысқақ
шаш
шыдамды
шыдамсыз
ынжық



ГРАММАТИКА



Тыңдау және айту

Мен	-айын/-ейін -йын/-йін	Біз	-айық/-ейік -йық/-йік
Сен	—	Сендер	-ыңдар/-індер -ңдар/-ңдер
Сіз	-ыңыз/-іңіз -ңыз/-ңіз	Сіздер	-ыңыздар/-іңіздер -ңыздар/-ңіздер
Ол	-сын/-сін	Олар	-сын/-сін

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

бару, келу	бару, келу
Мен барайын, келейін	Біз барайық, келейік
Сен бар, кел	Сендер барыңдар, келіңдер
Сіз барыңыз, келіңіз	Сіздер барыңыздар, келіңіздер
Ол барсын, келсін	Олар барсын, келсін

тыңдау, жұмыс істеу	тыңдау, жұмыс істеу
Мен тыңдайын, жұмыс істейін	Біз тыңдайық, жұмыс істейік
Сен тыңда, жұмыс істе	Сендер тыңдаңдар, жұмыс істендер
Сіз тыңдаңыз, жұмыс істеңіз	Сіздер тыңдаңыздар, жұмыс істеңіздер
Ол тыңдасын, жұмыс істесін	Олар тыңдасын, жұмыс істесін

тыңдамау, жұмыс істемеу	тыңдамау, жұмыс істемеу
Мен тыңдамайын, жұмыс істемейін	Біз тыңдамайық, жұмыс істемейік
Сен тыңдама, жұмыс істеме	Сендер тыңдамандар, жұмыс істемендер
Сіз тыңдамаңыз, жұмыс істемеңіз	Сіздер тыңдамаңыздар, жұмыс істемеңіздер
Ол тыңдамасын, жұмыс істемесін	Олар тыңдамасын, жұмыс істемесін

2. Етістіктерді бұйрық формасымен жазыңыз.

Оқу, демалу, көру, кездесу, тамақ ішу, шай ішу, сөйлесу, сыйлау, қыдыру, аралау, тойлау, ойнау, ашу, жабу, кешігу, қате түзеу, тексеру, ояту, шақыру, күту, күте тұру, жағу, өшіру, тиісу;

3. Есте сақтаңыз.

Айту – айтшы; айтыңызшы; айтыңдаршы, айтыңыздаршы, айтсыншы;
Беру – берші, беріңізші, беріңдерші, беріңіздерші, берсінші.

4. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

1) Үлгі: Терезені ашыңызшы. – Жақсы, ашайын.

1 минут күте тұрыңызшы.

Есікті аш.

Бүгін концертке келіңіздер.

Мұғалімнен сұраңыз.

Қатеңізді түзеңіз.

Жұмысыңды өзің тексер.

Кілт алшы.

Осы мәтінді оқыңдар.

Қолыңызды қойыңыз.

Тапсырманы жазыңыздар.

Қайталаңыздар.

Жаңа сөздерді жаттаңыздар.

Ертең сабақ сағат 10.00-де, кешікпеңіздер.

2) Үлгі: Картоп сатып алу. – Сәния, дүкеннен картоп сатып алшы.

Картоп сатып алу, терезені ашу, есікті жаппау, сағат 7-де ояту, кафеге шақыру, бір кесе шай әкелу, сабақтан кейін 5 минут күте тұру, шамды жағу, шамды өшіру, теледидарды қосу, теледидарды өшірмеу, компьютермен ойнамау, ойыншықпен ойнау, газет әкелу, сөздік ұмытпау, шай ішу, тамақ жеу, ұйықтамау, кітапқа тиіспеу, сыйлықты көрсету.

5. Диалогты толықтырыңыз.

– Бақыт, сенбі күні театрға, мен сізді шақырамын.

– Жақсы, барайық.

– Балам, дүкеннен нан ...

– Жақсы, тағы не әкелейін?

– Жок, басқа ештеңе керек емес.

– Гүлмира, бүгін кешке боссың ба?

– Иә, боспын. Не болды?

– Жай, бірге саябақта ...

– Тамаша, қыдырайық!

– Сатушы, маған қызыл туфлиді ...

– Мінеки, көріңіз.

– Бағасы қанша тұрады?

– 5 мың теңге. Алыңыз, сапасы жақсы.

– Жақсы, маған ұнайды,

– Бүгін түстен кейін бос болсаңыз, бірге мейрамханаға барып ас ...

– Қай мейрамханаға?

– Қазақтың ұлттық тағамдары мейрамханасына ...

– О-о-о, ендеше барайық!

– Қызым, әкеңе газет-журнал ... , ал Жомарт азық-түлік

– Жарайды, анашым.

- Мирас, Анарға ... ертең сағат 3-те университетке ...
- Жарайды, айтамын.

6. Қандай өтініш болды, айтыңыз.

- 1) Жақсы, жеміс-жидек сатып алайын.
- 2) Жарайды, оған хабарды айтамын.
- 3) Әрине, хатты беремін.
- 4) Міндетті түрде орындаймын.
- 5) Жақсы, балаларға түсіндіремін.
- 6) Әрине, ұмытпаймын. Ертең сізге телефон соғамын.
- 7) Жақсы, бір кесе кофе әкелейін.
- 8) Жақсы, көмектесемін.

7. Досыңызбен келісіңіз.

- ✓ **Болат, киноға барайықшы. – Жақсы, барайық.**
- ✓ Тамақ ішейікші.
- ✓ Саябақта қыдырайықшы.
- ✓ Бүгін ешқайда бармайықшы.
- ✓ Мен дүкенге барайыншы.
- ✓ Сәуле үй жинасыншы.
- ✓ Самат бұл жаңалықты бәріне хабарласыншы.
- ✓ Сен бүгін қонақтарды шақыр.
- ✓ Сіз бұл хатқа жауап жазыңыз.
- ✓ Сендер жатақхананың алдына келіңдер.
- ✓ Бізді асықтырмаңызшы.
- ✓ Таңертең ерте тұр.

8. Айтылған хабармен келіспеңіз.

Үлгі: Компьютер ойнайыншы. – Жоқ, ойнама, сабағыңды оқы.

- ✓ Ақшаны мен ұстайыншы.
- ✓ Тамақты мен дайындайын.
- ✓ Сізге Баян көмектессінші.
- ✓ Үйді қазір тазалайықшы.
- ✓ Саяхатқа бүгін барайықшы.
- ✓ Шанды Рая сүртсінші.
- ✓ Қонаққа мен де барайыншы.
- ✓ Мен аяғыма туфли кимейінші.
- ✓ Ертең сабаққа бармайыншы.
- ✓ Дәрумен ішпейінші.
- ✓ Еденді мен жумайыншы.

9. Есте сақтаңыз. Рұқсат сұрау.

Кешіріңіз,	кіруге шығуға алуға кетуге сұрауға көруге беруге телефон соғуға айтуға ішуге оқуға	бола ма?	Иә, болады. Жоқ, болмайды.	кір/кіріңіз ал/алыңыз сұра/сұраныз көр/көріңіз бер/беріңіз айт/айтыңыз іш/ішіңіз оқы/оқыңыз
-------------------	--	-----------------	---	--

10. Рұқсат сұраңыз.



11. Не істеуге болмайды?



12. Диалогтарды оқыңыз. Рөлге бөліп ойнаңыздар.

Деканатта: хатшы және студент

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Маған деканмен сөйлесу керек еді. Ол кісі өзінде ме?
- Иә, ол кісі өзінде.
- Кіруге бола ма?
- Әрине, кіріңіз.
- Рақмет.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Маған деканмен кездесу керек еді. Ол өзінде ме?
- Жоқ, өкінішке орай, декан жоқ. Ол жиналысқа кетті.
- Ол қашан келеді?
- Ол кісі 30 минуттан кейін келеді. Уақытыңыз болса, күтіңіз.
- Жақсы, күтейін.



Есте сақтаңыз!

**Күтіңіз. Күте тұрыңыз. Күте тұрыңызшы.
Сәл күте тұрыңыз. Бір (бес) минут күте тұрыңыз.**

ТЕЛЕФОНМЕН СӨЙЛЕСУ


- Алло! Сәлеметсіз бе?
- Алло! Сәлеметсіз бе?
- Мен Диармын. Дарынның досымын. Дарынмен сөйлесейін деп едім. Ол үйде ме?
- Иә, Дарын үйде, қазір шақырайын. Сәл күте тұр.
- Рақмет, сізге!
- Оқасы жоқ.

Дүкенде

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Не қалайсыз?
- Маған ер адамның жейдесі керек еді.
- Қандай жейде керек еді?
- Түсі ақ, сапасы жақсы болу керек.
- Мінеки, ақ жейделер, сапасы да жақсы.
- Көрсетіңізші. Бұл жейделер қай жердікі?
- Өзіміздікі, Алматынікі. Көріңіз.
- Бағасы қанша?
- 3000 теңге. Алыңыз. Өкінбейсіз.
- Жақсы жейде екен, бірақ мына жейде кішілеу сияқты, үлкендеуін беріңіз. Осы ақ түсінен біреу, көк түсінен біреу беріңіз.
- Мінеки алыңыз.
- Мінеки, ақшаңыз.
- Сау болыңыз, тағы келіп тұрыңыз.
- Рақмет. Сау болыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Не керек еді?
- Маған етік керек еді.
- Өзіңізге іздеп жүрсіз бе?
- Иә, өзіме.
- Мінеки, бізде түрлі етіктер бар, көріңіз. Нешінші өлшем кнесіз?
- 36-шы. Мына етікті киіп көруге бола ма?
- Әрине, киіп көріңіз. Сізге күнделікті кию үшін бе, әлде мереке үшін бе?
- Күнделікті кию үшін керек.
- Бұл етік сізге ыңғайлы ма?
- Өкшесі аласалау екен. Өкшесі бұдан биіктеу етік көрсетіңізші.
- Мінеки, мынау ше? Бола ма? Киіп көріңіз.
- Иә, киіп көрейін. Ыңғайлы, әрі әдемі екен. Маған осы етік ұнады. Қанша теңге тұрады?
- Иә, сізге жақсы жарасады екен. Бағасы – 5200 теңге.
- Мен осыны алайын.
- Жақсы, мінеки алыңыз.
- Рақмет.

13. Диалог құрастырыңыз.



БАНКТЕ

14. Оқыңыз. Аударыңыз.

Банк, ақша, теңге, тиын, доллар, ақша айырбастау, ақша жіберу, ақша салу, ақша аудару, ақша түсу, ақша алу, түбіртек, құжат, жеке куәлік, төлқұжат, құжат көрсету, есепшот, жеке есепшот, қол қою, бағам.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Маған Германияға ақша жіберу керек еді.
- Төлқұжатыңызды беріңіз. Кімге жібересіз?
- Балама, аты-жөні — Руслан Нұрланұлы.
- Балаңыздың жеке есепшоты бар ма?
- Иә, бар мінеки.
- Қандай ақшамен жібересіз?
- Доллармен.
- Қанша жібересіз?
- 500 доллар.
- Сәл күте тұрыңыз. ... Мінеки, түбіртекке қол қойыңыз.
- Жақсы, қолымды қойдым. Балам ақшаны қанша уақытта алады?
- Шамамен 10-15 минуттан кейін есепшотқа ақша түседі.
- Рақмет. Сау болыңыз.
- Рақмет. Сау болыңыз.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Ақша айырбастауға бола ма?
- Иә, әрине. Қандай ақша?
- Долларды теңгеге айырбастау керек еді. Бүгін доллардың теңгемен бағамы қанша болады?
- 1 доллар 185 теңге 20 тиын.
- Жақсы, 800 долларды теңгеге ауыстырып беріңізші.
- Жақсы, мінеки, 148 мың 160 теңге алыңыз.
- Рақмет.
- Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

КӨШЕДЕ

15. Оқыңыз, аударыңыз.

Театрға Стадионға Әуежайға Вокзалға	қалай баруға болады?	5-ші трамваймен автобуспен троллейбуспен жаяу	баруға болады.
Маған орталық стадион керек еді, қай аялдамадан (жерден) түсемін?		келесі аялдамадан екі аялдамадан кейін	түсесіз.
оңға солға жоғары төмен	қарай бұрылыңыз/жүріңіз тура (10 метр) жүріңіз.		

16. Диалогтарды оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Сізден сұрауға бола ма?
- Иә, сұраңыз.
- Маған Ұлттық кітапхана керек еді. Оған қалай баруға болады?
- Ұлттық кітапханаға ҚазҰУ-дан 105, 32-ші автобустармен және 11-ші троллейбуспен баруға болады.
- Қай аялдамадан түсемін?
- Абылайхан және Абай көшесіндегі аялдамадан түсесіз.
- Сізге көп рақмет.
- Оқасы жоқ.

- Сәлеметсіз бе? Сізден сұрауға бола ма?
 - Сәлеметсіз бе? Иә, әрине, сұраңыз. Қандай көмек керек еді?
 - Айтыңызшы, жақын жерде дәріхана бар ма?
 - Дәріхана дейсіз бе?...
- Меніңше, келесі көшеде болу керек. Келесі көшеден оңға қарай бұрылыңыз, содан кейін тура 20 метр жүрсеніз, алдыңызда көрініп тұрады.
- Сізге көп рақмет.
 - Оқасы жоқ.

ТАКСИДЕ

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Қайда барасыз?
- Абай және Байтұрсынов көшелерінің қиылысына барамын.
- Отырыңыз.
- ***
- Сізге қай жерде тоқтау керек?
- Байтұрсынов көшесінен өтіп бұрышта тоқтаңыз. Иә, осы жерде тоқтаңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Көк базарға апарасыз ба?
- Иә, отырыңыз.
- ***
- Қазір келесі көшеден өтпей, оңға бұрылып тоқтаңызшы.
- Жақсы.

17. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіз күнде сабаққа немен қалай келесіз?
- ...

- Сабақтан кейін қайда барасыз? Қалай барасыз?
- ...
- Сіз Қазақстанға қалай келдіңіз?
- ...
- Еліңізге қашан, қалай кетесіз?
- ...
- Сіз ақшаңызды қай жерде айырбастайсыз?
- ...
- Сіз ақшаны банкоматтан аласыз ба?
- ...

СӨЙЛЕСЕЙІК!**1. Тапсырма.**

✓ ҚазҰУ-дан орталық стадионға, Медеуге, Көктөбеге қалай баруға болады, диалог құрастырыңыз.

✓ Жақында сіздің туған күніңіз болады. Досыңызды жақсы мейрамханаға шақырыңыз. Себебін түсіндіріңіз.

- ✓ Дүкеннен мейрамханаға киіп бару үшін көйлек сатып алыңыз.
- ✓ Досыңыздың үйіне телефон соғып, үй тапсырмасын сұраңыз.
- ✓ Еліңізге қайту үшін ұшаққа билет сатып алыңыз.

2. Шығармашылық тапсырма.**Жарнама жасаңыз.**

Қажетті сөздер: Қымбатты, ханымдар мен мырзалар!

Қыздар мен жігіттер!

Уа, халайық!

Келіңіздер!

Көріңіздер!

Ұшыңыздар!

Дәм татыңыздар!

- ✓ «Air Astana» – Қазақстан Республикасының негізгі әуе компаниясымен ұшыңыз.
- ✓ Жеңілдіктер!!! « ... » дүкенінен сауда жасаңыз!
- ✓ Бұл мейрамханада ең дәмді тағамдар!

Оқыңыз, қызық!**Қазақ елі қандай ел?****ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ**

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы 1931 жылдың 5 мамырынан бастап жұмыс істейді. Бұл кітапхана әлемдегі ең ірі кітапханалардың бірі ретінде танымал. Оның жаңа ғимараты 1971 жылы салынды.

Кітапхана қорында әлем халықтарының әр тілдерінде 5 831 812 сақтау бірлігін құрайтын әмбебап жалпыұлттық әдебиеттер жинағы сақталады. Қор жыл сайын 100 мың данаға толықтырылып отырады. Күн сайын кітапханаға 3 мыңға жуық оқырман қатынайды.

Оқырмандарға 1 жылда 2 миллионнан аса құжат беріледі. Оқырмандарға 15 оқу залы қызмет

көрсетеді (жалпы және 14 мамандандырылған). Олар 1500 адамға бір мезгілде қатар қызмет көрсетуге есептелген.

Оқу залдарында негізгі кітап сақтау және қосалқы қорлардан әдебиет беріледі, соның ішінде сирек кітаптар мен қолжазбалар, карталар, ноталар, дыбыс жазбалары, электронды басылымдар топтамалары да бар.

Жалпы кітапхана 12 бөлімнен тұрады.

ЖАҢА СӨЗДЕР

ақша
ақша айырбастау
ақша алу
ақша аудару
ақша жіберу
ақша салу
аялдама
әмбебап
бағам
банк
басылым
бұрылу
бірлік
доллар
есепшот
жалпыұлттық
жеке есепшот
жеке куәлік
карта
күнделікті
қатынау
қол қою
қолжазба

қор
қосалқы
құжат
құжат көрсету
құрау
қызмет көрсету
мамандандырылған
негізгі
нота
оқырман
өкіну
сирек
темекі
темекі тарту
теңге
тиын
тоқтау
топтама
төлқұжат
түбіртек
шылым
шылым шегу



14-САБАҚ САЯХАТ ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ

Менің көп саяхат жасағым келеді,
себебі еп арапау ұнайды



ГРАММАТИКА

V + -ғы/-гі/ -қы/-кі + poss. | келеді
келді
келіп отыр (тұр, жатыр)
келіп жүр

Менің оқы + ғы + м келеді

Менің барғым келеді	Біздің барғымыз келеді
Сенің барғың келеді	Сендердің барғыларың келеді
Сіздің барғыңыз келеді	Сіздердің барғыларыңыз келеді
Оның барғысы келеді	Олардың барғылары келеді

Менің барғым келмейді	Біздің барғымыз келмейді
Сенің барғың келмейді	Сендердің барғыларың келмейді
Сіздің барғыңыз келмейді	Сіздердің барғыларыңыз келмейді
Оның барғысы келмейді	Олардың барғылары келмейді

1. Үлгі бойынша жазыңыз.

Оқу, жазу, саяхат жасау, саяхатқа бару, айту, ұмыту, ұшу, дайындау, дайындалу, күте тұру, тамақ ішу, көмектесу, сөйлесу, ән айту, шаңғы тебу, билеу, демалу, сыйлау, құттықтау, айналысу, асығу;

2. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Менің ән айт(у)... . Болаттың шаңғы теп(у)... . Сенің тамақ іш(у)... . Біздің сабаққа дайындал(у)... . Оның балмұздақ же(у)... . Сіздің саяхатқа бар(у)... . Сендердің сабақ оқы(у)... . Олардың сөйлес(у)... . Сіздердің ұшақпен ұш(у)... .

3. Қайталаңыз. Оқыңыз.

болашақ	өткен	қазір	үнемі/ылғи
– Сіздің демалғыңыз келе ме?	келді ме?	келіп тұр ма?	келе ме?/ келіп жүр ме?
– Сенің демалғың келе ме?	келді ме?	келіп тұр ма?	келе ме?/ келіп жүр ме?
– Иә, менің демалғым келеді.	келді.	келіп тұр.	келеді/келіп жүр.
– Жоқ, менің демалғым келмейді./ келген жоқ	келмеді.	келіп тұрған жоқ.	келмейді/келіп жүрген жоқ.
– Сіздердің демалғыларыңыз келе ме?	келді ме?	келіп тұр ма?	келе ме?/ келіп жүр ме?
– Сендердің демалғыларың келе ме?	келді ме?	келіп тұр ма?	келе ме?/ келіп жүр ме?
– Иә, біздің демалғымыз келеді.	келді.	келіп тұр.	келеді/келіп жүр.
– Жоқ, біздің демалғымыз келмейді./ келген жоқ.	келмеді.	келіп тұрған жоқ.	келмейді/келіп жүрген жоқ.

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Сіздің орысша үйренгіңіз келіп жүр ме? – ... – Here? – ... – Сенің елге қайтқың келді ме? – ... – Неліктен? – ... – 8-Наурызда Дэвидтің Бэтсиді құттықтағысы келді ме? – ...	– Сіздердің тамақ ішкілеріңіз келе ме? – ... – Қандай тамақ ішкілеріңіз келеді? – ... – Қазір Фатиманың балмұздақ жегісі келіп отыр ма? – Иә, ... – Қандай? – ... – Сіздің су ішкіңіз келді ме? – ...
---	--

5. Сұрақ қойыңыз.

- | | |
|--|-------------------------------------|
| – ...? | – ...? |
| – Иә, менің шахмат ойнағым келеді. | – Жоқ, менің көйлек алғым келмейді. |
| – ...? | – ...? |
| – Иә, оның театрға барғысы келіп жүр. | – Кеудеше сатып алғым келеді. |
| – ...? | – ...? |
| – Жоқ, қызымның киноға барғысы келмейді. | – Жоқ, біздің демалғымыз келмейді. |
| – ...? | – ...? |
| – Иә, оның концертке барғысы келеді. | – Себебі әлі жұмыс көп. |

6. Айтыңызшы.

– Бүгін сіздің не істегіңіз келеді?

–

– Неге?

– ...

– Сенің елге барғаннан кейін не істегің келеді?

– ...

– Не үшін?

– ...

– Сенің болашақта кім болғың келеді?

– ...

– Неліктен?

– ...

– Сіздің қазақша үйренгеннен кейін не істегіңіз келеді?

– ...

– Не себепті?

– ...

– Сіздің досыңыздың Медеуге барып коньки тепкісі келе ме?

– ...

– Неге?

– ...

– Сіздің қай елдерге саяхат жасағыңыз келеді?

– ...

– Не себепті?

– ...

– ...

7. Мағынасы сәйкес сөйлемді табыңыз.

1)

Сізді театрға шақырғым келеді,	өйткені оларды қатты сағындым.
Сенің ұйқың келмейді,	себебі оларда бос уақыт көп.
Менің қазақ тілін үйренгім келеді,	себебі сізге балет ұнайды деп естідім.
Балалардың спортпен айналысқысы келеді,	өйткені күндіз ұйықтадың.
Ата-анамды көргім келді,	себебі Қазақстанда тұрамын.

2)

Бүгін ауа райы тамаша болып тұр,	сондықтан қазақ достарымды құттықтағым келеді.
Маған корей тағамы ұнайды,	сол себепті сыйлық алу керек.
Досымның туған күніне барғым келеді,	сондықтан саябақта серуендегім келіп тұр.
Ертең 22-наурыз, Қазақстанда жаңа жыл мерекесі,	сол үшін корейдің мейрамханасына барғым келеді.

8. Диалогтарды оқыңыз.

1)

- Сәлеметсіз бе, мұғалім?
- Сәлеметсіз бе, Сергей?
- Мұғалім, маған қазақша дискілер керек еді.
- Қандай дискілер, **көру үшін бе, әлде тыңдау үшін бе?**
- **Қандай болса да, бәрібір. Менің қазақша тез және жақсы үйренгім келеді.**
- **Неге асығасыз?**
- **Себебі** бір жылдан кейін маған Алматыда үлкен компанияда жұмыс істеу керек. Ол компанияда жұмыс істеу үшін үш тіл білу керек екен.
- Қай тілдерді білу керек?
- Орысша, қазақша және ағылшынша білу керек.
- Сіз ағылшынша жақсы білесіз бе?
- **Иә, енді қазақша үйренгім келеді. Сондықтан маған көмектесіңізші!**
- Жақсы, көмектесейін. Менде қазақша бейне дискілер де, аудио дискілер де бар. Сізге келесі сабақта **әкеліп беремін.**
- Сізге көп рақмет!
- Оқасы жоқ. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

Тапсырма: Сергейдің не істегісі келеді, неге?

2)

- Сәлем, Ғалия!
- Сәлем, Жұлдыз!
- Қайда бара жатырсың?
- Әуежайға бара жатырмын.
- Не үшін?
- Ұшаққа билет сатып алу үшін бара жатырмын.
- Ұшаққа?! **Қайда барғың келеді?**
- Менің Қытайды көргім келеді.
- **Зерттеу үшін керек пе?**
- Иә, зерттеу үшін және Қытай өте **ірі және мықты мемлекет.** Тарихы да қызық. **Сондықтан өз көзіммен көргім келеді.**
- Тамаша, Қытайға менің де барғым келеді, бірақ, өкінішке орай, қазір мүмкіндігім жоқ. **Сен қашан және қанша уақытқа барасың?**
- Егер ұшаққа билет болса, осы жексенбі күні ұшамын. Бәрі жақсы болса, **Қытайда екі апта болғым келеді.**
- Қай жерлерді, қай қалаларды көргің келеді?
- **Қытайға барғанда Пекинді және Ұлы Қытай қорғанын көргім келеді.**
- Керемет, сен тарихшысың ғой, сондықтан **бәрін көріп білгенің дұрыс.** Жолың болсын!
- Рақмет.
- Кездескенше!
- Кездескенше!

Тапсырма: Ғалияның қайда барғысы келеді, не үшін?

9. Сіз қалай ойлайсыз, олардың не істегісі келеді? Не себепті?



Менің арманым!



10. Мәтінді оқыңыз. Аударыңыз.

Анасы мен баласы түскі ас ішіп отыр.

– Маған мына кеспе ұнамайды. Менің **ішкім келмейді**, – деді баласы.

– Жарайды, **ішкің келмесе** ішпей-ақ қой, – деді анасы.

Түскі астан кейін олар бақшада жұмыс істеді. Кешкі аста анасы баласына кеспе құйып берді.

– Оу, қандай дәмді кеспе, – деді баласы.

– Бұл бағанағы кеспе, – деді анасы. Баласы ұялып қалды.

Менің Түркістанға барғым келеді

11. Мәтін бойынша жаңа сөздермен жұмыс

Түркістан қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан қала

Қожа Ахмет Ясауи – Орталық Азияда ислам дінін таратушы адам.

кесене –

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістандағы ортағасырлық сәулет өнерінің ескерткіші

Орталық Азия –

бұйрық –

ескерткіш –

салу – кім нені қашан салу?

Кесенені 1396 жылы салған.

Кесенені Әмір Темірдің бұйрығымен 1396 жылы салған.

V+ған/-ген/-қан/-кен+pers.end.

Мен бар+ған+мын

Сен кел+ген+сің

Ол айт+қан



ГРАММАТИКА

Мен оқығанмын	Біз оқығанбыз
Сен оқығансың	Сендер оқығансыңдар
Сіз оқығансыз	Сіздер оқығансыздар
Ол оқыған	Олар оқыған.

Мен оқыған жоқпын	Біз оқыған жоқпыз
Сен оқыған жоқсың	Сендер оқыған жоқсыңдар
Сіз оқыған жоқсыз	Сіздер оқыған жоқсыздар
Ол оқыған жоқ	Олар оқыған жоқ.

12. Мәтінді оқыңыз.

Тапсырма: Ержанның қайда барғысы келеді екен?

Менің атым Ержан. Мен университетте тарих факультетінде оқимын. Болашақта мықты маман болғым келеді. Ол үшін алдымен өз елімнің тарихын, мәдениетін жақсы білуім керек. Сондықтан қолым бос болса және ақшам болса, саяхат жасауды ұнатамын. Биыл қысқы демалысымда Түркістан қаласына барып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көргім келеді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – қазақ және Орталық Азия жеріндегі ірі тарихи ескерткіш. Оны Әмір Темірдің бұйрығымен 1396-1404 жылдары салған.

Түркістанға пойызбен және автобуспен баруға болады. Менің пойызбен барғым келеді. Себебі пойыз – ыңғайлы. Ол үшін екі апта бұрын вокзалға барып билет алу керек.



13. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Оның аты кім?
- Ол қайда оқиды?
- Ол болашақта қандай маман болғысы келеді?
- Ержанның жақсы маман болуы үшін не істеуі керек?
- Ол нені ұнатады?
- Ол Түркістанға қашан барғысы келеді?
- Қожа Ахмет Ясауи қандай ескерткіш?
- Оны кімнің бұйрығымен салған?
- Түркістанға немен баруға болады?
- Ержанның немен барғысы келеді?
- Ол үшін не істеу керек?

14. Келісесіз бе?

- ✓ Ержанның болашақта мықты маман болғысы келеді, солай ма?
- ✓ Ол қолы бос болса, саяхат жасауды ұнатады, келісесіз бе?
- ✓ Ол биыл жазғы демалысында Түркістанға барғысы келеді, дұрыс па?
- ✓ Түркістан қаласы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, солай ма?
- ✓ Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар, келісесіз бе?
- ✓ Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Орталық Азиядағы ірі ескерткіш, дұрыс па?
- ✓ Кесенені Қожа Ахмет Ясауи өзі салған, келісесіз бе?

15. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Болашақта _____ болғым келеді.
- Ол үшін алдымен _____ жақсы білуім керек.
- Сондықтан _____ саяхат жасауды ұнатамын.
- Биыл қысқы демалысымда _____ көргім келеді.
- Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – _____ ескерткіш.
- Оны _____ 1396-1404 жылдары салған.

16. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

- Ержанның мықты маман .
- Ол үшін алдымен өз елінің тарихын, мәдениетін .
- Ержан қолы бос болса және ақшасы болса, .
- Ержан қысқы демалысында Түркістан қаласына , Қожа Ахмет Ясауи кесенесін .
- Кесенені Әмір Темірдің бұйрығымен 1396-1404 жылдары .

- Түркістанға пойызбен және автобуспен .
- Ол үшін екі апта бұрын вокзалға барып .

17. Мағынасы ұқсас сөйлем жазыңыз.

- Болашақта мықты маман болғым келеді.
- ..
- Жаксы маман болу үшін алдымен өз елімнің тарихын, мәдениетін жаксы білуім керек.
- ...
- Қолым бос болса және ақшам болса саяхат жасауды ұнатамын.
- ...
- Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – қазақ және Орталық Азия жеріндегі ірі тарихи ескерткіш.
- ...

18. Мәтін бойынша диалог құрастырып жазыңыз. Сіз және Ержан.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

- ✓ Сіз саяхат агентігіне келдіңіз. Сөйлесіңіз:
 - Қай жаққа саяхат жасағыңыз келеді;
 - Қай жерлерді көргіңіз келеді;
 - Қандай қонақ үйде тұрғыңыз келеді;
 - Күнде қалай, қанша рет тамақтанғыңыз келеді, түсіндіріңіз.

2. Тапсырма.

- ✓ Кітапханадан өзіңізге қажет кітап алыңыз. Қай кітап, не үшін керек екенін, не білгіңіз келетінін айтыңыз.
- ✓ Досыңызға Қазақстанның қай жерлерін көргіңіз келетінін айтыңыз.

3. Жеке жобалық тапсырма.

- ✓ Еліңіздегі тарихи ескерткіш туралы реферат дайындаңыз

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

ТАЙҚАЗАН

Әмір Темір тапсырысымен бұл қазан 1399 жылы маусымның 25-нде Түркістан қаласының батысында, 27 шақырым жерде орналасқан Қарнақ елді мекенінде құйылған, салмағы екі тонна, сыйымдылығы үш мың литр.

1935 жылы қазанды Санкт-Петербурдағы атақты мұражай Эрмитажға, Иран шеберлерінің ІІІ халықаралық конференциясына алып кетеді. Жарты ғасырдан астам уақыт сонда тұрған Тайқазан 1989 жылы, қыркүйектің 18-нде ғана елге қайтарылды.

Қазір Тайқазан киелі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде, Қазақстанның берекесі, тыныштығы мен бірлігінің нышаны болып тұр.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ

ені 46,5 метр;

орталық залдың
күмбезінің диаметрі
18,3 метр;

биіктігі 41 метр;

ұзындығы 65 метр;

сыртқы
қабырғаларының
қалыңдығы 2 метр;

Барлығы 35 бөлме бар.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі
Қазақстандағы
бүкіләлемдік мұралар
тізіміне (ЮНЕСКО)
алынған тарихи ескерткіш
(2003 жыл, маусым айы).



Кесенедегі тайқазан



ЖАҢА СӨЗДЕР

армандау
асығу
бұйрық
диаметр
елді мекен
ені
жер шары
кесене
кешігу
киелі

күмбез
қалыңдық
құйылу
құттықтау
литр
нышан
Орталық Азия
салмақ
су астында жүзу
сыйымдылық



Тыңдау және айту

Мен шаңғы меке апамын, сондықтан
Шымбұлаққа барғым келеді



ГРАММАТИКА

V + -a/-e/-й алу + tens + pers. end.

Мен қазақша сөйлей ал + а + мын.

Мен машина жүргізе ал + а + мын.

Менің досым домбыра тарта ал + а + ды.

<u>Мен</u> қазақша сөйлей ала <u>мын</u>	<u>Біз</u> қазақша сөйлей ала <u>мыз</u>
<u>Сен</u> қазақша сөйлей ала <u>сың</u>	<u>Сендер</u> қазақша сөйлей ала <u>сындар</u>
<u>Сіз</u> қазақша сөйлей ала <u>сыз</u>	<u>Сіздер</u> қазақша сөйлей ала <u>сыздар</u>
<u>Ол</u> қазақша сөйлей ала <u>ды</u>	<u>Олар</u> қазақша сөйлей ала <u>ды</u>

<u>Мен</u> қазақша сөйлей алма <u>ймын</u>	<u>Біз</u> қазақша сөйлей алма <u>ймыз</u>
<u>Сен</u> қазақша сөйлей алма <u>йсың</u>	<u>Сендер</u> қазақша сөйлей алма <u>йсындар</u>
<u>Сіз</u> қазақша сөйлей алма <u>йсыз</u>	<u>Сіздер</u> қазақша сөйлей алма <u>йсыздар</u>
<u>Ол</u> қазақша сөйлей алма <u>йды</u>	<u>Олар</u> қазақша сөйлей алма <u>йды</u>

1. Тыңдаңыздар, қайталаңыздар. Оқыңыздар.

Сөйлеу	– сөйлей алу	/	сөйлей ал <u>мау</u>
Суретке түсіру	– суретке түсіре алу	/	суретке түсіре ал <u>мау</u>
Аудару	– аудару алу	/	аудару ал <u>мау</u>
Бару	– бара алу	/	бара ал <u>мау</u>
Жазу	– жаза алу	/	жаза ал <u>мау</u>
Дайындалу	– дайындала алу	/	дайындала ал <u>мау</u>
Дайындау	– дайындай алу	/	дайындай ал <u>мау</u>

Көру	– көре алу	/	көре алмау
Сөйлесу	– сөйлесе алу	/	сөйлесе алмау
Ұйықтау	– ұйықтай алу	/	ұйықтай алмау
Демалу	– демала алу	/	демала алмау
Айту	– айта алу	/	айта алмау
Көмектесу	– көмектесе алу	/	көмектесе алмау
Ән айту	– ән айта алу	/	ән айта алмау
Шаңғы тебу	– шаңғы тебе алу	/	шаңғы тебе алмау

2. Айтыңыздар, жазыңыздар. Күту, сатып алу, ойнау, билеу, келу;

иә	жоқ
<u>Мен</u>	
<u>Сен</u>	
<u>Сіз</u>	
<u>Ол</u>	
<u>Біз</u>	
<u>Сендер</u>	
<u>Сіздер</u>	
<u>Олар</u>	

3. Оқыңыздар.


- Арай, бүгін театрға бірге барайық.
- Рақмет, өкінішке орай, бара алмаймын.
- Сәуле, бүгін маған келе аласың ба?
- Иә, келе аламын. Сабақтан кейін келемін.
- Берік, сен гитара тарта аласың ба?
- Жоқ, мен гитара тарта алмаймын, домбыра тарта аламын.
- Бүгін кафеге бара аламыз ба?
- Жоқ, бүгін бара алмаймыз, ертең бара аламыз.
- Сіз испанша сөйлей аласыз ба?
- Иә, испанша сөйлей аламын.
- Сен орысшадан қазақшаға жақсы аудар аласың ба?
- Иә, аудар аламын.
- Сен қай тілдерде сөйлей аласың?
- Мен орыс тілінде, қазақ тілінде, ағылшын тілінде сөйлей аламын.
- Сізден сұрауға бола ма? Пойыз дәл уақытында Астанаға жете ала ма?
- Иә, бұл пойыз Астанаға өз уақытында барады.

4. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сіз коньки тебе аласыз ба?
- Сіздің әкеңіз ағылшынша сөйлей ала ма?
- ...
- ...

- Шаңғы ше?
- ...
- Бүгін киноға бара аласың ба?
- ...
- Сіздің досыңыз қазақша сөйлей ала ма?
- ...
- Сіздер ән айта аласыздар ма?
- ...
- Шешеңіз ше?
- ...
- **Сіз қай тілдерде сөйлей аласыз?**
- ...
- Сіздің досыңыз қай тілдерде сөйлей алады?
- ...

5. Сұрақ қойыңыз.



6. Олар не істей алады?



7. Оқыңыз. Көңіл бөліңіз.

Үнемі/ылғи	Өткен уақыт	Қазір	болашақ
істей аламын	істей алдым	істеп <i>отырмын/жатырмын/тұрмын</i>	істей аламын/ <i>алармын</i>
істей алмаймын	істей алмадым/ алған жоқпын	істей алмай <i>отырмын/жатырмын/ тұрмын</i>	істей алмаймын/ <i>алар емесін</i>

8. Диалогты толықтырыңыз. Мағынасын түсініңіз.

- 1)
 - Сәлем, Айнаш!
 - Сәлем, Баян!
 - Айнаш, бүгін қолың бос болса, театрға барайық.
 - Өкінішке орай, ... себебі
 - Жақсы, ендеше келесі аптада хабарласайық.
 - Иә, хабарласамыз. Сау бол.
 - Сау бол.
 - Сәлеметсіз бе, апай?

- Сәлеметсіз бе, Аман?
- Апай, маған қазақша-ағылшынша сөздік керек еді. Маған бір аптаға ... ?
- Бір аптаға? Не үшін керек еді?
- Маған мақала жазу керек. Менің конференцияға қатысқым келеді.
- Не туралы жазғың келеді?
- Түркияның ұлттық мерекелері туралы жазғым келеді. Бірақ жаза аламын ба, білмеймін.
- О, өте қызық тақырып екен! Сіз өте ақылдысыз, сондықтан сіз Мен сізге сенемін. Жақсы, мен сізге сөздік берейін. Тек бір аптаға ғана.
- Рақмет, апай!

- Сара, сен коньки тебе аласың ба?
- Иә, ... Не болды?
- Менің Медеуге барғым келеді. Жексенбі күні Медеуге барып коньки тебейік.
- Ал сен коньки тебе аласың ба?
- Жоқ, ...
- Онда қалай коньки тебесің?
- Медеуге барғанда сен маған үйретші. Үйрете аласың ба?
- Жақсы, құрбым үйретейін.

2)

- Шолпан, кеше билет алуға әуежайға ба?
- Жоқ, өкінішке орай бара алған жоқпын. Жұмыстан кеш шықтым, сондықтан үлгермедім. Уақытым болса, ертең барамын.

- Жақсы, содан кейін менімен хабарлас.
- Жақсы, хабарласамын.

- Қарақат, өткен сенбіде қонақ ба?
- Иә, қонақ шақыра алдым.
- Шақырған қонақтарыңның бәрі келе алды ма?
- Дидарлар , басқалары бәрі келді.
- Жақсы болған екен!
- Иә, жақсы отырыс болды.

- Мәдина, кеше киноға ба?
- Жоқ, өкінішке орай, бара алмадым.
- Неге?
- Сабақтан кейін қатты шаршаппын. Үйде демалдым.

- Мен кеше дүкенге бардым. Өзіме көйлек іздеп едім,
- Неге таба алмадың? Қандай көйлек іздеп едің? Күнделікті кию үшін бе?
- Жоқ, сенбі күні бір інімнің үйлену тойы болады. Сол тойға жаңа көйлек киейін деп едім.
- А, солай ма!? Қаласаң, дүкенге бірге барып іздейік.
- Жақсы болар еді, ертең түстен кейін уақытың бола ма, ба?
- Иә, жақсы, мен бара аламын, қолым бос.
- Ендеше, келістік!

3)

- Апа, мен табиғаттың суретін , көмектесіңізші.
- Неге сала алмай отырсың?
- Біздің ағай табиғатпен бірге бір жануардың суретін де салыңдар деп айтты. Мен табиғаттың суретін салдым, бірақ жануардың суретін сала алмай жатырмын.
- Жақсы көмектесейін, қазір ыдыс жуып болғаннан кейін бірге саламыз.

- Балам, есеп шығарып отырсың ба?
- Иә, бірақ қиын есеп екен,
- Көмектесейін бе?
- Жоқ, рақмет өзім шығарып көремін.

- Салтанат, не істеп тұрсың?
- Ернұр, келдің бе? Мына шкафтың үстіндегі қорапты алып берші,
- Қазір, алып берейін. Мінеки.

- Неге тамақ жемей отырсың?
- Мына тамақ тым ащы екен,
- Ендеше, басқа тағамға тапсырыс берейік.

- Мұғалім, мына сөз сөздікте жоқ сияқты,
- Қазір, мен іздеп көрейін. Иә, бұл сөздікте бұл сөз берілмепті. Мына басқа сөздіктен қарайық. Мінеки, мына сөздікте беріліпті, бар екен.
- Рақмет!
- Оқасы жоқ.

9. Мәтінді оқыңыз. Аударыңыз. Мәтін не туралы екен?

Екі бала асық ойнап болып, келе жатып бір кітап тауып алды. Біреуі айтты: «Кітап менікі, мен сенен бұрын көрдім». Екіншісі айтты: «Жоқ, кітап менікі, мен сенен бұрын жерден көтеріп алдым». Балалар осылай кітапқа таласып тұрғанда, қастарына бір мұғалім келді. Ол балалардан: «Сендер оқи аласыңдар ма?» деп сұрады. «Жоқ, әлі оқи алмаймыз» деп балалар жауап берді. «Ендеше, әлі оқи алмасаңдар сендерге қазір кітап керек емес. Бұл кітапты мен алайын. Кім кітап оқуды бірінші үйренсе, кітапты сол балаға беремін» дейді мұғалім.

МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ

1. Кестені қолданып сөйлем құраңыз.

Кім	бос уақытта	не істейді?
Мен	бос уақытта	саяхатқа бару
Менің досым	демалыста	тауға шығу / бару
Біз	қысқы демалыста	тауда шаңғы тебу
...	жазда	коньки тебу
	қыста	шанамен сырғанау
	жексенбіде	футбол / баскетбол ойнау
	сенбі-жексенбіде	саябақта серуендеу
		көлге / өзенге бару
		суда жүзу
		гитара тарту
		домбыра тарту
		күйсандықта ойнау
		...

2. Олар бос уақытта не істейді?



3. Диалогты оқыңыз.

- Сәлем, Аружан!
- Сәлем, Қарақат! Хал-жағдайың қалай?
- Жақсы, рақмет. Өзіңнің халың қалай?
- Жақсы, рақмет. Оқуың қалай?
- Оқуым жақсы. Қандай жаңалық бар?
- Менде өте жақсы жаңалық бар. Осы сенбі күні ауылдан әке-шешем келеді.
- О-о-о тамаша! Қуанып жүрсің бе?
- Әрине, олар Алматыға қыдыру үшін және демалу үшін келеді. Мен олармен бірге «Медеуге», Шымбұлаққа барамын. **Сен бос болсаң, бірге барайық. Олар сені көрсе, қуанады ғой.**

- Медеуге қай күні барасыңдар?
- Жексенбі күні.
- Өте жақсы, жексенбіде **менің қолым бос**. Мен сендермен бірге барайын. Біз өте жақсы демаламыз деп ойлаймын. Медеуге немен барамыз?
- Автобуспен немесе машинамен баруға болады.
- Жақсы, ендеше, кездескенше!
- Кездескенше!

Егер ... V + ca/ce, онда

4. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Егер сен бос болсаң, онда бірге барайық.

Мен бос болсам
Сен бос болсаң
Сіз бос болсаңыз
Ол бос болса

Біз бос болсақ
Сендер бос болсаңдар
Сіздер бос болсаңыздар
Олар бос болса

5. Мағынасы сәйкес сөйлемді табыңыз.

Егер ертең ауа райы жақсы болса,	маған көмектесші.
Егер бүгін билет алсақ,	тауға шығамыз.
Егер сен бос болсаң,	пойызға үлгеремін.
Егер ерте тұрсам,	ертең концертке барамыз.

6. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Егер қазақша жақсы үйренсем, ...
Егер ертең қолым бос болса, ...
Егер күн суық болмаса, ...
Егер мүмкіндік болса, ...
Егер кешіксем, ...

..., онда шетелге саяхат жасаймын.
..., онда тамақ дайындамаймын.
..., онда Орталық мұражайға бірге барайық.
... онда футбол ойнаймыз.
..., онда телефон соқпаймын.

БУРАБАЙҒА САЯХАТ

1. Жаңа сөздермен жұмыс

А) Синониммен түсініңіз:

Бурабай – ұлттық табиғи парк
Бура – түйе
Аудан – көлем
Демалыс орындары – демалатын жер
Шипажай – емделетін және демалатын орын.
жау – дұшпан

Ә) Сөздіктен қараңыз:

Өсімдік
өсімдік түрі, өсімдік түрі өседі
Жан-жануар
Құс
Аңыз
аңыз әңгіме, аңыз бойынша
бақыру –
қатты бақыру
Соғыс
соғысқа дайындалу
Жұмбақтас
бір жағы
бір жағынан қарау, екінші жағынан қарау, үшінші жағынан қарау
кемпір
мүсін
... қыздың мүсінін көруге болады.

2. Оқыңыздар, мағынасын түсініңіздер.

– *Алдымен айтышы!*

– *Шын солай ма!*

– *О-о-о, өсімдік пен жан-жануар түрлері қандай көп!!!*

– *Иә, мен сенімен келісемін, солай істеу керек!*

3. Диалогты оқыңыздар.

– Сәлеметсің бе, Айнұр?

– Сәлеметсің бе, Марал?

– Айнұр, халің қалай? **Көптен бері көріспедік!** Қандай жаңалық бар?

– Иә, Марал, **көптен бері көріспедік!** Менің халім жақсы! Жаңалық та бар. Алдымен айтшы, өзіңнің халің қалай? Оқуың жақсы ма?

– Иә, менің де халім жақсы, оқуым да жаман емес! Жаңалығыңды айтшы!

– Мен жақында Бурабайға барып қайттым.

– О-о-о, өте тамаша! **Бурабай Қазақстанның солтүстігіндегі ең әдемі жер ғой! Ол Астанаға жақын және онда демалыс орындары да көп.** Жақсы демалып келдің бе? Саған ұнады ма?

– Иә, әрине, менің көптен бері Бурабайды көргім келіп жүрген. Бурабайға барып жақсы демалдым және көп нәрсе біліп келдім.

– Қазақта Бурабай туралы аңыз көп. **Бурабай деген аты «бура», яғни түйе деген мағынаны білдіреді емес пе?!**

– Иә, аңыз бойынша сол жерде бір үлкен бура өмір сүрген екен. **Егер қазақ жеріне жау келсе, сол бура биік тауға шығып қатты бақырады екен. Халық түйенің дауысын естігенде соғысқа дайындалады екен.**

– Иә, өте қызық екен!

– Қазір Бурабай – **ұлттық табиғи парк.** Оның ауданы 83,510 гектар. Онда тау да, көл де, орман да бар. Өте әдемі 14 көл және көптеген **шипажайлар, демалыс үйлері** бар. Мұнда 800-дей **өсімдік түрі өседі, 305-тей жан-жануар, құстар өмір сүреді екен.**

– О-о-о, өсімдік пен жан-жануар түрлері қандай көп!!! Айнұр Бурабайда атақты «Жұмбақтасты» көре алдың ба?

– Иә, әрине, егер **Жұмбақтасқа қарасаң, бір жағынан қыздың, екінші жағынан әйелдің, үшінші жағынан кемпірдің мүсінін көре аласың. Сондықтан Жұмбақтас деп аталған екен.**

– Бұл өте қызық қой! Шын солай ма?

– Иә, Бурабайда осындай қызық жерлер өте көп. Оларды әр адам өзі барып көруі керек. Мен барлық аңызды айтып бітіре алмаймын.

– **Иә, мен сенімен келісемін, солай істеу керек! Әр адам өзі барып көру керек.** Менің де барғым келеді. Егер бәрі жақсы болса, жазда отбасыммен бірге барамын.

– Әрине, Марал, Бурабайға барып, өз көзіңмен көруің керек. Өкінбейсің.

– Жақсы, жаңалығың қызық болды. Сені көргеніме қуаныштымын.

– Мен де қуаныштымын. Кездескенше сау бол.

– Сау бол.

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

✓ Бурабай қай жерде орналасқан?

✓ Бурабай қандай жер?

✓ Бурабайдың аты қандай мағынаны білдіреді?

✓ Бура туралы қандай аңыз бар екен?

- ✓ Қазір Бурабай қандай парк?
- ✓ Оның ауданы қанша?
- ✓ Онда нелер бар?
- ✓ Жұмбақтас деген не?
- ✓ Оны неге Жұмбақтас деп атаған?

5. Топта досыңызбен «Сіз келісесіз бе?» ойынын ойнаңыз.

Үлгі: – *Мария, маған айтышы! Бурабай Астанаға жақын, солай ма?*

– *Иә, солай, Бурабай Астана қаласына жақын орналасқан.*

-
-
-
-
-
-
-

6. Диалогтың мазмұнын айтыңыз.

БОС УАҚЫТ НЕМЕСЕ МЕНІҢ СҮЙІКТІ ІСІМ

7. Мәтіндерді оқыңыз. Олар бос уақытта не істейді айтыңыз.

1)

Әр адамның бос уақыты бар. Менің де бос уақытым бар. Мен оны қалай өткіземін? Бірінші орында, әрине, сабағым тұрады. Менің оқуым мен үшін өте маңызды нәрсе. Ол менің көп уақытымды алады. Әсіресе, шет тілін оқу үшін көп уақыт керек. Күнде сабақтан кейін үй тапсырмасын орындаймын, сабақтарымды қайталаймын, қазақша мәтіндерді тыңдаймын, тілді жақсы үйрену үшін жаңа сөздер жаттаймын.

Қалған уақытымда спортпен айналысқанды ұнатамын. Спорт денсаулықты сақтауға, күшті болуға көмектеседі. Университетке келгеннен кейін волейбол секциясына жазылдым. Күнде кешке университет стадионында волейбол ойнаймын. Бұл маған көңіл күйімді көтеруге, жақсы демалуға мүмкіндік береді.

Спорт менің мінезімді де өзгертті. Осы волейболдың арқасында ашық, жайдары және батыл болдым. Басқа адамдармен тез тіл табысамын. Достарымның бәрі ақкөңіл, адал, батыл жігіттер.

Сондай-ақ қолым бос болса, фильмдер көремін, музыка тыңдаймын.

2)

Әр адамның бос уақыты және сүйікті ісі болады. Мысалы: кітап оқу, музыка тыңдау, би билеу, тоқыма тоқу, киім тігу, т.б. Менің де сүйікті ісім бар. Бос уақытымда кітап оқуды жақсы көремін. Кітаптан көп нәрсе үйренуге, білуге болады. Ол адамның досы сияқты. Көп сұрақтарға жауап табуға болады. Осы ісімді ешқашан тастамауға тырысамын.

3)

Мен бос уақыт болса, саяхат жасауды ұнатамын. Уақыт көбірек болса, поездбен жүру ұнайды. Себебі жерлерді, ауылдарды, қалаларды асықпай көруге болады.

Маған әртүрлі елдерге барып олардың мәдениетімен, әдет-ғұрпымен танысу ұнайды. Әр елдің ұлттық тағамдарының дәмін көру де қызық. Саяхат жасап жүріп суретке

көп түсіремін. Көргендерім, білгендерім туралы күнделігіме күнде жазып жүремін. Жасаған саяхаттарым туралы болашақта кітап жазуға да болады. Міне, бұлар менің сүйікті істерім.

8. Суреттер бойынша шағын әңгіме құрастырыңыз.

- ✓ Ол кім? Негізгі мамандығы кім деп ойлайсыз?
- ✓ Ол бос уақытта не істеуді ұнатады екен?
- ✓ Олардың сүйікті ісі не деп ойлайсыз?



СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

- ✓ Досыңыз бос уақытын қалай өткізеді, айтыңыз.
- ✓ Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз? Сүйікті ісіңіз не?

2. Тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құраңыз.

- ✓ Ол саяхатқа қайда барды, барады?
- ✓ Ол жерде қалай демалды, не істеді?



3. Тапсырма.

- 1) Сіз жақында шетелге барып демалып қайттыңыз. Бірақ сізге ұнамады. Досыңызға түсіндіріңіз. Неге?
- 2) Досыңыздан оның соңғы саяхаты туралы сұраңыз.

Оқыңыз қызық!

Қазақ елі қандай ел?

БУРАБАЙ



Бурабай Қазақстанның солтүстігіндегі ең әдемі демалатын жер. Ол Астанаға жақын және онда демалыс орындары көп.

Қазақта Бурабай туралы аңыз көп. Бурабай деген аты «бура», яғни түйе деген мағынаны білдіреді. Аңыз бойынша, ертеде сол жерде бір үлкен бура өмір сүрген. Егер қазақ жеріне жау келсе, сол бура биік тауға шығып қатты бақырады екен. Халық түйенің дауысын естігенде соғысқа дайындала бастайды.

Қазір Бурабай – ұлттық табиғи парк. Оның ауданы 83,510 гектар. Онда тау да, көл де, орман да бар. Өте әдемі 14 көл және көптеген шипажайлар, демалыс үйлері бар. Мұнда 800-дей өсімдік түрі өседі, 305-тей жан-жануар, құстар өмір сүреді.

Бурабайда атақты жерлер көп. Мысалы Жұмбақтас деген тас бар. Ол әдемі көлдің ортасында орналасқан. Жұмбақтасқа





қарасаң, бір жағынан қыздың, екінші жағынан әйелдің, үшінші жағынан кемпірдің мүсінін көре аласың. Сондықтан Жұмбақтас деп аталған екен.

Бурабайда осындай қызық жерлер өте көп. Барлық аңызды **айтып бітіру** мүмкін емес. Сондықтан атақты, әдемі жерлерді әр адам өзі барып көруі керек.

ЖАҢА СӨЗДЕР

аңыз
асық
аудан
әдет-ғұрып
бақыру –
балалық шақ
баскетбол
батыл
берілу
би билеу
бура
бурабай
бір жағы
волейбол
гитара тарту
домбыра тарту
дұшпан
жан-жануар
жау
жұмбақтас
кемпір
киім тігу

көлем
күнделік
қорап
қуыршақ
құс
мәдениет
мүмкіндік
мүсін
өсімдік
сақтау
соғыс
суретке түсу
суретке түсіру
сүйікті іс
сырғанау
тапсырыс беру
тоқыма тоқу
шана
шаңғы тебу
шаршау
шипажай



16-САБАҚ
АСЫҢЫЗ ДӘМДІ БОЛСЫН!



Тыңдау және айту



қазан



кастрөл



шәугім



шәйнек, кесе



сүт құйғыш, қант салғыш



ет табақ



шөміш, кепсер



қасық, шанышқы



тақтай



шелек



таба

1. Оқыңыз. Қайталаңыз.

Асүйдің заттары / тағамдар

Ыдыс-аяқ дастарқан қазан кастрөл қақпақ ожау/шөміш кепсер шелек қасық үлкен қасық кішкентай қасық шанышқы	пышак стақан кесе шәйнек таба тәрелке майлық тақтай оқтау	тағам/тамақ ас мәзірі ыстық тағам суық тағам қуырылған тағам буға піскен бірінші тағам екінші тағам үшінші тағам көже борщ ботқа	мәңті тұшпара тәтті тоқбасар тоқ аран ащы шикі піскен салат уылдырық
---	---	--	--

Не істеу?

кесу/турау ұсақтап турау ірілеп/үлкендеу турау төртбұрыштап турау таяқша етіп/таяқшалап турау қуыру майға қуыру асу ет асу пісіру суға пісіру буға пісіру араластыру бұқтыру түю мәңті түю тұшпара түю	созу лағман созу илеу нан/қамыр илеу жаю нан жаю салу/қосу тұз/бұрыш салу/қосу дәмдеуіш қосу/салу тұздау ет тұздау жағу нанға май жағу табаға май жағу дәмін көру жеп көру
---	---

2. Оқыңыз. Аударыңыз.

Дастарқан жасау. Үстел жасау. Дастарқанға нан қою. Дастарқанға нан турап қою. Дастарқанға түрлі тағамдар қою. Қонақтарға дастарқан жасау. Дастарқан жаю.

Шай қою. Шай қайнату. Шай дайындау. Шай құю. Қонақтарға шай құйып беру. Сүтті шай. Сүтсіз шай. Қара шай. Көк шай. Шайға қант салу. Ащы шай. Қою шай.

Тамақ пісіру. Тамақ дайындау. Тамақ жасау.

Турау. Ет турау. Етті ұсақтап турау. Етті үлкендеу турау. Көкөніс турау. Пиязды ұсақтап турау. Сәбізді таяқша етіп турау. Картопты төртбұрыштап турау.

Қуыру. Етті қуыру. Пиязды қуыру. Балық қуыру. Балықты майға қуыру.

Бұқтыру. Көкөністі бұқтыру. Етті бұқтыру.

Күрішті суға пісіру.

Түю. Мәңті түю. Тұшпара түю.

Созу. Лағман созу. Лағманды жіңішке етіп созу. Лағманды жуан етіп созу.

Илеу. Нан илеу. Нанды қатты илеу. Нанды жұмсақ илеу.


Жаю. Нан жаю. Нанды жұқа жаю. Нанды қалыңдау жаю.

Жағу. Май жағу. Нанға май жағу. Балыққа лимон шырынын жағу.

Аршу. Картоп аршу. Пияз аршу. Картоп тазалау.

3. Айтыңыз.

Олар не істеп тұр?



Олар қалай туралған?



Мен тамақты өзім істеуімін

4. Мәтінді оқыңыз.

Ет асу

Мен тамақ істеуді ұнатамын. Түрлі тамақтар істей аламын. Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау онша қиын емес. Мысалы ет асу – ең оңай тамақ. Етті дайындап алып, су құйылған қазанға саламыз да, екі сағат бойы асықпай ақырындап қайнатамыз. Бұны қазақтар «ет асу» дейді. Яғни «бүгін ет асып жейміз» немесе «қонақтарға ет асамыз» деп айтады. Бұл тамаққа «бешбармақ» деген **атауды** басқа ұлт өкілдері **қойған**.

Сонымен **ет піскенше** қамыр илеп жаю керек және **тұздық** жасау керек. Адамның **санына қарай** бір жайым, екі жайым қамыр иелейсіз. Қамыр илеу үшін ұн, жұмыртқа, тұз және су керек. Қамыр өте жұмсақ болмау керек, аздап қаттылау болса, пісіргенде езілмейді. Содан кейін тұздық дайындау керек. Тұздыққа пияз, қара бұрыш қосады. Пиязды әдемілеп, жіңішкелеп турап, бұрыш қосып, аздап сорпа құйып 1-2 минут қайнатамыз. Содан соң піскен етті қазаннан алып қоямыз да, сорпаға жұқа жайылған қамырды салып пісіреміз. Қамыр өте тез піседі. Піскен қамырды сорпадан алып табаққа саламыз. Оның үстіне дайын тұздықты құямыз. Ең соңында етті әдемілеп турап табаққа қамырдың үстіне саламыз да, қонақтармен бірге немесе отбасымен бірге отырып жейміз. Артынан сорпа ішуге де болады.

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ет асу қиын ба?
2. «Ет асу» деген не?
3. Етті неше сағат қайнату керек?
4. Бешбармақ деген атау қайдан келген?
5. Ет піскенше не істеу керек?

6. Нан илеу үшін не керек?
7. Нанды қалай илеу керек?
8. Қандай нан езілмейді?
9. Нанды қалай жаяды?
10. Тұздық дайындау үшін не керек?
11. Тұздықты қалай дайындайды?
12. Нанды неге пісіреді?
13. Піскен нанды қайда салады?
14. Піскен нанның үстіне не құю керек?
15. Етті қалай турайды?
16. Туралған етті қайда салады?
17. Қашан сорпа ішеді?
18. Сіз қазақтың бұл тағамын жеп көрдіңіз бе?

6. Айтыңыз.

Бұл тамақтарды қалай жасайды, білесіз бе? Досыңызбен диалог құрастырыңыз.



7. Өзіңіз жақсы көретін тағамды қалай дайындайсыз. Айтыңыз.

8. Сіз таңертең тамақтанасыз ба?



Мен таңертең жеңіл тамақтанамын.
Бір кесе шай ішемін, бір тілім нанға май жағып жеймін. Кейде нан мен майды ірімшікпен жеймін.

Ал мен екі жұмыртқа қуырып жеймін. Сосын бір кесе шай қантпен ішемін.

Біз таңертең жақсылап тамақтанамыз. Түрлі ботқа жасап жеуге тырысамыз. Кейде жұмыртқа қуырып жейміз. Бүгін жүгеріден ботқа пісірдік. Оған май, қант қосып дәмдедік. Онымен бірге менің жолдасым нан мен шұжық жеді, ал мен нан мен май жедім. Соңынан бір-бір кесе кофе іштік.





Мен таңертең орнымнан тұрып бір стакан су ішемін. Сосын көкөністің салаттын жеймін. Бүгін салатты қызанақ пен қияр және салат жапырағынан жасап, зәйтүн майын қостым. Аздап тұз салдым. Өте дәмді болды. Салатты бір тілім кара нанмен жедім. Соңынан бір кесе сүтпен шай іштім.

9. Айтыңыз.

Олар қалай тамақтанады екен?

Сіз әдетте таңғы асқа не жейсіз?

Бүгін таңғы асқа не жедіңіз?

Таңғы асты өзіңіз дайындайсыз ба?

10. Әңгімелеңіз.

Достарыңызды қонаққа шақырдыңыз. Қонақ күту жоспарын жасаңыз.

✓ Қашан, қайда, кімді, не үшін шақырасыз?

✓ Қандай тағамдар дайындайсыз, ол үшін нелер керек?

✓ Қалай дайындайсыз?


✓ Дастарқанға не қоясыз? Қонақтарға алдымен не бересіз?

✓ Шайды қашан бересіз?

✓ Сусын бересіз бе? Қандай сусын бересіз?

✓ Қандай жеміс-жидек алмақсыз?

МЕҰРАМХАНАДА**1. Оқыңыз. Еттен жасалған ыстық тағамдар**

1	Ет (қой етінен жасалған)	
2	Ет (жылқы етінен жасалған, қазы, қарта, жал-жая)	
3	Сірне (қозы етінен жасалған)	
4	Қуырдақ (қой еті, картоп, дәмдеуіштер, көкөністер)	

5	Нан қуырдақ (қой етінен жасалған)	
6	Мәңгі (сиыр етінен жасалған, пияз, асқабақ, дәмдеуіштер)	
7	Корейдің ұлттық тағамы (Көкөніс, жұмыртқа, ет)	
8	Жапонияның ұлттық тамағы (шикі балықтан жасалады)	

2. Сусындар



1	Қымыз	Биенің сүті
2	Шұбат	Түйенің сүті
3	Айран	Сиырдың сүтінен жасайды
4	Шырын (алма, шие, өрік, шабдалы)	Жемістен жасайды
5	Минералды су	Табиғи су
6	Шай (сүтті шай, сүтсіз шай),	
7	Кофе (сүтті кофе, сүтсіз кофе)	

Даяшы және сіз

3. Диалогтарды оқыңыз.

- Сәлеметсіздер ме? Қош келдіңіздер.
- Сәлеметсіз бе?
- Мінеки ас мәзірі, алыңыз.
- Рақмет, көрейік. Не бар екен?!
- Қандай тапсырыс бересіздер?
- Бізге бір стақан шабдалы шырынын, бір стақан жай су, бір қызылша салатын, екі адам үшін сірне әкеліңіз.
- Жақсы, шай ішесіздер ме?
- Иә, соңынан сүтпен екі шай әкеліңіз.
- Жақсы, күте тұрыңыздар.

Қажетті сөздер:

	сүтпен/сүтсіз шай/ кофе	
Маған	«оливье» салатын	беріңіз
Бізге	шие шырынын	
Оған	минералды су	
	сиырдың/қойдың/ жылқының етінен жасалған тамақ	



1.
 - Ахмет, менің қарным ашты. Тамақ ішеміз бе? Жақын жерде мейрамхана бар ма?
 - Иә, менің де қарным ашты. Түскі тамақ ішетін уақыт болды. Келесі көшеде жақсы мейрамхана бар.
 - Алыс па?
 - Жоқ, алыс емес, жақын.
 - Ендеше барып тамақтанайық.
 - Жақсы, жүр, кеттік.
2.
 - Қайырлы күн!

- Қайырлы күн! Қош келдіңіздер! Төрге шығыңыздар. Отырыңыздар.
- Дастарқан мәзірін беріңізші.
- Мінеки, алыңыздар. Қандай тағам таңдадыңыздар?
- Біз әлі таңдаған жоқпыз. Сәл күте тұрыңыз. Сіз қандай тағам ұсынасыз?
- Бізде бәрі дәмді. Сіздерге ненің етінен жасалған тағам керек?
- Сиырдың етінен жасалған ыстық тағам керек.
- Сиыр етінен жасалған өзбектің мәңгісі бар.
- Жақсы бізге мәңгі, екі кесе шұбат, көкөністен жасалған салат әкеліңіз.
- Жақсы, күте тұрыңыздар. Қазір әкелемін. Шай, кофе ішесіздер ме?
- Иә, соңынан екі шай әкеліңіз.
- Жақсы, әкелейін.

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма. Әңгімеленіңіз.

- ✓ Сіз жақында қай мейрамханаға бардыңыз.
 - ✓ Не үшін және кіммен бардыңыз.
 - ✓ Қандай тамақтарға тапсырыс бердіңіз.
 - ✓ Ол тамақтар неден жасалған екен?
 - ✓ Сізге бұл мейрамхананың тамағы ұнады ма?
 - ✓ Не ұнады?
 - ✓ Не ұнамады, неге, түсіндіріңіз.
2. Алматы қаласында қай мейрамханаға барғыңыз келетінін және себебін түсіндіріңіз.
 3. Сіз қай тағамды жақсы жасай аласыз, қалай жасайсыз, досыңызға айтып беріңіз.
 4. Сіздің еліңізде қай тағам атақты, оның себебін түсіндіріңіз.

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Қымыз туралы

Қымыз — жылқы сүтінен алынатын қышқыл сүт өнімі. Бұл ғажайып сусын қырғыз, қазақтардың барлық мерекелерінде бірінші кезекте беріледі. Қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі.

Қазақтар қымызды сабада дайындап, торсықта сақтаған.

Қымыздың құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Бие сүті ананың сүтімен ұқсас екен. Бие сүтінде кездесетін ақуыздар, майлар, көмірсутегілері басқа сүтке қарағанда ерекше болып келеді. Қымыз құрамында 28 түрлі микроэлементтер, көптеген дәрумендер бар. Бір биеден күніне орта есеппен 10-12 литр сүт алуға болады. Кей биелер 15-17 литрге дейін сүт береді екен.



ЖАҢА СӨЗДЕР

ақуыз
 араластыру
 аран
 ас мәзірі
 асу
 ащы
 борщ
 ботқа
 буға піскен
 бұқтыру
 ғажайып
 дастарқан
 дәмін көру
 дәрумен
 екінші тағам
 ет асу
 жағу
 жаю
 жеп көру
 илеу
 кастрөл
 кепсер
 кесу
 көже
 көмірсутегілер
 қазан
 қақпақ
 қамыр
 қосу
 қуырдақ
 қуыру
 қуырылған тағам
 майлық
 мәңті
 микроэлементтер
 нан қуырдақ

ожау
 оқтау
 орта есеп
 пышақ
 піскен
 пісіру
 саба
 салат
 салу
 созу
 суық тағам
 сірне
 таба
 тактай
 тамақ
 таяқша етіп/таяқшалап турау
 тоқ
 тоқбасар
 торсық
 төртбұрыштап турау
 турау
 тұздау
 тұшпара
 түю
 уылдырық
 ұсақтап турау
 үлкен қасық
 үлкендеу турау
 шанышқы
 шәйнек
 шелек
 шикі
 шөміш
 ірілеп турау



17-САБАҚ
Менің мақсатым
МЕРЕКЕЛЕР. НАУРЫЗ



Тыңдау және айту

**Менің қосым өткен айға Астанаға барыпты,
келесі демалыста мен де бармақпын.**



ГРАММАТИКА

V + -ып/-іп/-п + pers.end.

Мен бар + ып + пын

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен барыппын	Біз барыппыз
Сен барыпсың	Сендер барыпсыңдар
Сіз барыпсыз	Сіздер барыпсыздар
Ол барыпты	Олар барыпты

Мен бармаппын	Біз бармаппыз
Сен бармапсың	Сендер бармапсыңдар
Сіз бармапсыз	Сіздер бармапсыздар
Ол бармапты	Олар бармапты

2. Жазыңыз.

сыйлау – O₃ O₄
таңдау – O₄
тәрбиелеу – O₄
ашу – O₄
жабу – O₄
жасау – O₄
жинау – O₄

жуу – O₄
іздеу – O₄
шақыру – O₄
ұмытып қалу – O₄
өсу – N
бұзылу – N
шаршау – N

3. Жазыңыз.

1) Мен бұл кітапты **бұрын сатып ал.....**, мен оны (ол туралы) **ұмыт.....** .
 Мен **кішкентай кезімде** бананды **жақсы көрме.....**, оны маған **шешем айтты**.
 Мен **түсімде** әдемі көйлек **сатып ал.....** **Түсімде** биік тауға **шығ.....**

Сен өткен аптада театрға **бар.....** **ғой**, мен **Болаттан естідім**, маған неге айтпадың?
 Сіз маған **бір апта бұрын хат жаз.....**, мен ол хатты **тек бүгін ғана көрдім**.

2) – Сәлем, Самал!

– Сәлем, Әлия!

– Самал, қандай жаңалық бар?

– Мен өткен аптада Түркістанға барып келдім.

– Тамаша, Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін көрдің бе?

– Иә, әрине, көрдім, маған ұнады.

Мәлімет:

Мен кеше Самалды көрдім. Ол өткен аптада Түркістанға **барып кел....** . Ол Түркістанға барғанда Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін **көр....** , кесене оған **ұна....** .

4. Диалогтарға мәлімет жазыңыз.

А) – Мен 8-Наурызда анама раушан гүлін сыйладым. Ал сен не сыйладың?

– Мен әдемі орамал сыйладым.

Ә) – Мені бала кезімде атам мен әжем тәрбиеледі. Ал сені ше?

– Мені әке-шешем өздері тәрбиеледі.

Б) – Ершуақ, сен кеше қайда бардың?

– Кітапханаға барып, Қазақстандағы демалатын жерлер туралы мәліметтер іздедім.

– Ол не үшін керек?

– Қазақ тілі сабағына керек.

– Мәліметтер таптың ба?

– Өкінішке орай, көп мәлімет таба алмадым.

В) – Маржан, есікті жаптың ба?

– Иә, жаптым.

Г) – Арай, қайда бара жатырсың?

– Дүкенге бара жатырмын.

– Не үшін?

– Сағатым бұзылды, жаңа сағат сатып алғым келеді.

5. Бір-біріңізден кеше не істегендеріңізді сұрап, мәліметті үшінші адамға жеткізіңіз.**ГРАММАТИКА**

-мақ/-мек
 V + -бақ/-бек + pers.end.
 -пақ/-пек

Мен бар + мақ + пын

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Мен бармақпын бармақшымын	Біз бармақпыз бармақшымыз
Сен бармақсың бармақшысың	Сендер бармақсыңдар бармақшысыңдар
Сіз бармақсыз бармақшысыз	Сіздер бармақсыздар бармақшысыздар
Ол бармақ бармақшы	Олар бармақ бармақшы

Мен бармаймын	Біз бармаймыз
Сен бармайсың	Сендер бармайсыңдар
Сіз бармайсыз	Сіздер бармайсыздар
Ол бармайды	Олар бармайды

2. Жазыңыз.

құттықтау – $O_4 O_7$	жуу – O_4
тойлау – O_4	іздеу – O_4
тілек тілеу – O_3	шақыру – O_4
арнау – $O_3 O_4$	оқу – O_4
таңдау – O_4	зерттеу – O_4
таңдап алу – O_4	сурет салу – N
жасау – O_4	суретке түсіру – O_4
жинау – O_4	суретке түсу – N

3. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен жазда Астанаға бар... Менің әке-шешем Алматыға кел.... Сендер Медеуге қашан бар..... ? Студенттер Бурабайға саяхат жаса.... Егер ауа райы жақсы болса, онда біз ертең тауға шық.... Мен кеше досымды көрдім, ол өткен жексенбі күні Көктөбеге барыпты, келесі жексенбіде Шымбұлаққа бар..... Мен жазатын мақала қазақтың салт-дәстүрі туралы, сондықтан түстен кейін кітапханаға барып, мәліметтер ізде..... Наурыз мерекесінде ҚазҰУ-да оқитын студенттер ән айтып, би биле....

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

– Сіз жазда не істемекшісіз?	– Сендер бүгін түстен кейін не істемекшісіңдер?
– Мен жазда ...	– Біз бүгін
– Неге?	– Не себепті?
– ...	– ...
– Сіздің досыңыз ертең не істемекші?	– Сіз қазақ тілін үйренгеннен кейін не істемексіз?
– Менің досым ертең ...	– ...
– Неліктен?	– Неге?
– ...	– ...

5. Сұрақ қойыңыз.

- ...?
- Мен келесі жексенбіде театрға бармақпын.

- ...?
 – Достарыммен бірге.
- ...?
 – Біз келесі жылы елімізге қайтпақпыз.
- ...?
 – Ұшақпен қайтамыз.
-?
 – Мен болашақта қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде сөйлемекпін.
- ...?
 – Мен дүкенге бара жатырмын.
- ...?
 – Мен сүт және жұмыртқа сатып алмақпын.
- ...?
 – Біз өткен демалыста көлге барып демалдық.
- ...?
 – Келесі демалыста туған күн тойламақпыз.

Наурыз мерекесі

1. Жаңа сөздер.

Кеңес	өкпе-реніш
Одақ	ұлттық ойындар
Кеңес одағы	алтыбақан
бақыт	күрес
ырыс	бәйге
денсаулық	

adj – noun

жаман – жамандық
 жомарт – жомарттық
 ізгі – ізгілік
 бір – бірлік

<u>adj</u>	+	-лық/-лік	=	<u>noun</u>
		-дық/-дік		
		-тық/-тік		

қышқыл - қышқылдау
Дәмі қышқылдау екен.
 тәтті – тәттілеу/тәттірек
 ащы – ащылау/ащырақ
 тұзды – тұздылау/тұздырақ
 міндетті түрде
 Теңелу –
Наурыз күні күн мен түн теңеледі
 қосу –
Наурыз көжеге құрт немесе айран қосады
 ішіп көру –

V + -ып/-іп/-п көру

жеп көру, ұстап көру, тыңдап көру, киіп көру, ...



ГРАММАТИКА

V + -ыл/-іл/-л + tens + pers.end
(-ын/-ін/-н)

ойын ойналады	кір жуылды
кітап жазылды	мереке тойланды
билет берілді	бөлме тазаланды

Наурыз мерекесі Кеңес одағы
кезінде **тойланбады**.

Бұл күні ұлттық ойындар **ойналады**.

2. Диалогты оқыңыз. Диалог не туралы екен?

- Сәлеметсіз бе, Алмас ағай?
- Сәлеметсіз бе, Дэвид мырза? Хал-жағдайыңыз қалай?
- Рақмет, менің халім жақсы! Аман-есен жүріп жатырмын.
- Жақсы... Оқуыңыз қалай? Қазақ тілін жақсы үйреніп жүрсіз бе?
- Иә, ақырындап оқып жүрмін. Қазақ тілі сабағында қазақ халқы туралы, Қазақстан туралы оқып біліп жатырмыз.
- Жақында ҚазҰУ-да Наурыз мерекесі болады, естідіңіз бе?
- Иә, естідім. Бізге мұғалім айтты. Наурыз мерекесі келесі жексенбі күні студенттер сарайының алдында болады екен. Біз топпен бірге барып көрмекпіз.
- Қазақстанда Наурыз мерекесі бұрын да үлкен мереке болған. Бұл – жаңа жыл мерекесі. Бірақ **Кеңес одағы** кезінде 60 жыл Наурыз мерекесі **тойланбады**. 1988 жылдан бастап қайта тойлай бастадық. Біз оған қуаныштымыз.
- Наурыз деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
- Наурыз парсы тілінен аударғанда «*нау*» – жаңа, «*руз*» – күн, яғни *жаңа күн* деген мағынаны білдіреді. Себебі 21 наурыз **күні күн мен түн теңеледі**. Ал 22 наурыз күні жаңа күн, жаңа жыл басталады.
- Иә, Алмас ағай, қызық екен. Мен бұл туралы білмеппін. ҚазҰУ-да Наурыз мерекесі жыл сайын болады екен. Өткен жылы да Наурыз мерекесі көңілді болыпты ғой! Маған осы ҚазҰУ-да оқитын достарым айтты. Онда үлкен концерт болыпты. Менің достарым ән тындап, наурыз көже ішіп жақсы демалыпты.
- Сен наурыз көже **ішіп көрдің бе?**
- Иә, ішіп көрдім. **Дәмі қышқылдау екен.**
- Әрине, **оған құрт немесе айран қосады ғой**. Сондықтан қышқылдау болады. Наурызда, **міндетті түрде**, наурыз көже ішу керек. Ол барлық адамдарды **бірлікке, жомарттыққа, ізгілікке** шақырады. Және Наурыз күні Қыдыр ата келеді. Ол әр отбасына **бақыт, ырыс, денсаулық** алып келеді. **Сонымен қатар** Наурыз мерекесінде **алтыбақан, күрес, бәйге** және тағы басқа **ұлттық ойындар ойналады**.
- Қыдыр ата – америкадағы Санта Клаус сияқты екен ғой?
- Иә, дәл солай. Бұл күні адамдар барлық **жамандықты, өкпе-ренішті** ұмыту керек. Қонаққа барып, тек жақсы тілектер тілеп, бір-бірін Наурыз мерекесімен құттықтайды.
- Тамаша! Ендеше, мен сізді Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Сізге зор денсаулық, бақыт, қуаныш, жұмысыңызға табыс тілеймін!
- Көп рақмет, Дэвид мырза! **Наурыз құтты болсын!** Аман сау болыңыз.
- Сау болыңыз, ағай!

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ◇ Кіммен кім кездесті?
- ◇ Олар не туралы сөйлесті?

- ◇ Қашан және қайда Наурыз мерекесі болады екен?
- ◇ Дэвид не істемек?
- ◇ Наурыз мерекесі қандай мереке?
- ◇ Кеңес одағы кезінде Наурыз мерекесі тойланды ма?
- ◇ Наурыз деген сөз қандай мағынаны білдіреді екен?
- ◇ Өткен жылы Наурыз мерекесінде Дэвидтің достары не істепті?
- ◇ Наурыз көжені не үшін ішу керек?
- ◇ Наурызда не болады?
- ◇ Адамдар Наурыз мерекесін қалай тойлайды екен?
- ◇ Дэвид Алмас ағайға қандай тілек тіледі?

4. Жазыңыз.

Үлгі: - Арман, Наурыз мерекесі Еуропада тойланбайды. Сіз келісесіз бе?
- Иә, дұрыс айтасың, Болат. Наурыз мерекесі ол жақта тойланбайды.

❖

❖

❖

❖

❖

❖

5. Диалогтан Наурыз мерекесі туралы мәтін құрастырып көріңіз.

1. Мәтінді оқыңыз.

Наурыз мерекесі

Қазақ халқы Наурыз мерекесін үлкен қуанышпен қарсы алады. Бұл – жаңа жыл мерекесі. Наурыз парсы тілінен аударғанда «*нау*» – жаңа, «*руз*» – күн, яғни *жаңа күн* деген мағынаны білдіреді. Себебі 21 наурыз күні күн мен түн теңеледі. Ал 22 наурыз күні жаңа күн, жаңа жыл басталады.

Қазақстанда Наурыз мерекесі бұрын да үлкен мереке болған. Бірақ Кеңес одағы кезінде 60 жыл Наурыз мерекесі тойланбады. 1988 жылдан бастап қайта тойлана бастады.

Наурыз мерекесінде наурыз көже дайындалады. Оның құрамында жеті түрлі дәм болу керек. Олар: бидай, арпа, күріш, тары, ет, су, қатық немесе айран. Наурызда, міндетті түрде, наурыз көже ішу керек. Ол барлық адамдарды бірлікке, жомарттыққа, ізгілікке шақырады.

Наурыз күні Қыдыр ата келеді. Ол әр отбасына бақыт, ырыс, денсаулық алып келеді. Сонымен қатар Наурыз мерекесінде алтыбақан, күрес, бәйге және тағы басқа ұлттық ойындар ойналады.

Бұл күні адамдар барлық жамандықты, өкпе-ренішті ұмыту керек. Олар әдемі киініп көшеге шығады. Үлкендер бір-бірінің үйіне қонаққа барады. Жастар жиналып бастаңғы жасайды. Бір-біріне тек жақсы тілектер айтып, Наурыз мерекесімен құттықтайды.

2. Мәтін бойынша өздеріңіз сұрақтар жазып, бір-біріңізден сұраңыздар.

-
-
-
-
-

3. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1)

Керекті сөздер: *ойналу, тойлану, теңелу, басталу, дайындалу, тойлана бастау;*

Наурыз күні күн мен түн

Ал 22 наурыз күні жаңа күн, жаңа жыл

Кеңес одағы кезінде 60 жыл Наурыз мерекесі

1988 жылдан бастап қайта

Наурыз мерекесінде наурыз көже

Наурыз мерекесінде алтыбақан, күрес, бәйге және тағы басқа ұлттық ойындар

2)

Керекті сөздер: *адамдар, жамандық, Наурыз мерекесі, өкпе-реніш, наурыз көже;*

Қазақ халқы үлкен қуанышпен қарсы алады.

Наурызда, міндетті түрде, ішу керек.

Ол барлық бірлікке, жомарттыққа, ізгілікке шақырады.

Бұл күні адамдар барлық ұмыту керек.

4. Мәтіннен қандай деген сұраққа жауап беретін сөздерді табыңыздар.

5. Мәтіннен қашан деген сұраққа жауап беретін сөздерді табыңыздар.

6. Мәтіннен қалай деген сұраққа жауап беретін сөздерді табыңыздар.

7. Қазақстандағы мерекелер

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні
 22 Наурыз – Наурыз мерекесі
 1-2 мамыр – Халықаралық ынтымақ күні
 9 мамыр – Ұлы жеңіс күні
 1 маусым – Балаларды қорғау күні
 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні
 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні
 16 желтоқсан – ҚР тәуелсіздік күні
 1 қаңтар – Жаңа жыл мерекесі

8. Тілектерді оқыңыз.

Қымбатты досым,
 Маржан! Сені 8 Наурыз
 мерекесімен шын жүректен
 құттықтаймын!
 Сазан өмірдегі барлық
 жақсылықты тілеймін!
 Денсаулығың мықты болсын,
 ешқашан ауырма!
 Оқуыңа мол табыс,
 отбасыңа қуаныш пен
 бақыт тілеймін!
 Құттықтаушы досың
 Ержан.

Мен сізді Жаңа Жыл
 мерекесімен құттықтаймын!
 Өізге бақыт, табыс, денсаулық
 тілеймін!

Наурыз құтты болсын!
 Ұлыс оң болсын!
 Ақ мол болсын!

Айың тусын оңыңнан!
 Жұлдызың тусын
 солыңнан!

9. Диалогтарды оқыңыз.

1. – Сәлем, Қайсар!
- Сәлем, Нұрлан!
- Халің қалай? Қандай жаңалық бар?
- Халім жақсы. Жаңалық жоқ, бәрі бұрынғыдай. Өзіңнің халің қалай?
- Тамаша, рақмет! **А, айтпақшы**, жақында мереке емес пе?!
- Иә, әрине, жақында 8-Наурыз – қыздардың мерекесі. Қыздарды құттықтау керек.
- Иә, тобымыздағы қыздарды мерекемен құттықтайық. **Бұған қалай қарайсың?**
- Мен келісемін. Бірге құттықтайық. Қалай құттықтаймыз? Не сыйлаймыз?
- Меніңше, қыздарға бір гүл, бір шокаладтан алып, театрға немесе киноға шақырғанымыз дұрыс.
- О-о-о өте жақсы ұсыныс! Солай істейік. Алдын-ала дайындала бастайық.

– Ендеше, ертең түстен кейін университеттің алдында кездесіп, театрға немесе киноға билетті алдын-ала алып қояйық.

– Иә, келістік, сағат нешеде кездесеміз?

– Сағат екі-үштерде.

– Жаксы, кездескенше!

– Кездескенше!

2. – Сәлем, қыздар!

– Сәлем, жігіттер!

Нұрлан: – Қыздар, жақында сендердің мерекелерің ғой. Біз Қайсар екеуіміз сендерді мерекелеріңмен құттықтап, театрға шақырамыз.

Қайсар: – Иә, қыздар, біз алдын-ала билет алып қойдық. Келесі сенбі күні сағат алты жарымда, Қазақ драма театрына барамыз. **Бас тартпандар**, театрға бірге барайық.

Қыздар: – О-о-о, бұл біз үшін тосынсый болды ғой!

Нұрлан: – Ендеше, келістік қой!

Қыздар: – Біз қуанып отырмыз. Сендерге көп рақмет!

Қайсар: – **Рақметті сосын айтасындар!** Алдымен театрға барайық.

Қыздар: – Жаксы, келістік.

3. **Нұрлан:** – Қыздар, сендерді бүгінгі 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз. Сендерге қуаныш пен мықты денсаулық тілейміз!

Қайсар: – Иә, біз сендерге өмірдегі барлық жақсылықты тілейміз! **Әрқашан осылай әдемі, ақылды болып жүре беріндер!**

Қыздар: – Рақмет, жігіттер! **Көңілдерің, ниеттерің үшін көп рақмет!**

Нұрлан: – Ал мына гүл мен шоколад сендерге, қабыл алындар. Аз болса да, көптей көріңдер! **Шын жүректен құттықтаймыз.**

Қайсар: – Иә, бұл сендерге, қанеки, алындар!

4. – Сәлем, Бекзада!

– Сәлем, Әсия!

– Бекзада, сені бүгінгі туған күніңмен құттықтаймын!

– О-о-о, рақмет, ұмытпапсың ғой!

– Иә, әрине, қалай ұмытамын. Сенің туған күңіңе арнап тәтті торт әкелдім. Ал мына **мойын орамал саған деген сыйлығым. Ала ғой!**

– Тамаша, қандай әдемі мойын орамал! Түсі де маған жарасады екен! Көп рақмет, құрбым!

– Оқасы жоқ. Және саған **ең басты нәрсе – денсаулық тілеймін! Ешқашан ауырма. Өмірдегі арманыңа жет!**

– **Айтқаның келсін! Рақмет!**

5. – Алло, сәлеметсіз бе, апа?

– **Айналайын, балапаным**, Құралай, бұл сен бе?

– Иә, апа бұл мен, Құралаймын. Халіңіз қалай? Денсаулығыңыз жаксы ма? Ауырып жүрген жоқсыз ба?

– Жоқ, жоқ, ауырып жүрген жоқпын, **балапаным**. Менде бәрі жаксы, денсаулығым да жаксы! Өзің қалайсың? Қарның ашып жүрген жоқ па? **Уақытында тамақ ішіп жүрсің бе?**

– Жоқ, апа, қарным ашып жүрген жоқ. Менде де бәрі жаксы. Апа сізді қатты сағындым. Және алда келе жатқан мерейтойыңызбен құттықтаймын. Балаларыңыздың, **немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Ұзақ өмір сүріңіз!**

– **Рақмет, балапаным. Айтқаның қабыл болсын!**

6. – Қуат, сен жаңа пәтер алыпсың ғой!

– Иә, сен оны кімнен естідің? **Пәтер алғанымда бір апта да болған жоқ қой?**

- Маған кеше Әділбек айтты. Біз **кездейсоқ** көшеде аялдамада кездестік.
- Е-е-е, Әділбек екеуміз бірге істейміз ғой! **Содан естіген екенсің ғой?**
- Иә, сонымен, **пәтерің құтты болсын! Ішінде тек жақсылықтар болсын! Ырыс пен береке мол болсын!**
- Айтқаның келсін! Рақмет!

7. А) – Тимур, Бибігүл сендерді үйлену тойларыңмен құттықтаймын! Екеуің бақытты болыңдар! **Өмірдің қуанышы мен қайғысын тең көтеріңдер!**

Ә) – Тимур, Бибігүл үйлену тойларың құтты болсын! **Махаббаттарың үзілмесін! Екеуің тату-тәтті өмір сүріңдер!**

Б) – Тимур, Бибігүл, үйлену тойларың құтты болсын! **Шаңырақтарың биік, керегелерің кең болсын!**

8. **Өзіңіз ата-анаңызға/достарыңызға тілек жазыңыз.**

9. **Өз еліңіздегі бір мереке туралы әңгіме жазыңыз.**

СӨЙЛЕСЕЙІК!

1. Тапсырма.

- ✓ Наурыз туралы не білдіңіз, досыңызға әңгімелеңіз.
- ✓ Болашақ жоспарыңыз туралы айтыңыз.
- ✓ Жақында әке-шешеңіз шетелден саяхаттан келді. Достарыңызға сол туралы айтып беріңіз.

2. Тапсырма.

- ✓ Сізді досыңыз туған күнге шақырды. Тілек айтыңыз.
- ✓ Тобыңызда бір қыз бен жігіт үйленіп жатыр. Қандай тілек айтасыз?
- ✓ Жақсы көретін бір туысыңыздың мерейтойы болып жатыр. Қандай тілек тілейсіз?

Оқыңыз, қызық!

Қазақ елі қандай ел?

Бата – тілек

Дастарқанға бата

Дастарқаныңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін,
Астарыңа адалдық берсін,
Дендеріңе саулық берсін!

Бірлік берсін басыңа,
Береке берсін асыңа.

Жастарға бата

Бір үйдің баласы болма,
Бүкіл елдің санасы бол!
Бір елдің баласы болма,
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала!

Өзіңе-өзің сенімді бол,
Халқыңа әділ бол!
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол!

ЖАҢА СӨЗДЕР

адалдық
алтыбақан
әділ
бәйге
береке
бірлік
жаға
жамандық
жомарттық
кеңес одағы
кереге
көңіл
күресу
қайғы
қаралау
қатал
қуаныш

қышқылдау
мерейтой
мойын орамал
мол
ниет
өкпе-реніш
сана
сенімді
теңелу
тойлану
тон
тосынсый
үзілу
шаңырақ
ырыс
ізгілік

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Нұршайықова, Г. Мұсаева Қазақ тілі. Алғаш бастаушыларға арналған оқу құралы. Мәдениет және ақпарат министрлігі. Тіл комитеті. – 2-басылым. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2009. – 144 б.
2. Р.Дүйсенбаева, Г.Мұсаева Кел, қазақша сөйлеуге жаттығайық! – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 114 б.
3. Л.Екшембеева, Г.Мұсаева, Ж.Ахмедова, Ә.Құрышжанова «Алғашқы қадам»: «– Алматы: Балауса, 1998. – 208 б.
4. Мұсаева Г., Ағманова Ә., Ә.Құрышжанова Грамматикалық анықтама. Тілді білсең, елді білесің: Қазақша сөйлегіңіз келе ме? оқу кешені. 3-кітап. – Алматы: Балауса, 1998. –108-135 бб.
5. Ж.Нұршайықова, У.Валеева, Г.Мұсаева, Р.Дүйсенбаева Қазақ тілі шет тілі ретінде. Оқу бағдарламасы. Базалық деңгей // Казахский и русский языки в программах; сост. и ред. Ж.Нуршаихова. – Алматы: ТОО «ПРИНТ», 2005. – С.3-54.
6. Ж.К. Түймебаева, Қ. Қадашева, У.О. Асанова, Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова Қазақ тілі. Деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің негізгі оқулығы.- Алматы, 2013. – 180 б.
7. М. Балақаева. Т. Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы, 1971. -338 б.
8. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, 2010. -720 б.
9. С.М. Исаев. Қазақ тілі. – Алматы, 2013. -208 б.
10. Г. Мұсаева. Қазақ тіліндегі жай сөйлемдерді меңгеру динамикасы. Монография. «Қазақ университеті», Алматы, 2013. -172 б.
11. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы / Бас редакторы Ә. Нысанбаева – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998 ж.
12. Асыл арна. Қазақ балалар әдебиеті кітапханасынан / Құрастырған Б.Ысқақов. – Алматы, «Жалын», 1987. – 432 б.
13. Настольная книга преподавателя иностранного языка. 7-е издание. Минск, 2001. –С. 521.

Оқулықта пайдаланылған суреттердің дереккөздері:

1. Clip World collection. Әртүрлі тақырыптарға арналған суреттер жинағы. CD-диск, 2001 ж.
2. Григорьева М.Р., Калинина Т.В. Интеллектуально-развивающие занятия со старшими дошкольниками. – Волгоград: 2009. – С.136
3. Гомзьяк О.С. Говорим правильно в 5-6 лет. –М: Гном, 2013, С.64.
4. Ғаламторлық ресурс. <https://www.google.kz/search?q...>
5. Ғаламторлық ресурс: <http://kk.wikipedia.org/wiki...>
6. Әзілхан ағаның отбасы. Суреттерді түсірген Ж. Нұршайықова.
7. Менің Қазақстандағы өмірім. Суретті түсірген Г. Мұсаева.

СӨЗДІК

А

Австралия
автобус
агроном
аға
ағза
ағылшын
ағылшын тілі
ағылшынша
адал
адалдық
адам
адамзат
адамның денесі
адамның өңі
аз
азық-түлік
ай
айдаһар
айна
айналасы
айналысу
айран
айту
ақ
ақкөңіл
аққұба
ақпан
Ақсай
Ақтау
Ақтөбе
ақуыз
ақша
ақша айырбастау
ақша алу
ақша аудару
ақша жіберу
ақша салу
ақылды
ақылсыз
ақымақ

ақырындау
алақан
алаң
аласа
алды
алдыңғы күні
алқа
алма
алмұрт
алпыс
алпыс жеті
алпыс үш
алтыбақан
Алтын адам
алу
алуан
Америка
американдық
ана
аналар
анау
анаумен
анықтау
апа
аппақ
апта
араластыру
аралау
аран
Аргентина
арзан
арқа
арқар
арман
армандау
арты
археолог
арық
арықтау
ас мәзірі
асқазан
аспаз
аспап
Астана
астроном
асты
асу
асхана

асығу
асық
ат
ата
атақты
атап айтқанда
атау
Атырау
ауа
ауа райы
аудан
аудармашы
аудару
ауру
ауыз
ауыл
ауыру
ауыстыру
ашушаң
ащы
аю
аяқ
аяқкиім
аяқталу
аялдама

Ә

әдебиет
әдемі
әдет-ғұрып
әділ
әділетсіз
әділетті
әже
әйел
әке
әлем
әлі
әмбебап
әнші
әпке
әр
әрқайсысы
әскер
әуежай
әшекей

Б

баға
бағалы
бағам
бағана
бағдарлама
бағдарламашы
байсалды
бала
балалық шақ
балғын
балет
балық
балық аулау
банк
бар
барлығы
барыс
бас
баскетбол
басқа
басқаша
басталу
бастық
басылым
батыл
батыс
бауыр
башпай
бәйге
безендірілу
бейбіт
бейне
бейнелеу
бел
белдемше
белдік
береке
беру
берілу
бес
бет
би билеу
бизнес
билет
биология
биші

биік
биіктік
бой
бойы ұзын
болу
бор
борщ
бос
ботқа
бөлме
бөлу
буға піскен
буылған
бұған
бұзық
бұйра
бұйралау
бұйрық
бұқтыру
бұл
бұлан
бұрылу
бұрынғы
бүйрек
бүрсігүні
біз
білу
білімді
білімсіз
бір
бірлік
бірінші тағам
Бішкек

В

Вашингтон
волейбол

Г

газет
геометрия
география
гитара / тарту
Гонконг
гүл

Ғ

ғажайып
 ғажап
 ғалым
 ғарышкер
 ғимарат
 ғылыми
 ғасыр

Д

дайындау
 дайындық
 дала
 даңғыл
 дарынды
 дарынсыз
 дастарқан
 даяшы
 дәмдеуіш
 дәмді
 дәмсіз
 дәмін көру
 дәптер
 дәрумен
 дәрігер
 дәрісхана
 дәуір
 дейін
 демалу
 дене
 дене шынықтыру
 денсаулық
 диаметр
 диван
 доллар
 домбыра / тарту
 доңыз
 доп
 дөрекі
 дүйсенбі

Е

Еуропа
 еден
 ежелгі
 ез

екі
екіжүзді
екінші тағам
ел
елді мекен
елу тоғыз
емделу
емдету
емдеу
емдік
ен
еңбекқор
ерке
ерсі
ертең
ерін
есептеу
есепшот
есепші
ескерткіш
ескі
есте сақтау
естелік
есік
ет
ет асу
етік
еуропалық
ешкі

Ж

жаға
жағу
жаз
жазу
жазушы
жазылу
жайдары
жақ
жақсы
жақсы көру
жалғастыру
жалқау
жалпыұлттық
жаман
жамандық
жануар

жаны
жаңа
жаңа ғана
жаңбыр
жапон
жапон тілі
Жапония
жапонша
жапырақ
жарасу
Жаркент
жарым
жас
жасау
жасыл
жаттау
жату
жауап беру
жаю
Жезқазған
жейде
жеке есепшот
жеке куәлік
жексенбі
жел
жел соғу
желтоқсан
жемпір
жеміс
жеп көру
жер
жер шары
жетпіс сегіз
жеті
жинау
жоқ
жомарт
жомарттық
жөтелу
журнал
жуық
жуыну
жұма
жұмыртқа
жұмыс
жұмыс істе
жұмысшы
жүз

жүзу
жүзім
жүргізуші
жүрек
жыл мезгілі
жылан
жылқы еті
жылы
жібек жолы
жігіт

З

заман
заң
заңгер
зат
зауыт
зейнеткер

И

иә
илеу
инженер
испан
Испания
Италия
итальяндық
иық

К

Канада
карта
картоп
касса
кастрөл
кафе
кәмпит
кәрі
кәріс / корей
кейін
келісу
Кентукки
кең
Кеңес Одағы

кеңсе
кепсер
кереге
керек
керемет
кесе
кесене
кесу
кету
кеуде
кеш
кеше
кешен
кешке
кешкі тамақ
кешігу
киелі
километр
Киото
киім
киім тігу
киім-кешек
киіну
киіп көру
клуб
кондитерлік өнім
коньки тебу
корей тілі
корейше
кофе
кофта
көгілдір
көже
көз
көзілдірікті
көйлек
көк
көк базар
көкек
көкөніс
көктем
Көкшетау
көк шөп
көмірсутегілер
көңіл
көңілді
көп
көрсету

көру
көрікті
кресло
куртка
күз
күйеу
күмбез
күнделік
күнделікті
күндіз
күнтізбе
күресу
кілем
кім
кір
кірпік
кітап
кітапхана
кішкентай
кіші

Қ

қабат
қабырға
қағаз
қаз
қазақ
қазақ тілі
Қазақстан
қазақша
қазан
қазы
қазір
қазіргі
қай жерден
қайғы
қайда
қайдан
қаймақ
қайсар
қайталау
қайырымды
қақпақ
қала
қалам
қалпақ
қалу

қалыңдық
қамыр
қан
қандай
қанша
қаңтар
қап-қара
қар
қара
қара торы
Қарағанды
қаралу
қарапайым
қарату
қарау
қараша
қарбыз
қаржы
қарт
қарта
қарындаш
қас
қасиет
қасқа бас
қасы
қасық
қатал
қатты
қатынау
қауыз
қауын
қауіпсіз
қауіпті
қисық
қияр
қой
қой еті
қол
қол қою
қолғап
қолдану
қолжазба
қолшатыр
қонақ
қонақжай
қонакүй
қоңыр
кор

қорап
қосалқы
Қостанай
қосу
қоян
қу
қуаныш
қуырдақ
қуыру
қуыршақ
құжат
құжат көрсету
құйылу
құмыра
құрау
құрт
құрылыс
құрылысшы
құс еті
құттықтау
қыдыру
қыз
қызмет көрсету
қызу
қызыл
қызыл-қоңыр
қызылша
қымбат
қымыз
қыр мұрынды
қыркүйек
қырғыз
Қырғызстан
қырсық
қырық
қырық екі
қыс
қысқа
Қытай
қытай тілі
қытайша
қышқылдау

Л

лас
лимон

литр
Лондон

М

Мадрид
май
майлық
мамандандырылған
мамандық
мамыр
маңдай
маңызды
марка
математика
маусым
машина
мәдени
мәдениет
мәлімет
мәңгі
Мәскеу
мәтін
медицина
мейрамхана
мейірімді
мекенжай
мектеп
мен
мерейтой
металл
метро
механик
мешін
микроэлементтер
минерал
мойын
мойын орамал
мол
музыка
музыкалық аспап
музыкант
мұғалім
мұз
мұз айдыны
мұражай
мұртты
мүмкіндік

мүсінші
мүшел
мынау
міне
мінезді
мінезсіз
мінеки

Н

нан
нан қуырдақ
Нара
наурыз
нашар
нәзік
не үшін
не істеу
неге
негізгі
неше
Нидерланды
Нидерландық
ниет
нота
нөл
нөмір
нышан

О

оба
облыс
оған
ода
ожау
ойлау
ойнау
ойын
ойын-сауық
ойыншық
оқасы жоқ
оқтау
оқу
оқулық
оқырман
оқытушы

ол
 он
 онша
 оң
 оң жақ
 оңтүстік
 Оңтүстік Корея
 опера
 оператор
 орамжапырақ
 орман
 орналасу
 орнату
 орнатылу
 орта бойлы
 орта есеп
 орта жас
 орталық
 Орталық Азия
 орын
 орындық
 орыс
 орыс тілі
 орысша
 осы
 осымен
 отбасы

Ө

өз
 өзбек
 Өзбекстан
 өзен
 өкпе
 өкпе-реніш
 өкше
 өкіну
 өлшем
 өнер
 өнерлі
 өнім
 өркениет
 өрт сөндіруші
 өру
 өрілу
 өсімдік
 өшіргіш

П

пайдалы
пәлте
Пекин
Перу
пешене
пиджак
пошта
президент
пысық
пышақ
піскен
пісіру

Р

рақмет
режиссер
Ресей

С

саба
сабақ
сағат
сазгер
Сақ тайпасы
сақина
сақталу
сақтау
салат
салқын
салмақ
салмақты
салу
салыну
сан
сана
санау
сап-сары
сараң
сары
сарымсақ
сату
сатушы
сауда

саусақ
саябақ
сәбіз
сәйкес
сәйкес келу
сәрсенбі
сәулетші
сәуір
сегіз
сезімтал
сейсенбі
сексен
сексен алты
Семей
сен
сенбі
сенімді
Сеул
сирек
сиыр
сиыр еті
соған
созу
сол
сол жақ
солар
солқылдау
солтүстік
сонымен қатар
сөздік
сөйлесу
сөйлеу
сөмке
спорт
спорт кешені
стақан
студент
су астында жүзу
сурет
сурет салу
суретке түсу
суретке түсіру
суретші
сусын
суық
суық тағам
суық тию
сұлу

сұр
сұрақ қою
сұрау
сүйек
сүйікті іс
сүт
сыйлау
сыйымдылық
сыпайы
сырға
сіз
сіңлі
сірне

Т

таба
табан
табиғат
табу
тағам
тағы келу
таза
тазалау
тайпа
тақта
тақтай
тал
талантсыз
талантты
Талғар
Талдықорған
тамақ
тамақ ішу
тамаша
тамыз
тамыр
тану
таңғалу
таңертең
таңертеңгі тамақ
тапсырыс беру
тар
Тараз
тарак
тарихшы
тау
таутеке

тауық
Ташкент
таяқша етіп
таяқшалап турау
тәкаппар
тәрбиелеу
тәрелке
тәртіпсіз
тәртіпті
тәтті
тәуелсіздік
тәулік
театр
тексерту
тексеру
тексерілу
теледидар
темекі
темекі тарту
теңге
теңелу
терезе
тиын
тоғыз
той
тойлану
тойлау
Токио
тоқ
тоқбасар
тоқсан
тоқсан бір
тоқтау
тоқыма тоқу
толық
толықтау
тон
тоңазытқыш
топтама
торсық
торт
тосын сый
тотықұс
төлеу
төлкұжат
төрт
төртбұрыштап турау
төсек

трамвай
троллейбус
туған күн
туралы
турау
туу
туылу
тұздау
тұмау тию
тұру
тұшпара
түбіртек
түзу
түйілген
түйілу
түн
түнде
Түркия
түрлі-түсті
түс
түскі тамақ
түсте
түсу
түсіну
түшкіру
түю
тыныш
тыңдау
тышқан
тігінші
тізе
тіл
тілші
тіс

У

уақыт
уылдырық

Ұ

ұзын
ұзын бойлы
ұзындау
ұзындық
ұйықтау

ұл
 ұлт
 ұлттық
 ұлу
 Ұлыбритания/ Англия
 ұмыту
 ұнату
 ұрысқақ
 ұсақтап турау
 ұсыныс
 ұшқыш
 ұялы телефон

Ү

үзілу
 үйрену
 үлкен
 үлкен кісі
 үлкендеу турау
 Үндістан
 үндістандық
 үстел
 үсті
 үш
 үшін

Ф

физика
 филолог
 философ

Х

халықаралық
 хатшы
 химия

Ц

цирк

Ш

шай
 шалбар

шам
шамамен
шана тебу
шаншу
шанышқы
шаңғы тебу
шаңырақ
шаруа
шаршау
шаршы шақырым
шаш
шаштараз
шәйнек
шебер
шелек
шеше
шие
шикі
шкаф
шомылу
шошқа еті
шөміш
штат
шұбат
шұғылдану
шұжық
шығыс
шыдамды
шыдамсыз
шылым
шылым шегу
шырын
шілде

Ы

ыдыс
ыдыс-аяқ
ықшам аудан
ынжық
ырыс
ыстық

І

ізгілік
іздеу

ілулі тұр
іні
ірілеп турау
ірімшік
іскер
іскери тіл
іші

Ә

экономист
экспонат
электрик
электронды сөздік
элемент

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Оқулықтық әдістемелік картасы.....	5
1-сабақ.....	15
2-сабақ.....	21
3-сабақ.....	33
4-сабақ.....	44
5-сабақ.....	53
6-сабақ.....	61
7-сабақ.....	71
8-сабақ.....	90
9-сабақ.....	103
10-сабақ.....	117
11-сабақ.....	133
12-сабақ.....	147
13-сабақ.....	161
14-сабақ.....	171
15-сабақ.....	181
16-сабақ.....	194
17-сабақ.....	204
Әдебиеттер.....	215
Сөздік	216

ГҮЛБАҒИЗА МҰСАЕВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ

Базалық деңгей

1-кітап

Редакторы: *Б.Бекжанов*

Корректор: *М.Бақытқызы*

Беттеуші: *Б. Қосдәулетов*

Теруге 13. 10. 2015 берілді.
Басуға 16. 11. 2015 қол қойылды.
Пішімі 60х90 1/8. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 30,25.
Таралымы 1000 дана

ISBN 978-601-7504-17-5





Ескертпе үшін!

